



**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**

**Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес  
қаржылық есептілік  
Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы**

**2021 жылғы 31 желтоқсан**

## Мазмұны

### ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

#### ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржы жағдай туралы есеп.....	1
Пайда немесе шығындар және өзге жиынтық табыс туралы есеп.....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп.....	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп.....	4

#### Қаржылық есептілікке ескертпелер

1	Кіріспе.....	5
2	Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта.....	5
3	Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны.....	6
4	Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдар.....	20
5	Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелерге көшу.....	24
6	Жаңа есепке алу ережелері.....	25
7	Ақша қаражаты және олардың баламалары.....	28
8	Қаржы мекемелеріндегі қаражат.....	31
9	Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар.....	40
10	Негізгі құралдар.....	44
11	Өзге активтер.....	45
12	Қарыз қаражаты.....	47
13	Шығарылған борыштық бағалы қағаздар.....	47
14	Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер.....	48
15	Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв.....	48
16	Өзге міндеттемелер.....	49
17	Акционерлік капитал.....	49
18	Пайыздық кірістер мен шығыстар.....	50
19	Таза комиссиялық кірістер.....	51
20	Амортизацияланған құны бойынша бағаланған қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер.....	51
21	Қаржы құралдарын нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын таза залал.....	51
22	Жалпы және өкімшілік шығыстар.....	52
23	Пайдаға салынатын салық.....	53
24	Қаржылық қызмет нәтижесінде туындайтын міндеттемелерді салыстыру.....	55
25	Сегменттік талдау.....	55
26	Қаржы тәуекелдерін басқару.....	60
27	Шартты және шарттық міндеттемелер.....	76
28	Әділ құн туралы ақпаратты ашу.....	80
29	Бағалау санаттары бойынша қаржы құралдарын ұсыну.....	83
30	Байланысты тараптармен операциялар.....	86
31	Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар.....	88

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Акционері мен Директорлар Кеңесіне

### Пікір

Біздің пікірімізше, көрсетілген қаржылық есептілік «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қор») 2021 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері мен белгіленген күнде аяқталған бір жылдағы ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептіліктің стандартына (ХҚЕС) сәйкес барлық елеулі қатынастарында шынайы көрсетеді.

### Аудит мәні

Біз Қордың қаржылық есептілігінің аудитін орындадық. Қаржылық есептілік келесіні қамтиды:

- 2021 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы жағдайы туралы есеп;
- айтылған жылда аяқталған жылдық пайда немесе шығындар және өзге жиынтық табыс туралы есеп;
- айтылған жылда аяқталған капиталдағы өзгерістер туралы есеп;
- айтылған жылда аяқталған ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп;
- есеп саясатының негізгі ережелері мен өзге де түсініктеме ақпараттан құралған қаржылық есептілік ескертулер.

### Пікір білдірудің негізі

Біз аудитті халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сай жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз осы стандарттарға сәйкес әрі қарай осы біздің есептің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудитіне жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген.

Біз алған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және лайықты деп есептейміз.

### Тәуелсіздік

Біз халықаралық бухгалтерлер этика стандарттар кеңесінің (ХБЭСК кодексі) кәсіби бухгалтерлер этика Кодексіне сәйкес Қорға қатысты тәуелсіз болып табыламыз. Біз ХБЭСК кодексіне сәйкес және Қазақстан Республикасының этикалық міндеттеріне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

### Біздің аудит әдістемеміз

#### Қысқаша шолу

<b>Маңыздылық</b>	Қордың қаржылық есептілік деңгейіндегі тұтас алғандағы маңыздылық: 1,887,000 мың теңге, яғни 2021 жылдың 31 желтоқсандағы активтер жиынының 0,5% пайызын құрайды.
<b>Аудиттің негізгі мәселелері</b>	Халықаралық қаржы есептілігінің стандарты 9 «Қаржы инструменттері» (ХҚЕС (IFRS) 9) – сәйкес басшалық орындаған, қаржы мекемелеріндегі қаражаттар бойынша болжамалы несиелік шығындарын есептеу үшін провизияларды бағалау.

## **Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)**

### **2 - бет**

Аудитті жоспарлау кезінде біз маңыздылықты анықтап, қаржылық есептіліктің бұрмалану тәуекелдерін қарастырдық. Атап кеткенде, біз басшылық қандай салаларда өз тұрғысынан пайымдаулар жасағанын талдадық, мысалы, бухгалтерлік жорамалдар мен олардың сипаты бойынша белгісіздікке байланысты болашақ оқиғалардың маңызды бағалауларға қатысты. Біздің орындауымыздағы барлық аудит негізінде, біз сонымен қатар ішкі бақылау құралдарын басшылықтың айналып кету тәуекелдерін, және онымен шектелмей, басшылықтың салғырт әрекеттері салдарынан болатын елеулі бұрмаланулардың қаупін тудыратын ерекшеліктерді ескере отырып анықтадық.

Аудит көлемі біздің қаржылық есеп туралы тұтастай алғанда пікірімізді білдіруге жеткілікті көлемдегі жұмыстарды атқара алатын Қордың құрылымы, бухгалтерлік процесстері мен бақылау жүйесін қоса алғандағы, сондай-ақ Қор өз қызметін жүзеге асыратын саланың ерекшелігін ескере отырып анықталған.

### **Маңыздылық**

Аудит көлемін анықтауға бізге маңыздылықты пайдалануымыз әсер етті. Аудит қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне саналы сенімділік алуға арналған. Бұрмалаулар салғырт әрекеттер мен қателіктер салдарынан болуы мүмкін. Егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың қаржы есептілігінің негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етеді деп күтілсе маңызды болып табылады.

Төменде кестеде ұсынылғандай Қордың қаржы есептілігінің тұтастай деңгейіндегі маңыздылықты алғанда, біз кәсіби пайымдаулар негізінде, маңыздылық үшін белгілі бір сандық шамаларды анықтадық. Осы шамалар мен сапалық факторларды ескере отырып, біз аудит көлемін, сондай-ақ, аудиторлық әдістердің сипатын, мерзімі мен ауқымын анықтадық және бұрмалаулардың тұтастай алғанда қаржылық есептілікке (жеке немесе жиынтығында қабылданған) әсерін бағаладық.

**Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)**

3 - бет

<b>Қаржылық есептілік деңгейіндегі тұтас алғандағы маңыздылық</b>	1,887,000 мың теңге
<b>Біз оны қалай анықтадық</b>	2021 жылдың 31 желтоқсандағы активтердің соммасынан 0,5% мөлшерінде.
<b>Қолданылған маңыздық деңгейін негіздеу</b>	Қор мемлекеттік мекеме болып табылады. Қордың стратегиялық бағыттары – ісін жаңа бастаған және бизнесі бар кәсіпкерлерді қолдау және дамыту, сондай-ақ Қордың тұрақты институционалды дамуы. Рентабельділік Қордың және басшылықтың негізгі міндеті емес. Сондықтан маңыздылықты айқындаудың ең лайықты негізі болып жиынтық активтер саналады. Бастапқы көрсеткіш ретінде 0,5% таңдалды, себебі бұл көрсеткіш маңыздық деңгейіне тең.

**Аудиттің негізгі мәселелері**

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл біздің кәсіби пайымдамамызға сәйкес ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілігінің аудиті үшін ең өзекті болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептіліктің тұтастай алғандағы аудит мән мәтінінде осы есептілік туралы пікір қалыптастыру барысында талқыланды, және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

<b>Аудиттің негізгі мәселесі</b>	<b>Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты қандай аудиторлық рәсімдер орындалды</b>
<p>Халықаралық қаржы есептілігінің стандарты 9 «Қаржы инструменттері» сәйкес басшылық орындаған қаржы мекемелеріндегі қаражаттар мен қаржылық кепілдіктер бойынша болжамалы несиелік шығындарын есептеу үшін провизияларды бағалау.</p> <p>Біз өз назарымызды осы салаға аударғанымыздың бас себептерін бірі, қаржы мекемелеріндегі қаражаттардың және қаржылық кепілдіктердің көлемді болуынан, және ХҚЕС (IFRS) 9 қаржылық есептілік саласында жаңа әрі күрделі стандарт болып саналады. Сол себепті, болжамалы несиелік шығындарына провизия есептеу үшін, айтарлықтай үкім талап қойылады.</p> <p>Қор болжамалы несиелік шығындар жеке және ұжымдық негізде бағалады. Болжамалы несиелік шығындарды есептеу барысында қолданылатын кредиттік төуекелдің параметрлері (мысалы, дефолт ықтималдығы, дефолтқа байланысты шығындар) сыртқы кредиттік рейтингтерге ақпараттар арқасында негізделген.</p> <p>Негізгі талқылау бағыттары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес, қаржы мекемелеріндегі қаражаттарды және</li> </ul>	<p>Болжамалы несиелік шығындарын бағалау кезінде, келесі аудиторлық рәсімдерді орындадық:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Біз ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес Қор дайындаған болжамалы несиелік шығындарына провизия есептеу әдістемелер мен модельдерді қарастырдық. Біз өз назарымызды келесі әдістемелерге аудардық: дефолт параметрлерін анықтау, несиелік төуекелдің едәуір ұлғаюына себеп факторларды анықтау, несиелерді және қаржылық кепілдіктерді кезеңдер бойынша іріктеу және негізгі төуекел көрсеткіштерін бағалау.</li> <li>• Талдау негізінде төуекелдер профилін, кредиттік төуекелді және макроэкономикалық жағдайды ескере отырып, олардың жарамдылығын анықтау үшін болжамалы несиелік шығындар бойынша провизиялардың деңгейіне жеке бағалау жүргіздік.</li> <li>• Талдау негізінде сыртқы рейтингтері жоқ қарыз алушыларға арналған иегер компаниясының рейтингін қолданудың орындылығын бағаладық.</li> <li>• Деректердің сапасын талдау негізінде тексеру үшін бастапқы деректерді тексеру арқылы болжамалы несиелік шығындарды</li> </ul>

**Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)**

**4 - бет**

Аудиттің негізгі мәселесі	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты қандай аудиторлық рәсімдер орындалды
<p>қаржылық кепілдіктерді кезеңдер бойынша бөлу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Негізгі тәуекелдер параметрлерін бағалау үшін пайдаланылатын бухгалтерлік түсіндірулер мен модельдеу жорамалдары - дефолттың ықтималдығы, дефолт себебінен орын алған шығын және тәуекел астындағы сомалар.</li> <li>• Болжамалы несиелік шығындарды есептеу үшін пайдаланылатын деректердің толықтығы мен дәлдігі.</li> <li>• Қаржылық есептіліктегі есептеулердің ашылуының дәлдігі мен жеткіліктілігі.</li> </ul> <p>Қаржылық есептің келесі ескертпелерінде: 4, 8, 26 және 27 есеп саясаты, критикалық есеп бағалаулары мен пайымдаулар, несиелелендіру шығындарына қатысты тәуекелдерді болжалау және провизияларды құру, басқа қаржы мекемелеріндегі қаражаттар және қаржылық кепілдіктер туралы ақпарат табуға болады.</p>	<p>есептеуде пайдаланылған деректерді тексердік. Оның ішінде қаржылық есеп дайындалған күндегі қарыз мөлшері, өтеу кестелері, сыртқы несие рейтингтері, төлем тәртібі және макроэкономикалық көрсеткіштер.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар және қаржылық кепілдіктер үшін болжамалы несиелік шығындар үшін резервтің бағаланудың әдістерге және модельдерге сәйкес жасалды және ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес келеді екенін тексердік.</li> </ul>

---

### **Өзге ақпарат**

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат аудиторлық есеп шығару күнінен кейін бізге беріледі деп күтілетін жылдық есепті (бірақ қаржы есептілігін және осы қаржы есептілігі бойынша біздің аудиторлық пікірімізді қоспағанда) қамтиды.

Біздің қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратты қамтымайды, және біз осындай ақпаратқа қатысты кез-келген нысанда сенімділік білдіре алмаймыз.

Қаржы есептілігін аудитін жүргізуімізге байланысты, біздің жауапкершілігімізге жоғарыда аталған өзге ақпаратпен танысу, сонымен қатар бізге берілген өзге ақпарат, қаржылық есептіліктегі және аудит кезінде қол жеткізген деректер арасында елеулі сәйкессіздіктердің жоқ екенін қараудан тұрады.

Егерде жылдық есепті қарастырған уақытында, біз оның елеулі бұрмаланулары бар деген тұжырымға келсек, біз осы оқиғаны корпоративтік басқаруға жауапты қызметкерге хабарлаймыз.

---

### **Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты адамдардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі**

Басшылық осы қаржылық есепті ХҚЕС-на сәйкес шынайы құруға және қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен қатар, басшылық салғырт әрекеттер және қателіктер салдарынан бос қаржылық есепті дайындауға керек ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржы есебін дайындау барысында, басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті ақпаратты жария ету, қаржылық есептілік - жұмысты үздіксіз жалғастыру қабілеті негізіндегі қағидатты қолданумен дайындау, басшылық Қорды тарату, оның қызметін тоқтату, қызметті тарату немесе тоқтатудан басқа балама жоқ кездерден басқа жауапты.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Қордың қаржы есептілігін дайындау үрдісін қадағалауға жауапты болып табылады.

### **Аудитордың қаржылық есептіліктің аудитін өткізу жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік салғырт әрекеттер немесе аудиторлық есеп шығару барысында қателіктер салдарынан бой көтеретін небір елеулі жалғандықтың жоқ екендігін растайтын орынды сенімділік алу болып табылады. Орынды сенімділік, сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ХАС сай жүргізілген аудит әрқашан елеулі бұрмалануды анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмаланулар салғырт әрекеттер мен қателіктер салдарынан болуы мүмкін, егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың қаржы есептілігінің негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етеді деп орынды түрде күтілсе маңызды деп есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілген аудит аясында, біз кәсіби тұжырымдама қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- салғырт әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулардың төуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осы төуекелдерге қатысты аудиторлық рәсімдерді өзірлейміз және бағалаймыз; біздің аудиторлық пікірімізді білдіруге жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Салғырт әрекеттер салдарынан болатын елеулі бұрмаланулардың төуекелі, қателер салдарынан болатын елеулі бұрмалануларға қарағанда жоғары, себебі салғырт әрекеттер келісім, жалғандық, әдейі қалдырып кету немесе ақпараттарды жалған көрсету немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерінен тұруы мүмкін;
- қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді өзірлеу үшін, аудит тұрғысынан мәні бар, ішкі бақылау жүйесі жайлы түсінік аламыз;
- қолданыстағы есеп саясатының орындылығы мен есептік бағалаулардың негізділігін және басшылық дайындаған байланысты ақпаратты ашып көрсетулердің негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтыңпен үздіксіздік принципін қолдану заңдылығын қорытындылаймыз, ал жиналған аудиторлық дәлелдер негізінде – айтарлықтай күмәнді оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі пайда болу мүмкіндігін тұжырымдаймыз. Егер біз айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, біз қаржы есептілігінде тиісті ақпаратты ашып, біздің есепте назар аударуымыз керек, немесе осындай ақпаратты ашу жеткіліксіз болса, біздің пікіріміз өзгертіледі. Біздің нәтижелер аудиторлық есептің шығару күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Қордың үздіксіз жұмыс жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің тұтастай алғандағы ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, ақпаратты ашуы, және қаржылық есептіліктің негізіндегі операциялар мен оқиғалардың әділ ұсынылуын бағалаймыз.

Біз, корпоративтік басқару үшін жауапты адамдармен ақпарат ауыса отырып, олардың назарына жоспарланған аудит ауқымы мен мерзімдерін жеткіземіз. Сонымен қатар, аудит нәтижелері бойынша табылған өрескел қателіктер және де ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі кемшіліктер жайлы өзара ақпараттық әрекеттестік жасаймыз.

Корпоративтік басқаруға жауапты қызметкерлерге, біз төуелсіздікке қатысты этикалық талаптарды орындаған жайлы және төуелсіздігімізге дәлелді түрде әсер етеді деп есептеуге болатын барлық байланыстар мен өзге сұрақтар жайлы ақпаратты және қажетті жағдайларда – тиісті сақтық шараларын жеткіздік деген мәлімдеме жасаймыз.





## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

7 - бет

Корпоративтік басқару үшін жауапты қызметкерлердің назарына жеткізілген мәселелер негізінде, біз ағымдағы кезеңдегі қаржы есептілігіне аудит жүргізу үшін ең маңызды болып табылатын және сәйкесінше негізгі аудит мәселелері болып саналатын мәселелерді анықтаймыз. Бұл сұрақтар жайлы ақпаратты жария ету заңнамамен тыйым салынған, немесе осындай ақпараттың теріс салдары оның хабардан қоғамға пайданы жоққа әкеледі деп болжауға болатын кездерден басқа жағдайларда, бұл мәселелер біздің аудиторлық есебімізде сипатталады.

Атқарылған жұмыс нәтижесі бойынша, тәуелсіз аудитордың дайындаған аудиторлық есебінің тапсырма жетекшісі, Айгүл Ахметова болып табылады.

«PricewaterhouseCoopers» ЖШС атынан

*PricewaterhouseCoopers LLP.*

Бекітілді:



Дана Ікербекова  
Басқарушы директор  
ПрайсуотерхаусКуперс ЖШС  
(Қазақстан Республикасы Қаржы  
Министрлігінің бас Мемлекеттік  
лицензиясы, 1999 жылы 21 қазан  
№0000005)

Қол қойылды:



Светлана Белокурова  
Орындаушы аудитор  
(1998 жылғы 21 ақпандағы № 0000357  
аудиторлық біліктілік куәлігі)

28 ақпан 2022 жыл  
Алматы, Қазақстан


**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ  
Қаржы Жағдай туралы Есеп**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескерт.	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
<b>АКТИВТЕР</b>			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	7	76,882,383	87,151,266
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	8	239,303,960	229,441,142
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек		77,899	162,139
Клиенттерге кредиттер мен аванстар		252,248	556,967
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	9	47,001,624	21,829,298
Негізгі құралдар	10	2,121,829	2,361,265
Материалдық емес активтер		267,623	234,391
Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу	23	3,357,383	7,430,331
Кейінге қалдырылған салық активі	23	3,132,896	2,978,187
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер		153,173	250,217
Өзге активтер	11	4,975,966	5,700,313
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>377,526,984</b>	<b>358,095,516</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Қарыз қаражаты	12	169,302,529	175,824,905
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	13	1,244,178	209,139
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	14	7,792,965	24,201,336
Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтер	15	56,861,826	37,209,704
Өзге міндеттемелер	16	976,702	977,970
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>236,178,200</b>	<b>238,423,054</b>
<b>КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	17	102,920,273	102,920,273
Қосымша төленген капитал		10,735,627	10,735,627
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры		26,956	47,581
Өзге де резервтер		316,430	316,430
Бөлінбеген пайда		27,349,498	5,652,551
<b>КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>141,348,784</b>	<b>119,672,462</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>377,526,984</b>	<b>358,095,516</b>

2022 жылғы 28 ақпанда шығарылым үшін бекітілді және Басқарма атынан қол қойылды.

  
Гаухар Бурибаева ханым  
Басқарма Төрайымы



  
Айгүл Құсайынова ханым  
Бас бухгалтер

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Пайда немесе Шығындар және Өзге Жиынтық Табыс туралы Есеп**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескерт.	2021	2020
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық кірістер	18	25,416,244	25,811,844
Өзге де ұқсас кірістер	18	119,025	171,625
Пайыздық шығыстар	18	(7,286,057)	(10,814,186)
<b>Таза пайыздық кірістер</b>		<b>18,249,212</b>	<b>15,169,283</b>
Клиенттердің кредиттері мен аванстары және қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша кредиттік залалдарға арналған бағалау резервін қалпына келтіру/(құру)	8	1,418,073	(1,190,264)
<b>Кредиттік портфельдің құнсыздануына резерв құрылғаннан кейінгі таза пайыздық кірістер</b>		<b>19,667,285</b>	<b>13,979,019</b>
Таза комиссиялық кірістер	19	17,479,186	5,704,966
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер	20	6,544,684	2,955,450
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардан болған шығыстарды шегергендегі кірістер		75,345	149,723
Шетел валютасымен операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кірістер		(167)	1,822
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер		80,492	325,787
Қаржы құралдарын нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын таза залал	21	(10,856,707)	(82,300)
Борыштық бағалы қағаздардың құнсыздануы		(12,412)	(10,544)
Өзге активтердің құнсыздануына резервке аударымдар	11	(86,753)	(39,975)
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті қалпына келтіру/(резервке аудару)	27	3,377,843	(11,344,898)
Таза өзге операциялық кірістер/(шығыстар)		128,790	(150,210)
Қордың бағдарламаларын іске асыру бойынша шығыстар	22	(862,405)	(714,960)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	22	(4,955,574)	(4,585,800)
<b>Салық салуға дейінгі пайда</b>		<b>30,579,607</b>	<b>6,188,080</b>
Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар	23	(5,548,645)	(1,425,201)
<b>ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА</b>		<b>25,030,962</b>	<b>4,762,879</b>
<b>Өзге жиынтық кіріс:</b>			
<i>Кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>			
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар:		(20,625)	(85,142)
<b>Жыл ішіндегі өзге де жиынтық залал</b>		<b>(20,625)</b>	<b>(85,142)</b>
<b>ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ</b>		<b>25,010,337</b>	<b>4,677,737</b>

Екі кезеңдегі пайда мен жиынтық кірістің жалпы сомасы толық мөлшерде Қордың акционеріне тиесілі болады.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ  
Капиталдағы Өзгерістер туралы Есеп**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры	Өзге де резервтер	Бөлінбеген (залал)/ пайда	Жиыны
<b>2020 жылғы 1 қаңтардағы қалдық</b>	<b>72,920,273</b>	<b>10,735,627</b>	<b>132,723</b>	<b>316,430</b>	<b>2,030,915</b>	<b>86,135,968</b>
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	4,762,879	4,762,879
Өзге де жиынтық залал	-	-	(85,142)	-	-	(85,142)
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны	-	-	(85,142)	-	4,762,879	4,677,737
Капиталға жарналар	30,000,000	-	-	-	-	<b>30,000,000</b>
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	(1,141,243)	<b>(1,141,243)</b>
<b>2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық</b>	<b>102,920,273</b>	<b>10,735,627</b>	<b>47,581</b>	<b>316,430</b>	<b>5,652,551</b>	<b>119,672,462</b>
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	25,030,962	25,030,962
Өзге де жиынтық залал	-	-	(20,625)	-	-	(20,625)
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны	-	-	(20,625)	-	25,030,962	25,010,337
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	(3,334,015)	<b>(3,334,015)</b>
<b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық</b>	<b>102,920,273</b>	<b>10,735,627</b>	<b>26,956</b>	<b>316,430</b>	<b>27,349,498</b>	<b>141,348,784</b>

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ  
Ақша Қаражатының Қозғалысы туралы Есеп**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескерт.	2021 ж.	2020 ж.
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты:</b>			
Алынған пайыздар		16,888,252	18,861,348
Төленген пайыздар		(1,410,972)	(5,617,241)
Алынған комиссиялар		40,834,291	22,053,571
Төленген комиссиялар		(90,516)	(77,731)
Өзге операциялық қызметтен түскен түсімдер		126,269	53,910
Еңбекке ақы төлеу бойынша төленген шығындар		(2,433,556)	(2,470,280)
Төленген жалпы және өкімшілік шығыстар		(2,812,941)	(2,586,275)
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты</b>		<b>51,100,827</b>	<b>30,217,302</b>
<i>Таза (өсім)/төмендеу:</i>			
- қаржы мекемелеріндегі қаражат		(8,393,327)	44,654,286
- клиенттерге кредиттер мен аванстар		32,148	(36,015)
- өзге де қаржы активтері		(2,268,440)	(837,982)
- өзге активтерге		41,753	-
<i>Таза өсім/( төмендеуі):</i>			
- басқа да қаржылық міндеттемелер (субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер)		(14,062,078)	19,190,310
- өзге де міндеттемелер		13,605	(4,232)
<b>Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты</b>		<b>26,464,488</b>	<b>93,183,669</b>
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаты</b>			
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу		(94,711,385)	(24,281,738)
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түскен түсімдер		72,589,544	11,626,909
Негізгі құралдарды сатып алу		(71,365)	(202,596)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(96,438)	(95,910)
Сату үшін активтерді сатудан түскен түсімдер		489,672	509,744
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты</b>		<b>(21,799,972)</b>	<b>(12,443,591)</b>
<b>Қаржы қызметінен түскен ақша қаражаты</b>			
Қарыз қаражатын алу		1,130,000	4,825,113
Қарыз қаражатын өтеу		(13,491,612)	(68,501,059)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсімдер		1,000,000	200,131
Ұзақ мерзімді жалдауды өтеу		(166,052)	(171,448)
Акционерлерден капиталға жарналар		-	30,000,000
Төленген дивидендтер		(3,334,015)	(1,141,243)
<b>Қаржы қызметінде пайдаланылған таза ақша қаражаты</b>		<b>(14,861,679)</b>	<b>(34,788,506)</b>
<b>Айырбас бағамы өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері</b>			
Құнсыздануға резерв өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері		(449)	427,904
Құнсыздануға резерв өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері		(71,271)	-
<b>Ақша қаражатының және олардың баламаларының (таза төмендеуі)/таза өсімі</b>		<b>(10,268,883)</b>	<b>46,379,476</b>
Кезең басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	7	87,151,266	40,771,790
<b>Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	<b>7</b>	<b>76,882,383</b>	<b>87,151,266</b>

5-тен 88-ге дейінгі беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды

## **1 Кіріспе**

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі «Қор») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі № 665 қаулысына сәйкес құрылды. Қор Қазақстан Республикасының аумағында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды қолдау жөніндегі даму институты ретінде қаржылық қызмет көрсететін акционерлік қоғам ретінде тіркелген және өз қызметін жүзеге асырады.

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қордың 100% акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі «Бас компания» немесе «Жалғыз акционер») болып табылады. Қордың түпкілікті акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар туралы ақпарат 30-ескертпеде ашылған.

**Негізгі қызметі.** Қордың негізгі қызметі - екінші деңгейдегі банктер, микроқаржы ұйымдары және лизингтік компаниялар арқылы кредиттеу бағдарламалары шеңберінде қаржыландыру, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, кепілдендіру, консультациялық қолдау, ақпараттық-талдау материалдарын тарату. Қор Қазақстандағы шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін жеке қаражатын және қарыз қаражатын пайдаланады.

Қордың 17 өңірлік филиалы бар. Бас кеңсесі Қазақстанның Алматы қаласында орналасқан. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорда 361 қызметкер (2020 ж.: 358 қызметкер) жұмыспен қамтылды.

**Тіркелген мекенжайы және қызмет жүргізу орны.** Қор Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 111 мекенжайы бойынша тіркелген.

**Есептілікті табыс ету валютасы.** Егер өзгеше көрсетілмесе, осы қаржылық есептілік қазақстандық теңгемен берілген.

## **2 Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта**

### **Қазақстан Республикасы.**

Тұтастай алғанда Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір сипатты ерекшеліктерді көрсетуді жалғастыруда. Ол әсіресе ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газ және басқа да минералдық шикізат бағаларының ауытқуына сезімтал. Бұл ерекшеліктер сондай-ақ елден тыс еркін айырбасталуы жоқ ұлттық валютаны және бағалы қағаздар нарығы өтімділігінің төмен деңгейін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Өңірде сақталып отырған саяси шиеленіс, айырбас бағамының құбылмалылығы өтімділікті төмендетуді және халықаралық қаржыландыруды тартуда қиындықтардың туындауын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсер етті және оны жалғастыра алады.

2015 жылғы 20 тамызда Ұлттық банк пен Қазақстан Республикасының Үкіметі теңгенің айырбас бағамын қолдауды тоқтату және инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-кредит саясатын іске асыру, валюталық дәлізді алып тастау және еркін құбылмалы айырбас бағамына көшу туралы шешім қабылдады. Бұл ретте Ұлттық банктің айырбас бағамына қатысты саясаты қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін теңгенің айырбас бағамының күрт ауытқуының алдын алу үшін интервенцияларға жол береді.

Осы есеп беру күніндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми айырбас бағамы 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 424.22 теңгемен салыстырғанда 1 АҚШ доллары үшін 467.09 теңгені құрады. Осылайша, теңгенің айырбас бағамына және Ұлттық банк пен Үкіметтің болашақ іс-қимылдарына, сондай-ақ осы факторлардың Қазақстан Республикасының экономикасына әсеріне қатысты белгісіздік сақталады.

2021 жылғы қыркүйекте S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстанның «BBB-» деңгейіндегі тәуелсіз рейтингін растады. Кредиттік рейтингтің өзгеру болжамы «тұрақты». Тұрақты болжам жиынтық көлемі екі жыл ішінде мемлекеттің сыртқы өтімді активтерінен аспайтын жоғары емес мемлекеттік борыштың Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына қосымша түсімдер есебінен қалыптастырылған оң баланстық көрсеткіштердің, сондай-ақ экономикаға пандемияның теріс көріністерін тежеуге бағытталған Қазақстан Республикасының Үкіметі іске асыратын шаралардың болуымен расталады.

## **2 Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта (жалғасы)**

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы қаржы секторы Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістердің ықпалына ұшырайды. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының перспективалары едәуір дәрежеде Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылау және саяси жүйелердің дамуына, яғни Компанияның бақылау саласынан тыс жағдайларға байланысты.

Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау үшін Қор макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдарын қоса алғанда, расталатын болжамды ақпаратты пайдаланады. Алайда, кез келген экономикалық болжамдардағыдай, болжамдар мен оларды іске асыру ықтималдығы белгісіздіктің жоғары деңгейімен сөзсіз байланысты және, демек, нақты нәтижелер болжамдардан айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

2019 жылдың желтоқсанында алғаш рет Қытайдан жаңа вирустың таралғаны туралы жаңалықтар пайда болды. 2020 жылғы 11 наурызда Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымы COVID-19 коронавирусының жаңа түрінің пандемия ретінде таралғанын жариялады. Пандемияға байланысты қазақстандық билік органдары қозғалысқа тыйым салу және шектеу, карантин, өзін-өзі оқшаулау және кәсіпорындарды жабуды қоса алғанда, коммерциялық қызметті шектеу сияқты COVID-19 таралуын тежеуге және салдарын жеңілдетуге бағытталған бірқатар шаралар қабылдады. Жоғарыда көрсетілген кейбір шаралар кейіннен жеңілдетілді. Қордың карантин кезеңіндегі қызметі тоқтатыла тұрған жоқ, кеңсе қызметкерлерінің жұмысы қашықтықтан ұйымдастырылды.

COVID-19 індеті бүкіл әлемдік экономикаға күрт теріс әсер ете отырып, жаһандық түрде таралады. Осы қаржылық есептілік шығарылған күні жағдай әлі де дамып келеді, бүгінгі күні Қордың қаржылық нәтижесіне қандай да бір елеулі әсер байқалмады, алайда болашақ әсерді болжау қиын. Басшылық жоғарыда көрсетілген оқиғалардың елеулі әсерін қадағалауды жалғастырады және бизнеске теріс салдарлардың алдын алу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Қор басшылығының пікірінше, бұл оқиғаның 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептіліктегі активтер мен міндеттемелерді бағалауға елеулі әсері жоқ.

Басшылық қазақстандық экономикадағы өзгерістердің дәрежесін де, ұзақтығын да болжай алмайды немесе олардың Қордың болашақтағы қаржылық жағдайына ықтимал әсерін бағалай алмайды. Басшылық ағымдағы жағдайларда Қор қызметінің орнықтылығы мен өсуін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қолданатынына сенімді.

## **3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны**

**Есептілікті ұсыну негіздері.** Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әділ құн бойынша қаржы құралдарын бастапқы тануға және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қайта бағалауға түзетумен тарихи құн бойынша есепке алу қағидалары негізінде дайындалды. Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясатының қағидаттары төменде берілген.

**Қаржы құралдары - бағалаудың негізгі тәсілдері.** *Әділ құн* - бұл бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында ерікті негізде операция жүргізу кезінде активті сату кезінде алынуы немесе міндеттемені беру кезінде төленуі мүмкін баға. Әділ құнды ең жақсы растау белсенді нарықта баға белгіленетін баға болып табылады. Белсенді нарық - активпен немесе міндеттемені операциялар жеткілікті жиілікпен және тұрақты негізде бағалау туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін жеткілікті көлемде жүргізілетін нарық. Активтік нарықта айналыстағы қаржы құралдарының әділ құны бағаланатын бағаны жеке активке немесе кәсіпорын ұстайтын олардың санына көбейту кезінде алынған сома ретінде бағаланады. Егер нарықтың кәдімгі тәуліктік сауда айналымы кәсіпорында бар активтер мен міндеттемелердің санын сіңіру үшін жеткіліксіз болса да, ал жекелеген операцияда позицияларды сатуға тапсырыстарды орналастыру бағаға әсер етуі мүмкін. Әділ құнды бағалау үшін қалыптасқан жағдайларда әділ құн үшін неғұрлым өкілетті болып табылатын сұраныс пен ұсыныс бойынша спрэд шегіндегі баға пайдаланылды және басшылық оны есепті күнгі операцияның соңғы бағасына тең деп санайды. Қаржы активтерін бағалау үшін пайдаланылған нарықтық баға сұраныстың ағымдағы бағасы болып табылады; ал қаржылық міндеттемелер үшін пайдаланылған нарықтық баға - ұсыныстың ағымдағы бағасы болып табылады.

### **3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау (жалғасы)**

Активтік нарықта айналысқа түспейтін қаржы туынды құралдарының немесе басқа да қаржы активтері мен міндеттемелерінің портфелі таза ұзын позицияны сату кезінде нақты тәуекелді қабылдағаны үшін алынатын баға негізінде қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер тобының әділ құны бойынша немесе ағымдағы нарықтық жағдайларда бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында ерікті негізде операция жүргізу кезінде нақты тәуекелді қабылдағаны үшін таза қысқа позицияны беру кезінде (яғни міндеттемелер) бағаланады. Егер Қор (а) тәуекелдерді басқару жөніндегі кәсіпорынның ресми стратегиясына немесе оның инвестициялық стратегиясына сәйкес нақты контрагенттің нақты нарықтық тәуекеліне (немесе тәуекелдеріне) немесе кредиттік тәуекеліне кәсіпорынның таза ұшырауы негізінде қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер тобын басқаратын болса, бұл бірнеше есе негізде әділ құн бойынша көрсетілетін активтер үшін қолданылады; (б) осы негізде кәсіпорынның аға басшы персоналына қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер тобы туралы ақпарат береді; және (в) кәсіпорынның қаржылық активтерге және қаржылық міндеттемелерге байланысты туындайтын нақты нарықтық тәуекелге (немесе тәуекелдерге) ұшырау ұзақтығын қоса алғанда, нарықтық тәуекелдер мәні бойынша тең мәнді болып табылады.

Дисконтталған ақша ағындарының моделі, сондай-ақ тәуелсіз тараптар арасындағы ұқсас операциялардың деректеріне немесе инвестициялар объектісінің ағымдағы құнына негізделген модельдер мәмілелер бағасы туралы нарықтық ақпарат қол жетімді емес қаржы құралдарының әділ құнын айқындау үшін пайдаланылады. Әділ құнды бағалау нәтижелері мынадай түрде талданады және әділ құн сатысының деңгейлері бойынша бөлінеді: (i) 1-деңгейге ұқсас активтер немесе міндеттемелер үшін активті нарықтарда баға белгіленетін бағалар бойынша (түзетілмейтін) бағалау жатады, (ii) 2-деңгейге - бағалау модельдерінің көмегімен алынған, оларда пайдаланылатын барлық елеулі бастапқы деректер, олар не тікелей (мысалы, бағалар), не жанама (мысалы, бағалар негізінде есептелген) активтер немесе міндеттемелер үшін байқалатын болып табылады, және (iii) бақыланатын нарықтық деректерге ғана негізделмеген бағалау болып табылатын 3-деңгейді бағалау (яғни бағалау үшін бақыланбайтын бастапқы деректердің едәуір көлемі талап етіледі). Әділ құн иерархиясы деңгейінен деңгейіне ауыстыру есепті кезеңнің соңында орын алды деп есептеледі (28-ескертпе).

*Мәміле бойынша шығындар* қосымша шығындар болып табылады және қаржы құралын сатып алуға, шығаруға немесе шығып қалуына тікелей байланысты. Қосымша шығындар - егер мәміле жасалмаса, жұмсалмаған шығындар. Мәміле бойынша шығындар агенттерге (сауда агенттері ретінде әрекет ететін қызметкерлерді қоса алғанда), консультанттарға, брокерлер мен дилерлерге төленген сыйақы мен комиссиялық төлемдерді, реттеуші органдар мен қор биржаларына төленетін алымдарды, сондай-ақ меншікті беру кезінде алынатын салықтар мен алымдарды қамтиды. Мәміле бойынша шығындар борыштық міндеттемелер бойынша сыйлықақыларды немесе дисконттарды, қаржыландыруға арналған шығындарды, ішкі өкімшілік шығыстарды немесе сақтауға арналған шығындарды қамтымайды.

*Амортизацияланған құн* негізгі борыш төлемдерін шегергендегі, бірақ өсірілген пайыздарды қоса алғанда, ал қаржы активтері үшін - құнсызданудан келтірілген шығындарды кез келген есептен шығаруды шегергендегі активтің бастапқы құнын білдіреді. Ұлғайтылған пайыздар мәміле бойынша шығындарды бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған амортизацияны, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, өтеу сомасынан кез келген сыйлықақыларды немесе дисконтты қамтиды. Ұлғайтылған купондық кірісті және амортизацияланған дисконтті немесе сыйлықақыны қоса алғанда, өсірілген пайыздық кірістер мен өсірілген пайыздық шығыстар (комиссияны ұсыну кезінде кейінге қалдырылғандарды қоса алғанда, ол болған кезде) жеке көрсетілмейді, қаржылық жағдай туралы есептің тиісті баптарының баланстық құнына енгізіледі.

*Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі* - бұл әрбір кезеңде құралдың баланстық құнына тұрақты пайыздық мөлшерлемені (пайыздың тиімді мөлшерлемесін) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезең ішінде пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығыстарды тану әдісі.

*Тиімді пайыздық мөлшерлеме* - бұл қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзіміне немесе тиісті жағдайларда қаржы құралының таза баланстық құнына дейін неғұрлым қысқа мерзімге есепті болашақ ақшалай төлемдерді немесе түсімдерді (кредиттер бойынша болашақ шығындарды қоспағанда) дисконттаудың дәл мөлшерлемесі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме осы құрал үшін көрсетілген құбылмалы мөлшерлеме бойынша немесе нарықтық мәнге байланысты белгіленбейтін басқа да ауыспалы факторлар бойынша кредиттік спредті көрсететін сыйақыны немесе дисконтты қоспағанда, пайыздың өзгеруінің келесі күніне дейін өзгермелі мөлшерлемесі бар құралдар бойынша ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады. Мұндай сыйлықақылар немесе дисконттар құралдың барлық күтілетін айналыс мерзімі бойы амортизацияланады. Келтірілген құнды есептеу тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын келісімшарт тараптары төлеген немесе алған барлық комиссиялық құнды қамтиды. Бастапқы тану кезінде сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (РОСІ) қаржы активтері болып табылатын активтер үшін тиімді пайыздық мөлшерлеме кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетіледі, яғни келісімшарттық ақша ағындарының базасында емес, бастапқы тану кезінде күтілетін ақша ағындарының негізінде есептеледі.



### **3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау (жалғасы)**

**Қаржы құралдарын бастапқы тану.** Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары бастапқыда әділ құн бойынша танылады. Барлық өзге қаржы құралдары мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқыда әділ құн бойынша көрсетіледі. Бастапқы тану кезінде әділ құнды ең жақсы растау мәміле бағасы болып табылады. Бастапқы тану кезіндегі пайда немесе залал, егер әділ құн мен мәміле бағасының арасында айырма болған жағдайда ғана ескеріледі, оны растау нарықта байқалатын нақ сол құралмен жасалған басқа да ағымдағы мәмілелер немесе базалық деректер ретінде тек қана бақыланатын нарықтардың деректерін пайдаланатын бағалау әдісі болуы мүмкін. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтеріне және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдарға инвестицияларға қатысты бастапқы танылғаннан кейін күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резерві танылады, бұл активті бастапқы танудан кейін бірден бухгалтерлік залалды тануға өкеп соғады.

Жеткізілуі заңдарда немесе осы нарық үшін іскерлік айналым әдеттерінде белгіленген мерзімде жүргізілуі тиіс қаржы активтерін сатып алу және сату («стандартты шарттарда» сатып алу және сату) мәміле жасалған күнге, яғни Қор қаржы активін сатып алуға немесе сатуға міндеттенетін күнге көрсетіледі. Сатып алу жөніндегі барлық басқа операциялар кәсіпорын осы қаржы құралына қатысты шарттың тарапы болған кезде танылады.

**Қаржы активтерін жіктеу және кейіннен бағалау: бағалау санаты.** Қор бағалаудың мынадай санаттарын: әділ құн бойынша пайда немесе залал арқылы бағаланатын, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын және амортизацияланған құн бойынша бағаланатын санаттарын пайдалана отырып, қаржы активтерін жіктейді. Борыштық қаржы активтерін жіктеу және кейіннен бағалау: (i) активтердің тиісті портфелін басқару үшін Қордың бизнес-моделіне және (ii) актив бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына байланысты болады.

**Қаржы активтерін жіктеу және кейіннен бағалау: бизнес-модель.** Бизнес-модель ақша ағынын алу мақсатында активтерді басқару үшін Қор пайдаланатын тәсілді көрсетеді: Қордың мақсаты (i) тек шартта көзделген активтерден ақша ағынын алу («шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу») немесе (ii) шартта көзделген ақша ағындарын және активтерді сату нәтижесінде туындайтын ақша ағындарын алу («шартта көзделген ақша ағынын алу үшін активтерді ұстап қалу») болып табыла ма немесе, егер (i) тармақ та, не (ii) тармақ та қолданылмайтын болса, қаржы активтері «өзге» бизнес-модельдер санатына жатады және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланады.

Бизнес-модель бағалау жүргізу күніне қолда бар портфель үшін белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін Қор жүзеге асыруға ниетті қызметтің барлық тиісті дәлелдемелерінің негізінде активтер тобы үшін (портфель деңгейінде) айқындалады. Бизнес-модельді айқындау кезінде Қор ескеретін факторлар қоржынның мақсаты мен құрамын, тиісті активтер бойынша ақша ағынын алудың өткен тәжірибесін, тәуекелдерді бағалау және басқару тәсілдерін, активтердің кірістілігін бағалау әдістерін және басшыларға төлемдер схемасын қамтиды. 4-ескертпеде өзінің қаржы активтері үшін бизнес-модельдерді айқындау кезінде Қор пайдаланған маңызды пайымдаулар келтіріледі.

**Қаржы активтерін жіктеу және кейіннен бағалау: ақша ағындарының сипаттамалары.** Егер бизнес-модель шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін немесе шартта көзделген ақша ағындарын алу және сату үшін активтерді ұстап қалуды көздесе, Қор ақша ағындары тек қана борыш пен пайыздардың негізгі сомасының есебіне төлемдер болып табылатынын бағалайды («төлемдерге арналған тест тек борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне» немесе «SPPI-тест»). Туынды құралдары бар қаржы активтері олар бойынша ақша ағындары тек борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне ғана төлемдер болып табылатынын айқындау үшін жиынтықта қаралады. Осы бағалауды жүргізу кезінде Қор шартта көзделген ақша ағындары базалық кредиттік шарттың талаптарына сәйкес келетінін қарастырады, яғни пайыздар тек кредиттік тәуекелге, ақшаның уақытша құнына, базалық кредиттік шарттың басқа да тәуекелдеріне және пайда маржасына қатысты өтемі қамтиды.

Егер шарттың талаптары базалық кредиттік шарттың талаптарына сәйкес келмейтін тәуекелге немесе құбылмалылыққа ұшырауды көздейтін болса, тиісті қаржылық актив жіктеледі және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады. Төлемдерге тест тек борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебіне активті бастапқы тану кезінде жүргізіледі және кейіннен қайта бағалау жүргізілмейді. 4-ескертпеде төлемдерге тест жүргізу кезінде Қор өзінің қаржы активтеріне қатысты борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебіне ғана пайдаланған маңызды пайымдаулар келтіріледі.

### **3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау (жалғасы)**

**Қаржы активтерін қайта жіктеу.** Қаржы құралдары тұтастай осы портфельді басқарудың бизнес-моделі өзгерген жағдайда ғана қайта жіктеледі. Қайта жіктеу бизнес-модель өзгергеннен кейін бірінші есепті кезеңнің басынан бастап перспективалы түрде жүргізіледі. Қор ағымдағы немесе салыстырмалы кезең ішінде өзінің бизнес-моделін өзгертпеді және қайта жіктеуді жүргізбеді.

**Қаржы активтерінің құнсыздануы: күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резерві.** Болжамдар негізінде Қор амортизацияланған құн бойынша және өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдармен және кредиттер беру жөніндегі міндеттемелерге және қаржылық кепілдік шарттарына байланысты туындайтын тәуекелдермен байланысты күтілетін кредиттік залалдарды бағалайды. Қор күтілетін кредиттік залалдарды бағалайды және әрбір есепті күнге кредиттік залалдарға арналған бағалау резервін таниды. Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау: (i) ықтимал нәтижелер ауқымын бағалау жолымен айқындалған ықтималдықты ескере отырып, әділ және мөлшерленген соманы, (ii) ақшаның уақытша құнын және (iii) есепті күнге шектен тыс шығындар мен күш-жігерсіз қолжетімді өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар және болжанатын болашақ экономикалық жағдайлар туралы барлық негізделген және расталатын ақпаратты көрсетеді.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық құралдар күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервін шегере отырып, қаржылық жағдай туралы есепте ұсынылады. Кредиттік міндеттемелерге және қаржылық кепілдіктерге қатысты қаржылық жағдай туралы есептегі міндеттемелер құрамында күтілетін кредиттік залалдарға арналған жеке резерв танылады. Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдардың амортизацияланған құнындағы өзгерістер күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резервін есепке алмағанда, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Баланстық құндағы басқа да өзгерістер «өзге жиынтық кіріс арқылы бағаланатын борыштық құралдардан алынатын шығыстарды шегергендегі кірістер» бабында өзге жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі.

Қор бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік сападағы өзгерістер негізінде құнсыздануды есепке алудың «үш кезеңді» моделін қолданады. Бастапқы тану кезінде құнсызданған болып табылмайтын қаржы құралы 1-кезеңге қатысты ретінде жіктеледі. 1-кезеңнің қаржы активтері үшін күтілетін кредиттік залалдар, егер ол 12 ай өткенге дейін басталса («12 айлық күтілетін кредиттік залалдар»), келесі 12 ай ішінде немесе шартқа сәйкес өтеу күніне дейін болуы мүмкін дефолттар нәтижесінде туындайтын барлық мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдардың бөлігіне тең сомада бағаланады. Егер Қор кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын бастапқы танылған сәттен бастап сәйкестендірсе, онда актив 2-кезеңге ауыстырылады, ал осы актив бойынша күтілетін кредиттік залалдар барлық мерзім ішінде, яғни шартқа сәйкес өтеу күніне дейін, бірақ егер ол көзделген болса («бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдар») күтілетін кредиттік залалдар негізінде бағаланады. Қордың кредиттік тәуекелді едәуір ұлғайтуды айқындау тәртібін сипаттау 26-ескертпеде келтірілген. Егер Қор қаржы активі құнсызданған болып табылатынын анықтаса, актив 3-кезеңге ауыстырылады және ол бойынша күтілетін кредиттік залалдар бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар ретінде бағаланады. Қордың құнсызданған активтер мен дефолтты айқындауына қатысты түсіндірмелер 26-ескертпеде берілген. Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері үшін күтілетін кредиттік залалдар барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар ретінде әрқашан бағаланады. 26-ескертпеде Қордың болжамды ақпаратты күтілетін кредиттік залалдар моделіне енгізу тәсілін түсіндіруді қоса алғанда, күтілетін кредиттік залалдарды бағалау кезінде пайдаланылатын бастапқы деректер, жорамалдар және есептеу әдістері туралы ақпарат келтіріледі.

**Қаржы активтерін есептен шығару.** Қаржы активтері Қор оларды өндіріп алу жөніндегі барлық практикалық мүмкіндіктерді тауысқан және осындай активтерді өтеуге қатысты күтулердің негізсіздігі туралы қорытындыға келген кезде тұтастай немесе ішінара есептен шығарылады. Есептен шығару тануды тоқтатуды білдіреді. Қор шарт бойынша берешек сомасын өндіріп алуға тырысқан кезде, оларды өндіріп алуға қатысты негізделген күтулер болмаса да өздеріне қатысты мәжбүрлеп өндіріп алу жөнінде шаралар қолданылып жатқан қаржы активтерін есептен шығаруы мүмкін.

**Қаржы активтерін тануды тоқтату.** Қор қаржы активтерін тануды, (а) осы активтер өтелген немесе осы активтерге байланысты ақша ағындарына құқықтар өзгеше түрде аяқталған кезде, немесе (б) Қор қаржы активтерінен ақша ағындарына құқықтарды берді немесе беру туралы келісім жасасқан кезде және бұл ретте (i) сондай-ақ осы активтерді иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы мәні бойынша берсе немесе (ii) осы активтерді иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы бермеген және мәні бойынша сақтамаған, бірақ осы активтерге қатысты бақылау құқығын жоғалтқан кезде тоқтатады. Егер контрагенттің активті сатуға шектеу енгізбей, байланыссыз үшінші тарапқа толық сатуға практикалық мүмкіндігі болмаса, бақылау сақталады.

### **3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау (жалғасы)**

**Қаржы активтерін түрлендіру.** Кейде Қор қаржылық активтер бойынша шарттық талаптарды қайта қарайды немесе өзгеше түрде түрлендіреді. Қор шартта көзделген ақша ағындарының түрлендірілуі өзгелердің арасында мынадай факторларды ескере отырып, елеулі болып табылатынын бағалайды: актив бойынша тәуекелдер бейініне (мысалы, пайдаға қатысу немесе капиталға кіріс) елеулі әсер ететін жаңа шарттық талаптардың болуы, пайыздық мөлшерлеменің айтарлықтай өзгеруі, валюталық деноминацияның өзгеруі, активке байланысты кредиттік тәуекелге елеулі әсер ететін жаңа немесе қосымша кредиттік қамтамасыз етудің пайда болуы немесе қарыз алушы қаржылық қиындықтарға ұшырамаған жағдайларда кредит мерзімінің айтарлықтай ұзартылуы.

Егер модификацияланған шарттар бастапқы актив бойынша ақша ағындарына құқықтар аяқталатындай айтарлықтай өзгеше болса, Қор бастапқы қаржы активін тануды тоқтатады және әділ құны бойынша жаңа активті таниды. Кейіннен құнсыздануды есептеу мақсаттары үшін, оның ішінде кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаю фактісін айқындау үшін бастапқы танылған күн талаптарды қайта қарау күні болып есептеледі. Қор сондай-ақ жаңа кредиттің немесе борыштық құралдың тек борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне ғана төлемдерді жүзеге асыру өлшеміне сәйкестігін бағалайды. Танылуы тоқтатылған бастапқы активтің баланстық құны мен жаңа, едәуір түрлендірілген активтің әділ құны арасындағы кез келген алшақтықтар, егер айырмашылықтың мазмұны меншік иелерімен капиталмен операцияларға жатпаса, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Шарттарды қайта қарау контрагенттің қаржылық қиындықтарынан және оның бастапқы келісілген төлемдерді орындауға қабілетсіздігінен туындаған жағдайда, Қор бастапқы және түзетілген күтілетін ақша ағындарын шарт талаптарын түрлендіру нәтижесінде актив бойынша тәуекелдер мен пайданың айтарлықтай айырмашылығы мәніне активтермен салыстырады. Егер тәуекелдер мен пайда өзгермесе, онда түрлендірілген активтің бастапқы активтен айтарлықтай айырмашылығы жоқ және оны түрлендіру тануды тоқтатуға әкеп соқпайды. Қор бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша (немесе сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері үшін кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша) түрлендірілген ақша ағындарын дисконттау жолымен жалпы баланстық құнын қайта есептеуді жүргізеді және пайда немесе залал құрамындағы түрлендіруден түскен пайданы немесе залалды таниды.

**Қаржылық міндеттемелерді бағалау санаттары.** Қаржылық міндеттемелер кейіннен амортизацияланған құн бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі, бұған мыналар кірмейді: (i) пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер, бұл жіктеу саудаға арналған туынды қаржы құралдарына, қаржылық міндеттемелерге (мысалы, бағалы қағаздар бойынша қысқа позициялар), сатып алушы бизнесті біріктіру кезінде танытын шартты өтеме және бастапқы тану кезінде осындай болып анықталған басқа қаржылық міндеттемелерге қолданылады; және (ii) қаржылық кепілдік шарттары және кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер.

**Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату.** Қаржылық міндеттемелерді тану оларды өтеген жағдайда (яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалғанда немесе тоқтатылғанда немесе оны орындау мерзімі аяқталғанда) тоқтатылады.

Қор мен оның бастапқы кредиторлары арасындағы айтарлықтай айырмашылығы бар борыштық құралдармен алмасу, сондай-ақ қолданыстағы қаржылық міндеттемелер шарттарының елеулі түрлендірулері бастапқы қаржылық міндеттемені өтеу және жаңа қаржылық міндеттемені тану ретінде ескеріледі. Егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған, алынған сыйақыларды шегергендегі барлық төленген сыйақыларды қоса алғанда, жаңа шарттарға сәйкес ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құны бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құнынан кемінде 10% айырмашылығы болса, талаптар елеулі түрде айырмашылығы бар деп есептеледі. Бұдан басқа, құрал деноминацияланған валюта, пайыздық мөлшерлеме түрінің өзгеруі, құралды айырбастаудың жаңа шарттары және кредит бойынша шектеу шарттарының өзгеруі сияқты басқа да сапалық факторлар ескеріледі. Егер борыштық құралдармен алмасу немесе шарттарды түрлендіру өтеу ретінде ескерілсе, барлық шығындар немесе төленген сыйақылар өтеуден түскен пайданың немесе залалдың құрамында танылады. Егер айырбастау немесе түрлендіру өтеу ретінде ескерілмесе, барлық шығындар немесе төленген сыйақылар міндеттеменің баланстық құнын түзету ретінде көрсетіледі және түрлендірілген міндеттеменің қолданылуының қалған мерзімі ішінде амортизацияланады.

Міндеттемелердің оларды өтеуге әкеп соқпайтын түрлендірулері кумулятивтік амортизацияны есептеу әдісі бойынша бағалау мәнінің артқы санмен өзгеруі ретінде ескеріледі, бұл ретте пайда немесе залал, егер баланстық құндағы айырмашылықтың экономикалық мазмұны меншік иелерімен капиталмен операцияларға жатпаса, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

### **3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау (жалғасы)**

**Ақша қаражаты және олардың баламалары.** Ақша қаражаты және олардың баламалары ақша қаражатының белгілі бір сомасына оңай айырбасталатын және құнының өзгеруінің шамалы тәуекеліне ұшырайтын баптар болып табылады. Ақша қаражаты және олардың баламалары барлық банкаралық депозиттерді және бастапқы өтеу мерзімі 3 айдан кем басқа банктермен кері РЕПО шарттарын қамтиды. Пайдалануға шектелген қаражат үш айдан астам мерзімге алып тасталады. Ақша қаражаты және олардың баламалары амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

Ақша қаражаты және олардың баламалары амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, өйткені (i) олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталады және бұл ақша ағындары тек борыш пен пайыздардың негізгі сомасының есебіне төлемдерді білдіреді және (ii) олар пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмаған. Тек қана заңнамамен белгіленетін шарттар (мысалы, кейбір елдердегі қарызды меншікті капиталға айырбастау туралы ережелер) олар шарт талаптарына енгізілген және қолданылған жағдайларды қоспағанда, тіпті кейіннен заңнама өзгерген болса да SPPI-тесттің нәтижелеріне әсер етпейді.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте ұсынылған ақша қаражатының төлемдері немесе түсімдері Қор контрагенттерінің Қорға орналастырылған ағымдағы шоттарына есептелген немесе есепке жазылған сомаларды қоса алғанда, Қор ақша қаражатын және олардың баламаларын, қарыз бойынша пайыздық кірістер немесе клиенттің ағымдағы шотынан қаражатты есептен шығару жолымен өндіріп алынған борыштың негізгі сомасы, клиенттің ағымдағы шотына есептелген, клиент тұрғысынан ақша қаражатын немесе олардың баламасын білдіретін пайыздық төлемдер немесе берілген қарыздар секілді сомаларды беруді білдіреді.

**Басқа банктердегі қаражат.** Басқа банктердегі қаражат Қор контрагент банктерге аванстық төлемдер түрінде ақша қаражатын ұсынғанда ескеріледі. Басқа банктердегі қаражат, егер (i) олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталса және осы ақша ағындары тек борыш пен пайыздардың негізгі сомасының есебіне төлемдерді білдірсе және (ii) олар пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмаса, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

**Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар.** Бизнес-модель және ақша ағындарының сипаттамалары негізінде Қор борыштық бағалы қағаздарға инвестицияларды амортизацияланған құн бойынша, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша немесе пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағалау санатына жатқызады. Борыштық бағалы қағаздар, егер олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталатын болса, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, бұл ақша ағындары борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне төлемдерді ғана білдіреді және есепке алу сәйкессіздігін едәуір азайту үшін ерікті негізде пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде айқындалмаған.

Осы активтер бойынша пайыздық табыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі негізінде есептеледі және пайда немесе залал құрамында танылады. Күтілетін кредиттік залалдар моделінің негізінде айқындалған құнсыздануға арналған бағалау резерві бір жыл ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі. Баланстық құнның барлық өзге де өзгерістері өзге жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Борыштық бағалы қағазды тану тоқтатылған кезде бұрын өзге жиынтық кіріс құрамында танылған жиынтық пайда немесе залал өзге жиынтық кірістен пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі.

Егер борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар амортизацияланған құн бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша көрсету үшін өлшемдерге сәйкес келмесе, олар пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша көрсетіледі. Қор сондай-ақ борыштық бағалы қағаздарға инвестицияларды, егер бұл мүмкіндікті пайдалану қаржылық активтер мен есепке алудың әртүрлі әдістерін пайдалана отырып танылатын немесе бағаланатын міндеттемелер арасындағы есептік сәйкессіздікті едәуір азайтатын болса, бастапқы тану кезінде пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа сөзсіз жатқызу мүмкін.

### **3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау (жалғасы)**

**Клиенттерге кредиттер мен аванстар.** Клиенттерге кредиттер мен аванстар Қор клиенттің кредитін сатып алу немесе клиентке кредит беру мақсатында клиенттерге аванстық төлемдер түрінде ақша қаражатын ұсынғанда ескеріледі. Бизнес-модель және ақша ағындарының сипаттамалары негізінде Қор клиенттерге кредиттер мен аванстарды бағалаудың мынадай санаттарының біріне жатқызады: (i) амортизацияланған құн бойынша: шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталатын, борыш пен пайыздардың негізгі сомасының есебіне төлемдерді ғана білдіретін кредиттер және ерікті негізде пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмаған, және (ii) пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша: амортизацияланған құн бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалау үшін SPPI-тестінің критерийлеріне немесе басқа критерийлерге сәйкес келмейтін кредиттер пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады.

Құнсыздануға арналған бағалау резервтері күтілетін кредиттік залалдардың болжамды модельдері негізінде айқындалады. 26-ескертпеде күтілетін кредиттік залалдарды бағалау кезінде пайдаланылатын бастапқы деректер, жорамалдар және есептеу әдістері туралы ақпарат келтіріледі.

**Кредиттер беру бойынша міндеттемелер.** Қор кредиттер беру бойынша міндеттемелер шығарады. Мұндай міндеттемелер қайтарып алынбайтын міндеттемелерді немесе елеулі теріс өзгерістерге жауап ретінде ғана қайтарып алынуы мүмкін міндеттемелерді білдіреді. Мұндай міндеттемелер бастапқыда әдетте алынған сыйақы сомасымен расталған әділ құн бойынша көрсетіледі. Егер Қор нақты кредиттік келісім жасасуы және оны бергеннен кейін қысқа кезең ішінде кредитті іске асыруды жоспарламауы ықтималдығы болған жағдайда, кредиттер беру жөніндегі міндеттемені қоспағанда, осы сома міндеттеменің қолданылу мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады; кредиттер беру жөніндегі міндеттемеге байланысты мұндай комиссиялық кірістер болашақ кезеңдердің кірістері ретінде ескеріледі және бастапқы тану кезінде кредиттің баланстық құнына енгізіледі. Әрбір есепті кезеңнің аяғында міндеттемелер бастапқы тану сәтіндегі соманың амортизацияланбаған қалдығы ретінде бағаланады, плюс (ii) егер міндеттеме нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша кредит беруден тұрмаса, онда міндеттеменің мөлшері осы екі соманың ең көбіне тең болады. Қор міндеттемелер құрамындағы осы соманы болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв ретінде таниды. Егер Қор пайдаланылмаған кредит компоненті бойынша және кредит компоненті бойынша күтілетін кредиттік залалдарды жеке сәйкестендіре алмаса, кредит және пайдаланылмаған міндеттеме бойынша күтілетін кредиттік залалдар кредит бойынша залалдар үшін бағалау резервімен бірге танылады. Жиынтық күтілетін кредиттік залалдардың кредиттің жалпы баланстық құнынан асып кету сомасындағы күтілетін кредиттік залалдар міндеттеме ретінде танылады.

**Қаржылық кепілдіктер.** Қаржылық кепілдіктер Қордан, егер көрсетілген дебитор борыштық құралдың бастапқы немесе түрлендірілген талаптары бойынша уақтылы төлем жасамаған жағдайда, кепілдікті ұстаушыға келтірілген залалдарды өтеу бойынша белгілі бір төлемдерді жүзеге асыруды талап етеді. Қаржылық кепілдіктер бастапқыда әдетте алынған сыйақы сомасымен расталған әділ құн бойынша көрсетіледі. Осы сома кепілдіктің қолданылу мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады. Әрбір есепті кезеңнің аяғында міндеттемелер (i) күтілетін кредиттік залалдар моделін пайдалана отырып айқындалған кепілдік бойынша залалдарға арналған бағалау резерві сомасының және (ii) бастапқы тану кезінде көрсетілген соманың қалған амортизацияланбаған қалдығын ең көбі бойынша бағаланады. Бұдан басқа, қаржылық жағдай туралы есепте актив ретінде көрсетілетін сыйақы бойынша дебиторлық берешекке қатысты күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резерві танылады.

**Міндеттемелерді орындау кепілдіктері.** Міндеттемелерді орындау кепілдіктері - егер шарт бойынша екінші тарап шартта көзделген міндетті орындамаса, өтемақы алуды көздейтін шарттар. Мұндай шарттар кредиттік тәуекелге қосымша шартта көзделген міндеттеменің орындалмау тәуекелін береді. Міндеттемелерді орындау кепілдіктері бастапқыда әдетте алынған сыйақы сомасымен расталған әділ құн бойынша көрсетіледі. Осы сома шарттың қолданылу мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады. Әрбір есепті кезеңнің аяғында міндеттемелерді орындау кепілдігі шарттары (i) бастапқы тану сомасының амортизацияланбаған қалдығының сомасының; және (ii) келтірілген құнға дейін дисконтталған есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша шартты реттеу үшін қажетті шығындарды ең жақсы бағалаудың ең көбі бойынша бағаланады. Егер Қордың шартта көзделген міндеттемелерді орындау кепілдіктері шарттарын реттеу үшін төленген сомаларды өтеу үшін клиентке жүгіну құқығы болса, бұл сомалар кепілдік бойынша бенефициарға залал өтемақысын бергеннен кейін актив ретінде танылуы тиіс. Бұл төлемдер пайдадағы немесе залалдағы комиссиялық кірістер құрамында танылады.

### **3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау (жалғасы)**

**Сату және кері сатып алу шарттары бойынша мәмілелер, бағалы қағаздардың қарыздары.** Контрагентке кредитордың кірістілігін іс жүзінде қамтамасыз ететін сату және кері сатып алу шарттары («РЕПО шарттары») бойынша мәмілелер бағалы қағаздармен қамтамасыз етуге қаражат тарту операциялары ретінде қаралады. Сату және кері сатып алу шарттары бойынша сатылған бағалы қағаздарды тану тоқтатылмайды. Қаржылық жағдай туралы есептің «РЕПО шарттары бойынша дебиторлық берешек» бабына бағалы қағаздарды қайта жіктеу қабылдаушы тараптың шарт бойынша немесе қалыптасқан практикаға сәйкес осы бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта салуға құқығы болған кезде жүргізіледі. Тиісті міндеттемелер «Басқа банктердің қаражаты» немесе «Өзге міндеттемелер» жолы бойынша көрсетіледі.

Кері сату міндеттемесі бар («кері РЕПО») шарттар бойынша сатып алынған, Қорға кредитордың кірістілігін іс жүзінде қамтамасыз ететін бағалы қағаздар контрагентке байланысты «Басқа банктердегі қаражат» немесе «Клиенттерге кредиттер мен аванстар» ретінде көрсетіледі. Контрагент алған пайыздық және дивидендік кіріске түзетілген сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырма пайыздық табыс ретінде танылады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша РЕПО шартының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде есептеледі.

Контрагенттерге тіркелген сыйақы үшін қарыз ретінде берілген бағалы қағаздар, контрагенттің шарт бойынша немесе қалыптасқан практикаға сәйкес осы бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта салуға құқығы бар жағдайларды қоспағанда, қаржылық жағдай туралы есептің бастапқы бабында қаржылық есептілікте көрсетілуін жалғастырады. Мұндай жағдайларда оларды жеке бапқа қайта жіктеу жүргізіледі. Тіркелген сыйақы үшін қарыз ретінде алынған бағалы қағаздар үшінші тараптарға өткізілетін жағдайларды қоспағанда, қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Мұндай жағдайларда осы бағалы қағаздарды сатып алудан және сатудан түскен қаржылық нәтиже «Саудалық бағалы қағаздармен операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кірістер» жолы бойынша жыл ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Бағалы қағаздарды қайтару жөніндегі міндеттеме «Өзге қарыз қаражаты» жолының құрамында әділ құн бойынша көрсетіледі.

Сату және кері сатып алу шарттары бойынша сатылған бағалы қағаздарды жіктеу негізінде Қор РЕПО шарттары бойынша дебиторлық берешекті мынадай бағалау санаттарының біріне жатқызады: амортизацияланған құн бойынша, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын.

**Инвестициялық жылжымайтын мүлік.** Инвестициялық жылжымайтын мүлік жинақталған амортизацияны және құнсыздануға арналған резервті шегергенде (тиісті жағдайларда) бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құнсыздану белгілері болған кезде Қор сату шығындарын шегергендегі пайдалану құндылығы мен әділ құнының ең көбі ретінде айқындалатын өтелетін соманы бағалауды жүргізеді. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің баланстық құнының өтелетін сомаға дейін азаюы бір жылдағы пайдада немесе залалда көрсетіледі. Өткен жылдары көрсетілген құнсызданудан болған залал, егер кейіннен активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағапауларда өзгеріс орын алса, қалпына келтіріледі.

Келесі шығындар Қордың олармен байланысты болашақ экономикалық пайда алуы және олардың құны сенімді бағалануы мүмкін жоғары ықтималдығы болған кезде ғана капиталдандырылады. Жөндеуге және ағымдағы қызмет көрсетуге арналған барлық өзге шығындар олардың туындау шамасына қарай шығыстар ретінде ескеріледі. Егер инвестициялық жылжымайтын мүліктің меншік иесі оны иеленсе, онда бұл мүлік «Негізгі құралдар» санатына ауыстырылады.

**Негізгі құралдар.** Негізгі құралдар жинақталған тозуды және құнсыздану резервін шегергенде (қажет болған жерде) сатып алу құны бойынша көрсетіледі.

Шамалы жөндеу және ағымдағы қызмет көрсету бойынша шығындар олардың пайда болуына қарай шығыстарға жатады. Негізгі құралдардың ірі компоненттерін ауыстыру бойынша шығындар кейіннен ауыстырылған компонентті есептен шығарумен капиталдандырылады.

Әрбір есепті кезеңнің соңында басшылық негізгі құралдардың құнсыздану белгілерінің болуын айқындайды. Құнсыздану белгілері болған кезде басшылық сатуға жұмсалған шығындарды және оны пайдалану нәтижесінде алынатын құнды шегергендегі активтің әділ құнының ең көбі ретінде айқындалатын өтелетін құнға бағалау жүргізеді. Баланстық құн өтелетін құнға дейін азайтылады, ал құнсызданудан болған залал жыл ішіндегі пайдаға немесе залалға жатқызылады. Өткен кезеңдерде қандай да бір актив үшін көрсетілген құнсызданудан болған залал, егер активті пайдалану нәтижесінде алынған құнды немесе сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі оның әділ құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауларда өзгеріс орын алса, қалпына келтіріледі.

### **3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау (жалғасы)**

Түсім сомасын баланстық құнмен салыстыру жолымен айқындалатын шығудан түскен пайда мен залалдар жыл ішіндегі пайда мен залалдағы өзге де операциялық кірістер мен шығыстардың құрамында көрсетіледі.

**Амортизация.** Жер амортизацияға жатпайды. Негізгі құралдар бойынша амортизация желілік әдісті пайдалана отырып, яғни активтерді пайдалы пайдаланудың мынадай есептік мерзімдері ішінде құнды қалдық құнға дейін біркелкі төмендетумен есептеледі:

	<b><u>Ұтымды пайдалану мерзімі (жылдар саны)</u></b>
Ғимараттар	100 жылға дейін
Машиналар мен жабдықтар	10 жылға дейін
Келік құралдары	7 жылға дейін
Өзгелер	10 жылға дейін

Активтің жою құны - егер актив ұтымды пайдалану мерзімінің соңына және ұтымды пайдалану мерзімінің соңына тән жағдайға жетсе, шығуға арналған болжамды шығындарды шегергеннен кейін ағымдағы сәтте Қор активтің шығуынан алатын есептік сома. Активтердің тарату құны және оларды пайдалы пайдалану мерзімі, егер қажет болса, әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады және түзетіледі.

**Материалдық емес активтер.** Қордың материалдық емес активтері пайдалы пайдаланудың белгілі бір мерзіміне ие және негізінен капиталдандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету мен лицензияларды қамтиды. Бағдарламалық қамтамасыз етуге сатып алынған лицензиялар осы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға және енгізуге жұмсалған шығындар негізінде капиталдандырылады. Қор бақылайтын сәйкестендірілетін және бірегей бағдарламалық қамтамасыз етумен тікелей байланысты әзірлеуге арналған шығындар, егер қосымша экономикалық пайда сомасы шығындардан асады деп күтілсе, материалдық емес активтер ретінде көрсетіледі. Капиталдандырылған шығындар бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушілерді Қордың ұстауына арналған шығыстарды және үстеме шығыстардың тиісті үлесін қамтиды. Бағдарламалық қамтамасыз етуге (мысалы, оған қызмет көрсетуге) байланысты барлық өзге шығындар олардың жұмсалыуына қарай ескеріледі. Капиталдандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету 5 жыл шегінде ұтымды пайдаланудың күтілетін мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады.

**Қор жалға алушы болып табылатын жалдау шарттарын есепке алу.** Қор жерді, кеңсе үй-жайларын, жабдықтар мен автомобильдерді жалға алады. Жалдау шарттары Қордың жалдау мәні болып табылатын тиісті активті пайдалануға алған күнгі тиісті міндеттемесі бар пайдалану құқығы нысанындағы активтер ретінде танылады. Әрбір жалдау төлемі міндеттеме мен қаржылық шығыстар арасында бөлінеді. Қаржылық шығыстар әрбір кезең үшін міндеттеменің қалдығы бойынша тұрақты пайыздық мөлшерлемені қамтамасыз ету мақсатында жалдау мерзімі ішінде пайдаға немесе залалға жатқызылады. Бастапқы құны бойынша танылған пайдалану құқығы нысанындағы актив активті пайдалы пайдалану мерзімі немесе олардың қайсысы бұрын аяқталатынына байланысты жалға алу мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады (5-ескертпе).

Жалдау шарты бойынша туындайтын міндеттемелер бастапқыда келтірілген құн бойынша бағаланады. Жалдау бойынша міндеттемелер мынадай жалдау төлемдерінің таза келтірілген құнын қамтиды:

- алуға ынталандыратын төлемдерді шегергендегі тіркелген төлемдерді (мәні бойынша тіркелген төлемдерді қоса алғанда);
- индекске немесе мөлшерлемеге негізделген ауыспалы жалдау төлемдерін;
- қалдық құн кепілдіктерінің шарттары бойынша жалға алушының алуы сомаларын;
- егер жалға алушының опцион орындалатынына жеткілікті сенімі болса, сатып алуға опционды орындау бағасын;
- егер жалдау мерзімі жалға алушының осы опционды іске асыруын көрсетсе, жалдау шартын бұзғаны үшін айыппұлдар төлеуді.

Жалдау төлемдері жалдау шартында кепілге қойылған пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер мұндай мөлшерлемені айқындау мүмкін болмаса, онда қарыз капиталына өсім мөлшерлемесі пайдаланылады, өйткені бұл ұқсас экономикалық ортада ұқсас құн активін алу үшін қажетті қаражатты тарту үшін жалға алушы төлеуге тура келетін пайыздық мөлшерлеме.

### **3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау (жалғасы)**

Жер учаскелерін ұзақ мерзімді жалдау бойынша төлемдер сомасы олардың кадастрлық құны негізінде айқындалады және индекске немесе мөлшерлемеге байланысты емес жалдау бойынша ауыспалы төлемдер ретінде көрсетіледі.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер:

- жалдау бойынша міндеттемені бастапқы бағалау сомасын;
- жалдау бойынша ынталандыру төлемдерін шегергенде, жалдау шартының қолданылуы басталған күні немесе оған дейін жүзеге асырылған барлық жалдау төлемдерін;
- барлық бастапқы тікелей шығындарды;
- қалпына келтіру жұмыстарының құнын ескере отырып өзіндік құны бойынша бағаланады.

Айрықша тәртіппен Қор шығыстарда жалдау төлемдерін желілік әдіспен көрсете отырып, қысқа мерзімді жалдау және құны төмен мүлікті жалдау есебін жүргізеді.

Жалдау мерзімін айқындау кезінде Қор басшылығы жалдауды ұзарту немесе жалдауды бұзуға опционды пайдаланбау үшін экономикалық негізді қалыптастыратын барлық фактілер мен мән-жайларды ескереді. Жалдауды ұзартуға опциондар (немесе жалдау шартын бұзуға опциондарды орындау мерзімінен кейінгі уақыт кезеңдері), егер шарттың ұзартылатындығына (немесе бұзылмайтындығына) жеткілікті сенім болса ғана жалдау мерзіміне енгізіледі.

Бағалау осындай бағалауға әсер ететін және бұл ретте жалға алушының бақылауындағы мән-жайларда елеулі оқиға немесе елеулі өзгеріс болған жағдайда қайта қаралуға жатады.

**Қор жалға беруші болып табылатын жалдау шарттарын есепке алу.** Активтер операциялық жалға берілгенде, алуға берілетін жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде біркелкі есептен шығару әдісін пайдалана отырып, жалдаудан түскен кірістер ретінде көрсетіледі.

Жалдау шарттарының қолданылуы тоқтатылған кезде Қор әдетте операциялық жалдаудан табыс алу үшін пайдаланылған активтерді сатады. Мұндай активтер оларды жалдау тоқтатылған кезде баланстық құны бойынша қорлар құрамына ауыстырылады. Сатудан түсетін түсімдер сатылған тауарлардың өзіндік құнымен байланыста түсімнің құрамында танылады.

**Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек.** Қор жалға беруші рөлінде болған кезде және жалдау объектілерін иеленуден тәуекелдер мен пайда жалға алушыға берілсе, жалға берілетін активтер қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек ретінде көрсетіледі және болашақ жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша ескеріледі. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бастапқыда жалдау қатынастары басталған күнге белгіленген дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, жалдау қатынастары туындаған күнге (жалдау мерзімі басталған күнге) көрсетіледі (жалдау қатынастары басталған күн екі күннің неғұрлым ертерегі: жалдау шартын жасау күні және тараптардың жалдаудың негізгі шарттарына қатысты міндеттемелер қабылдаған күні саналады).

Дебиторлық берешектің жалпы сомасы мен келтірілген құн арасындағы айырма еңбек сіңірілмеген қаржылық кірісті білдіреді. Осы кірістер жалдау шартының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде тұрақты кірістілік нормасын көздейтін таза инвестициялар әдісін пайдалана отырып (салық салуға дейін) жалдау мерзімі ішінде танылады. Жалдау қатынастарын ұйымдастыруға тікелей байланысты қосымша шығындар қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің бастапқы сомасына енгізіледі және жалдау мерзімі ішінде танылатын кіріс сомасын азайтады. Жалдау бойынша қаржылық кірістер өзге операциялық кірістер құрамында пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

Кредиттік залалдарға арналған бағалау резерві күтілетін кредиттік залалдардың жалпы моделіне сәйкес танылады. Күтілетін кредиттік залалдар амортизацияланған құн бойынша бағаланатын кредиттер мен аванстар үшін сияқты айқындалады және қаржылық жалдау шарттарында салынған пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған күтілетін ақша ағындарының келтірілген құнына дейін дебиторлық берешектің таза баланстық құнын есептен шығару үшін бағалау резервінің шоты арқылы танылады. Болашақ есеп айырысу ақша ағындары жалға берілетін активтерді алу және сату нәтижесінде туындауы мүмкін ақша ағындарын көрсетеді.



### **3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау (жалғасы)**

Айналымнан тыс және айналым активтерін қамтуы мүмкін айналымнан тыс активтер және шығатын топтар қаржылық жағдай туралы есепте «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер» ретінде көрсетіледі, егер олардың баланстық құны, негізінен, сату арқылы өтелетін болса (осы активтерді ұстайтын еншілес ұйымның үстінен бақылауды жоғалтуды қоса алғанда), есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 айдың ішінде өтелетін болады. Активтерді қайта жіктеу барлық мынадай шарттардың сақталуын талап етеді: (а) активтер олардың ағымдағы жай-күйінде дереу сатуға дайын; (б) Қор басшылығы сатып алушыны іздестіру жөніндегі қолданыстағы бағдарламаны бекіткен және оны іске асыруға кіріскен; (в) активтерді негізделген бағамен сату үшін белсенді маркетинг жүргізіледі; (г) сату бір жыл ішінде жүзеге асырылады деп күтіледі және (д) сату жоспарының айтарлықтай өзгеруі немесе оның жойылуы күтілмейді. Ағымдағы есепті кезеңдегі қаржылық жағдай туралы есепте сатуға арналған ретінде жіктелген айналымнан тыс активтер немесе шығып қалған топтар қайта жіктелмейді және ағымдағы есепті кезеңнің соңындағы жіктемеге сәйкес келтіру үшін қаржылық жағдай туралы салыстырмалы есепте ұсыну нысанын өзгертпейді.

Істен шығарушы топ сату жолымен немесе сатудың бір операциясы процесінде бірыңғай топпен өзге тәсілмен шығарылуға жататын активтер тобын (айналым және айналымнан тыс) және осы операция процесінде берілетін активтермен тікелей байланысты міндеттемелерді білдіреді.

Сатуға арналған шығып қалған топтар тұтастай алғанда сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі баланстық құны мен әділ құны бойынша бағаланады. Сатуға арналған негізгі құралдар амортизацияланбайды.

**Қарыз қаражаты.** Қарыз қаражаты Қорға контрагенттер ақша қаражатын немесе өзге активтерді берген сәттен бастап көрсетіледі. Туынды емес қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Егер Қор меншікті берешекті сатып алса, бұл міндеттеме қаржылық жағдай туралы есептен шығарылады, ал міндеттеменің баланстық құны мен төленген сома арасындағы айырма берешекті реттеуден түскен кірістер немесе шығыстар құрамына енгізіледі.

Акционерден қарыз қаражатын алған кезде Қор қарыз қаражатының әділ құнын айқындайды және әділ құн мен алынған ақша қаражатының арасындағы айырманы таниды. Осы айырма алынған қаражаттың мақсатына қарай пайда немесе залал туралы есептің құрамында немесе Қордың меншікті капиталының құрамында көрсетіледі. 4-ескертпеде осы жіктемені айқындау кезінде бағалаулар мен кәсіби пайымдар келтірілген.

**Шығарылған борыштық бағалы қағаздар.** Шығарылған борыштық бағалы қағаздар Қор шығарған облигацияларды қамтиды. Борыштық бағалы қағаздар амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Егер Қор меншікті шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алса, олар қаржылық жағдай туралы есептен шығарылады, ал міндеттеменің баланстық құны мен төленген өтем арасындағы айырма берешекті мерзімінен бұрын реттеуден түскен кірістер құрамына енгізіледі.

**Субсидиялау бағдарламалары.** Субсидиялар әртүрлі мемлекеттік бағдарламалардың мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жауапты орган ұсынған қаржыландыру болып табылады. Қор субсидиялау бағдарламалары бойынша агент ретінде әрекет етеді. Үкіметтен алынған қаржыландыру қаражатты өтеу сәтіне дейін субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттеме ретінде танылады. Қаржыландыру Үкімет субсидиялаған жобалар үшін төлем ретінде жергілікті банктерде орналастырылады. Қор өз қаржыландыруын жергілікті банктерге берген кезде төлем мемлекеттік қаржыландыруды алғанға дейін субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек ретінде ескеріледі.

**Туынды қаржы құралдары.** Валюта алмасу келісімшарттарын, болашақ пайыздық мөлшерлеме туралы келісімдерді, валюталық және пайыздық своптарды қоса алғанда, туынды қаржы құралдары әділ құн бойынша көрсетіледі.

Егер осы құралдардың әділ құны оң болып табылса, барлық туынды құралдар активтер ретінде және егер олардың әділ құны теріс болып табылса, міндеттемелер ретінде ескеріледі.

Туынды құралдардың әділ құнының өзгерістері бір жылдағы пайдаға немесе залалға (туынды қаржы құралдары бойынша шығыстарды шегергендегі кірістер) енгізіледі. Қор хеджирлеу есебін қолданбайды.

Басқа қаржы құралдарына енгізілген кейбір туынды құралдар, егер олардың тәуекелдері мен экономикалық сипаттамалары негізгі шарттың тәуекелдерімен және экономикалық сипаттамаларымен тығыз байланыста болмаса, негізгі шарттан бөлінеді.

### **3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау (жалғасы)**

**Пайдаға салынатын салық.** Қаржылық есептілікте есепті кезеңнің соңында қолданылатын немесе мәні бойынша күшіне енген салық мөлшерлемелері мен заңнамалық нормаларды пайдалана отырып, заңнама талаптарына сәйкес салық салу бойынша шығыстар көрсетілген. Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар ағымдағы салықтар бойынша шығысты және кейінге қалдырылған салықтар бойынша шығысты қамтиды және бір жыл ішіндегі пайдада немесе залалда көрсетіледі, егер олар өзге жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда көрсетілмеуі тиіс болса, бұл осы немесе басқа кезеңде өзге жиынтық кіріс құрамында немесе тікелей капиталда көрсетілген операцияларға жатады.

Ағымдағы салық салық органдарына төлеуге немесе салық органдары ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін салық салынатын пайдаға немесе залалдарға қатысты өтеуге күтілетін пайдаға салынатын салық сомаларының негізінде есептеледі. Егер қаржылық есептілік тиісті салық декларацияларын бергенге дейін бекітілсе, салық салынатын пайда немесе залал бағалау көрсеткіштеріне негізделеді. Пайдаға салынатын салықты қоспағанда, салықтар бойынша өзге де шығыстар әкімшілік және өзге де операциялық шығыстардың құрамында көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған пайдаға салынатын салық кейінге қалдырылған салықтық шығындарға қатысты баланстық міндеттемелер әдісі және қаржы жағдайы туралы есептегі активтер мен міндеттемелердің салық салынатын базасы мен олардың баланстық құны арасындағы уақытша айырмалар бойынша есептеледі.

Бастапқы тану үшін алып тастауға сәйкес кейінге қалдырылған салық, егер бастапқы тану кезінде операция бизнесті біріктіру нәтижесінде туындайтын бастапқы тану жағдайларынан басқа, бухгалтерлік те, салық салынатын пайдаға да әсер етпесе, активті немесе міндеттемені бастапқы тану кезінде туындайтын уақытша айырмаларға қатысты ескерілмейді. Кейінге қалдырылған салық салу бойынша активтер мен міндеттемелер есепті кезеңнің соңында қолданылатын немесе қолданыста болатын және уақытша айырмалар немесе кейінге қалдырылған салық залалдары өткізілетін кезеңде қолданылатын салық салу мөлшерлемелерін пайдалана отырып айқындалады.

Салық салынатын базаны азайтатын уақытша айырмалар бойынша кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық залалдары салық салынатын уақытша айырмалар пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтималдығы бар дәрежеде ғана көрсетіледі.

**Белгісіз салық позициялары.** Қордың белгісіз салық позицияларын басшылық әрбір есепті кезеңнің соңында бағалайды. Салықтарға қатысты көрсетілетін міндеттемелер басшылық қосымша салық міндеттемелерінің туындауы мүмкін деп есептеген жағдайларда, егер Қордың салық позициясын салық органдары даулайтын болса, ескеріледі. Мұндай бағалау есепті кезеңнің соңында қолданыста болған немесе мәні бойынша күшіне енген салық заңнамасын және соттың кез келген белгілі қаулысын немесе осындай мәселелер бойынша өзге де шешімді түсіндіру негізінде орындалады. Пайдаға салынатын салықты қоспағанда, айыппұлдар, өсімпұлдар және салықтар бойынша міндеттемелер басшылықтың есепті кезеңнің соңындағы міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығыстарды ең жақсы бағалауы негізінде көрсетіледі.

**Міндеттемелер мен аударымдар үшін резервтер.** Міндеттемелер мен аударымдар үшін резервтер белгіленбеген мерзімі немесе сомасы бар қаржылық емес сипаттағы міндеттемелерді білдіреді. Резервтер Қорда есепті күнге дейін туындаған міндеттемелер (құқықтық немесе қалыптасқан іскерлік практикадан туындайтын) болған кезде қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бұл ретте осы міндеттемелерді орындау үшін Қорға экономикалық ресурстардың өкелілуі талап етіледі және міндеттемелер сомасы жеткілікті делдік дәрежесімен бағалануы мүмкін деген жоғары ықтималдық бар.

Реттеуші органдар белгілейтін пайдаға салынатын салықты немесе алымдарды қоспағанда, салықтар сияқты міндетті төлемдер мен аударымдар төлеу жөніндегі міндетті туындауының алдындағы кезеңге қатысты ақпараттың негізінде заңнамада міндетті төлемнің туындауына әкеп соғатын, міндетті төлемнің туындауына әкеп соқтыратын міндеттеуші оқиға болған кезде міндеттемелер ретінде танылады. Егер міндетті төлемді төлеу міндеттеуші оқиға болғанға дейін жүзеге асырылса, бұл төлем алдын ала төлем ретінде танылады.

**Жеткізушілермен есеп айырысу және өзге де кредиторлық берешек.** Кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек контрагент өз міндеттемелерін орындаған кезде танылады және амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

### **3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау (жалғасы)**

**Акционерлік капитал.** Дивидендтері акционердің қалауы бойынша жарияланатын қарапайым акциялар өз қаражаты ретінде көрсетіледі. Жаңа акциялар эмиссиясына тікелей қатысты қосымша шығындар өз қаражатының құрамында түсімді азайту (салықты есептемегенде) ретінде көрсетіледі. Алынған қаражаттың әділ құны шығарылған акциялардың номиналды құнынан асатын сома эмиссиялық кіріс ретінде өз қаражатының құрамында көрсетіледі.

**Дивидендтер.** Дивидендтер олар жарияланған кезеңде капиталда көрсетіледі. Пайданы бөлу және оның өзге де шығындары Қазақстан заңнамасының талаптарына сәйкес дайындалған бухгалтерлік есептілік негізінде жүзеге асырылады. Қазақстандық заңнаманың талаптарына сәйкес пайданы бөлу қазақстандық заңнаманың талаптарына сәйкес дайындалған қаржылық есептілік бойынша ағымдағы жылдың таза пайдасы негізінде жүзеге асырылады.

**Пайыздық кірістер мен шығыстарды тану.** Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатындардан басқа, барлық борыштық құралдар бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Мұндай есеп айырысу пайыздық кірістер мен шығыстарға шарт тараптары төлеген және алған және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын барлық комиссиялар мен төлемдерді, мәміле бойынша шығындарды, сондай-ақ барлық өзге де сыйлықтар мен жеңілдіктерді қамтиды. Номиналды пайыздық мөлшерлеме бойынша есептелген пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша пайыздық кіріс «Өзге ұқсас кірістер» бабында пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемеге жататын комиссияларға қаржы активін қалыптастыруға немесе сатып алуға немесе қаржылық міндеттемені шығаруға байланысты ұйым алған немесе төлеген комиссиялар (мысалы, кредит қабілеттілігін бағалау, кепілдіктерді бағалау немесе есепке алу немесе қамтамасыз ету, құрал беру шарттарын реттеу үшін және мәміле бойынша құжаттарды өңдеу үшін комиссиялар) кіреді. Нарықтық мөлшерлемелер бойынша қарыз бергені үшін Қор алған міндеттемелер үшін комиссиялық сыйақылар, егер Қор нақты кредиттік келісім жасасады және оны бергеннен кейін қысқа кезең ішінде қарызды сатуды жоспарламайды деген ықтималдық болса, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылады. Қор кредиттер беру жөніндегі міндеттемені пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттеме ретінде жіктемейді.

Құрылған немесе сатып алынған кредиттік-құнсызданған қаржы активтеріне қатысты тиімді пайыздық мөлшерлеме бастапқы тану кезінде әділ құнға дейін күтілетін ақша ағындарын (бастапқы күтілетін кредиттік залалдарды қоса алғанда) дисконттайтын мөлшерлемені білдіреді (әдетте сатып алу бағасына сәйкес келеді). Нәтижесінде тиімді пайыз кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген болып табылады.

Пайыздық кіріс қаржы активтерінің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептелсді, бұған: (i) құнсызданған (3-кезең) және олар үшін пайыздық кіріс олардың амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептелетін (күтілетін кредиттік залалдар резервін шегергенде) қаржы активтері; және (ii) кредиттік тәуекел ескеріле отырып түзетілген бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизацияланған құнға қолданылатын құрылған немесе сатып алынған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері кірмейді.

**Комиссиялық кірістер.** Комиссиялық кірістер клиент бір мезгілде Қор ұсынған қызметтерден пайда алатын және пайдаланатын қызметтерді ұсыну фактісі бойынша біркелкі есептен шығару әдісін пайдалана отырып, кезең ішінде көрсетіледі. Ауыспалы сыйақы басшылықтың шешіміне сәйкес елеулі түзетудің болмау ықтималдығы жоғары сомада ғана көрсетіледі.

Өзге комиссиялық кірістер Қор өз міндеттерін орындауға орындаған кезде, әдетте тиісті операцияны орындағаннан кейін көрсетіледі. Алынған немесе алынуға жататын комиссиялық сома орындауға ерекше міндеттер ретінде сәйкестендірілген қызметтер үшін мәміле бағасын білдіреді.

### 3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау (жалғасы)

**Шетел валютасын қайта бағалау.** Қор өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық аймақтың валютасы Қордың функционалдық валютасы болып табылады. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы Қордың есеп беру валютасы мен функционалдық валютасы болып табылады.

Шетел валютасында көрсетілген операциялар операция жүргізілген күнге басым айырбас бағамы бойынша көрсетіледі. Шетел валютасында көрсетілген операцияларды өтеуден болатын бағамдық айырмалар осы күнге белгіленген айырбастау бағамын пайдалана отырып, жиынтық кіріс туралы есепке енгізіледі.

Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күнге ҚРҰБ ресми айырбастау бағамын пайдалана отырып теңгеге аударылады. Шетел валютасындағы ақшалай емес активтер мен міндеттемелер мен операциялар операция жүргізілген күнгі ҚРҰБ айырбастау бағамы бойынша көрсетіледі. Жыл соңындағы айырбас бағамы бойынша қайта есептеу бастапқы құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптарға қолданылмайды. Бағамдық айырмадан пайда мен залал жиынтық кіріс туралы есепте таза негізде көрсетіледі.

2021 жылғы 31 желтоқсанда шетел валютасындағы шоттар бойынша қалдықтарды қайта бағалау үшін пайдаланылған ресми айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 431,80 теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 420,91 теңге). 2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚРҰБ бірлесіп валюталық дәлізді алып тастау және Теңгенің еркін құбылмалы айырбас бағамына көшу туралы шешім қабылдады.

**Персоналды ұстауға арналған шығыстар және оларға байланысты аударымдар.** Жалақыға арналған шығыстар, әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін жарналар, жыл сайынғы ақы төленетін демалыстар мен аурухана демалыстары, сыйлықақылар мен ақшалай емес жеңілдіктер Қор қызметкерлерінің тиісті қызмет көрсетуіне қарай есептеледі. Қор зейнетақы шығыстарын көтермейді. Қазақстан заңнамасына сәйкес Қор жұмыскерлердің жалақысынан зейнетақы аударымдарын ұстап қалады және оларды мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына аударады. Жұмыскер зейнеткерлікке шыққан кезде барлық тиісті төлемдерді тиісті зейнетақы қоры жүргізеді.

**Сегменттік есептілік.** Сегменттер бойынша есептілік операциялық шешімдер қабылдайтын Қордың басшылығына ұсынылатын ішкі есептілікке сәйкес жасалады. Егер оның кірістері, қаржылық нәтижесі немесе активтері жалпы кірістердің, жалпы қаржылық нәтиженің немесе барлық сегменттердің жиынтық активтерінің кемінде он пайызын құраса, сегмент жеке ашылуға жатады.

**Өтімділік тәртібімен қаржылық жағдай туралы есептің баптарын ұсыну.** Қорда нақты айқындалатын операциялық цикл жоқ, сондықтан Қор қаржы жағдайы туралы есепте жеке айналым және айналымнан тыс активтер мен ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелерді ұсынбайды. Оның орнына активтер мен міндеттемелер өтімділік тәртібімен ұсынылған. Қаржы құралдарын өтеудің күтілетін мерзімдері бойынша талдау 26-ескертпеде келтірілген. Төмендегі кестеде 26-ескертпеде ұсынылған талдауға енгізілмеген баптар үшін есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай өткенге дейін немесе одан кейін орнын толтыру немесе өтелуі күтілетін сомалар туралы ақпарат берілген.

	2021 жылғы 31 желтоқсан			2020 жылғы 31 желтоқсан		
	Орын толтыруға/өтеуге күтілетін сомалар		Жиыны	Орын толтыруға /өтеуге күтілетін сомалар		Жиыны
есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде	есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 айдан кейін			есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде	есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 айдан кейін	
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>						
<b>АКТИВТЕР</b>						
Ағымдағы салық міндеттемелерін алдын ала төлеу	3,021,645	335,738	3,357,383	2,972,132	4,458,199	7,430,331
Кейінге қалдырылған салық активі	639,698	2,493,198	3,132,896	583,314	2,394,873	2,978,187
Материалдық емес активтер	125,022	142,601	267,623	143,311	91,080	234,391
Негізгі құралдар	245,446	1,876,383	2,121,829	422,463	1,938,802	2,361,265
Өзге активтер	4,868,514	-	4,868,514	5,007,902	-	5,007,902
Сатуға арналған айналымнан тыс активтер	153,173	-	153,173	250,217	-	250,217
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>						
Өзге міндеттемелер	519,013	-	519,013	443,841	-	443,841

#### **4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдар**

Қор есептілікте көрсетілген сомаға және келесі қаржы жылындағы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына әсер ететін бағалаулар мен жорамалдар жүргізеді. Бағалар мен жорамалдар басшылықтың тәжірибесі және басшылықтың пікірі бойынша ағымдағы мән-жайлар тұрғысынан негізді болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты күтулерді қоса алғанда, басқа да факторлар негізінде үнемі талданады. Есеп саясатын қолдану процесінде басшылық кәсіби пайымдаулар мен бағалауларды да пайдаланады. Қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаларға неғұрлым елеулі әсер ететін кәсіби пайымдаулар және нәтижелері келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын елеулі түзетулер болуы мүмкін бағалаулар мыналарды қамтиды:

**Қызметтің үздіксіздігі.** Басшылық қызметтің үздіксіздігі туралы жол беру негізінде осы қаржылық есептілікті дайындады. Осы пайымды құруда басшылық Қордың қаржылық жағдайын, ағымдағы ниеттерін, операциялардың кірістілігін және қаржы ресурстарына қол жеткізуді ескерген.

**Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау.** Қор өзінің кредиттік портфелін және қаржы мекемелеріндегі қаражатын тұрақты негізде және әрбір есепті күнге құнсыздану мәніне талдайды. Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау - елеулі бағалау, оны алу үшін бағалау әдіснамасы, модельдер және бастапқы деректер пайдаланылады. Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау әдіснамасының егжей-тегжейлері 26-ескертпеде ашылған. Мынадай компоненттер кредиттік залалдар үшін бағалау резервіне елеулі ықпал етеді: дефолтты анықтау, кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы, дефолт ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшырау және дефолт жағдайындағы залал мөлшері, сондай-ақ макроэкономикалық сценарийлер моделі. Қор есептік күтілетін кредиттік залалдар мен кредиттер бойынша нақты залалдар арасындағы алшақтықтарды азайту мақсатында модельдер үшін модельдер мен бастапқы деректерді үнемі тексереді және растайды.

2021 және 2020 жылдары Қор банктерге берілген қарыздар бойынша макроэкономикалық ауыспалыларға талдау жүргізбеді. Бұл макроэкономикалық айнымалылардың банктердің дефолт болу ықтималдығына әсер етпеуімен түсіндіріледі, осыған байланысты макроэкономикалық факторлар 100% деңгейінде бекітілді (бұл ықпалдың жоқтығын көрсетеді). Кредиттер мен аванстар бойынша Қор Қордың активтеріне қатысты портфельдің болмауына байланысты макроэкономикалық ауыспалылардың әсеріне талдау жүргізбейді.

2021 жылы Қор жоғары кредиттік тәуекелі бар банктер жүзеге асырған мерзімінен бұрын өтеулерге байланысты, сондай-ақ осындай банктерден кепілдік қамтамасыз етуді қабылдаумен байланысты кредиттік мекемелердегі қаражаттар мен кредиттер және клиенттерге аванстар бойынша кредиттік портфельдің кредиттік залалдарына бағалау резервін қалпына келтіруден түскен кірісті 1,418,073 мың теңге сомасында таныды (2020 ж.: қаржы активтерінің кредиттік сапасының нашарлауына байланысты 1,190,264 мың теңге сомасында (құнсызданудан болған залал) (7 және 8-ескертпелер).

**Қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша сезімталдықты талдау.** 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дефолт ықтималдығын бағалауды 10%-ға ұлғайту немесе азайту күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервінің қорытынды сомасын 759,016 мың теңгеге ұлғайтуға немесе төмендетуге әкеп соқтырған болар еді (2020 жылғы 31 желтоқсан: 1,229,144 мың теңгеге).

**Кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы.** Кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаю фактісін анықтау үшін Қор есепті күнге қаржы құралының қолданылу мерзімі ішінде дефолттың басталу тәуекелін бастапқы тану күніне дефолттың басталу тәуекелімен салыстырады. Бағалау процесінде есепті күнгі кредиттік тәуекелдің нақты деңгейі емес, кредиттік тәуекелдің салыстырмалы ұлғаюы қаралады. Қор бірқатар факторларды, оның ішінде нақты клиенттік портфельдердің мінез-құлық аспектілерін қоса алғанда, шамадан тыс шығындар мен күш-жігерсіз қолжетімді барлық негізделген және расталған болжамды ақпаратты ескереді. Қор дефолт сәтіне дейін кредиттік тәуекелдің ұлғаюының мінез-құлық белгілерін және кредиттік тәуекелді бағалауға тиісті болжамды ақпаратты жеке құрал немесе портфель деңгейінде енгізуді айқындайды (26-ескертпе).

Егер қаржы мекемелеріндегі барлық қаражат бойынша күтілетін кредиттік залалдар бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар ретінде бағаланса (яғни қазіргі сәтте 1-кезеңдегі және 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар ретінде бағаланатындарды қоса алғанда), күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резерві 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 17,082,621 мың теңгеге артық болар еді (2020 жылғы 31 желтоқсан: 10,475,306 мың теңгеге артық).

#### **4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар және кәсіби пайымдар (жалғасы)**

**Бизнес-модельді бағалау.** Қаржы активтері бизнес-модель негізінде жіктеледі. Бизнес-модельді бағалауды орындау кезінде басшылық қаржы құралдарының агрегаттау деңгейі мен портфельдерін орнату үшін пайымдауды қолданды. Сату операцияларын бағалау кезінде Қор олардың өткен кезеңдердегі жиілігін, мерзімдері мен құнын, сату себептерін және болашақ сатуға қатысты күтулерін ескереді. Кредиттік сапаның нашарлауына байланысты әлеуетті шығындарды азайтуға бағытталған сату операциялары «алу үшін ұстап қалу» бизнес-моделіне сәйкес келеді деп есептеледі. Кредиттік тәуекелді басқару жөніндегі шаралармен байланысты емес өтеу мерзіміне дейінгі басқа да сатулар олар жеке-жеке, сондай-ақ жиынтық құны бойынша сирек немесе шамалы жүзеге асырылатын жағдайда «алу үшін ұстап қалу» бизнес-моделіне сәйкес келеді. Қор сату құнын оған қатысты бизнес-модельге бағалау жүргізілетін портфельдің құнымен портфельдің орташа қолданылу мерзімі ішінде салыстыру жолымен сату операцияларының маңыздылығын бағалайды. Бұдан басқа, тек стресстік сценарий жағдайында немесе Қор бақыламайтын жекелеген оқиғаға байланысты күтілетін қаржы активін сату қайталанатын болып табылмайды және Қор болжай алмайды, бизнес-модель мақсатына байланысты емес ретінде қаралады және тиісті қаржы активтерін жіктеуге әсер етпейді.

«Алу және сату үшін ұстап қалу» бизнес-моделі үшін және активтердің ақша ағынын алу үшін ұсталып қалу фактісі және активтерді сату өтімділікке қажеттіліктерді басқару, белгілі бір пайыздық кіріске қол жеткізу немесе осы активтер қаржыландырылатын міндеттемелер мерзімімен қаржылық активтердің мерзіміне сәйкес келтіру сияқты бизнес-модельдің мақсатына қол жеткізудің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қалдық санат бірінші кезекте пайда алу үшін пайдаланылатын сату арқылы ақша ағындарын өткізу мақсатында басқарылатын қаржы активтерінің портфельдерін қамтиды. Бұл бизнес-модель шартта көзделген ақша ағындарын алумен жиі байланысты.

**Ақша қаражатын борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың (SPPI) есебіне тек қана төлемдердің анықтамасына сәйкестігін бағалау.** Қаржы активінен түсетін ақша ағындарының борыштың негізгі сомасын және пайыздарды төлеуді ғана айқындауға сәйкестігін айқындау үшін пайымдауды қолдану қажет.

Қор шарттық ақша ағындарының мерзімін немесе сомасын өзгертетін шарттық талаптарды анықтады және қарады. Егер кредит талаптары бойынша оны мерзімінен бұрын өтеу мүмкін болса және мерзімінен бұрын өтеу сомасы борыш пен есептелген пайыздар сомасын және шартты мерзімінен бұрын бұзғаны үшін негізделген қосымша өтемақыны білдіретін болса, ақша ағындары борыштың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне тек төлемдер өлшеміне сәйкес келеді. Актив бойынша борыш сомасы борыш сомасын өтеу есебіне кейінгі төлемдерді шегере отырып, яғни тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісінің көмегімен айқындалған пайыздарды есептегенде бастапқы тану кезінде әділ құнға тең. Осы ережеден алып тастау ретінде стандарт сондай-ақ борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың шотына тек төлемдердің өлшемдеріне сәйкес келуі үшін мынадай шарттарға сәйкес келуі тиіс мерзімінен бұрын өтеу элементтері бар құралдарға жол береді: (i) актив сыйлықақымен немесе дисконтпен берілсе, (ii) алдын ала төлеу сомасы шарт бойынша номиналды соманы және есептелген пайыздарды және шартты мерзімінен бұрын бұзғаны үшін негізделген қосымша өтемақыны ұсынады және (iii) мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігінің әділ құны бастапқы тану сәтінде елеусіз болды.

Қор стандартта келтірілген мысалдарды қарады және шарттың мәтініне енгізілмеген заңнама негізінде ғана туындайтын сипаттамалар деген қорытындыға келді (кейбір елдердегі борышты меншікті капиталға айырбастау туралы ережелер сияқты), яғни заңнама өзгерген жағдайда бұл сипаттамалар енді қолданылмайтын болады, ақша ағындарының борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне тек төлемдердің өлшемдеріне сәйкестігін бағалау кезінде ескерілмеуі тиіс.

**Қаржы активтерін түрлендіру.** Қаржы активтері шарттық талаптарына сәйкес түрлендірілгенде (мысалы, оларды қайта қарау нәтижесінде) Қор түрлендіру елеулі болып табылатынын және ол бастапқы активті тануды тоқтатуға және жаңа активті әділ құн бойынша тануға әкеп соқтыруы тиіс екенін бағалайды. Бұл бағалау негізінен тиісті есеп саясатында сипатталған сапалы факторларға негізделеді және елеулі пайымдауларды қолдануды талап етеді. Атап айтқанда, Қор талаптары қайта қаралған құнсызданған кредиттік шарттарды тануды тоқтату керек пе және жаңадан танылған кредиттерді бастапқы тану кезінде құнсызданған кредиттер ретінде қарау керек пе деген шешім қабылдау кезінде пайымдауды қолданады. Тануды тоқтату қажеттілігі туралы шешім осындай түрлендіру нәтижесінде тәуекелдер мен пайданың, яғни күтілетін ақша ағындарының (шартта көзделмеген ақша ағындарының) өзгеруіне байланысты болады. Басшылық мұндай кредиттерді түрлендіру нәтижесінде тәуекелдер мен пайдалар өзгермегенін, ал шын мәнінде, барлық осындай түрлендірулер мен кредиттерді тануды тоқтату да, оларды құнсызданған кезеңнен қайта жіктеу де болмағанын анықтады.

#### **4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар және кәсіби пайымдар (жалғасы)**

Қордың «ЦеснаБанк» АҚ-на берген 52,996,774 мың теңге мөлшеріндегі қарыздары бойынша талаптары болды, олар мемлекеттік қаражаттан және АДБ-нан алынған қаражаттан берілді. 2018 жылғы желтоқсанда АДБ қаражатынан берілген қарыздар бойынша 32,591,479 мың теңге сомасындағы талаптар Қазақстан Республикасының Үкіметі, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Қазагро холдингі» АҚ және «Цесна Корпорациясы» АҚ арасында жасалған 2018 жылғы 19 қыркүйектегі негіздемелік келісімнің шарттарына сәйкес қайта құрылымдалды. Осы қайта құрылымдау шеңберінде «ЦеснаБанк» АҚ берген қарыздар бойынша талаптар 15 жыл өтеу мерзімі және 4% мөлшерлемесі бар «ЦеснаБанк» АҚ борыштық облигацияларына ауыстырылды. Қор аталған облигацияларды 2018 жылғы желтоқсанда сатып алды.

2019 жылғы 18 қаңтарда екінші негіздемелік келісімге қол қойылды және осы облигациялар мөлшерлемені 0.1% -ға дейін төмендетумен қайта құрылымдалды. Мемлекеттік қаражаттан берілген қарыздардың 20,499,974 мың теңге сомасына қалған бөлігі бойынша пайыздық мөлшерлемені 0.1%-ға дейін және өтеу мерзімін модификациялау күнінен бастап 15 жылға дейін азайту бойынша келісімшарт талаптарын түрлендіру жүргізілді. Екінші қайта құрылымдаудан кейін Қор барлық қарыздар бойынша талап ету құқығын жоғалтты, бұл шығындар (LGD) деңгейінің 55%-дан 70%-ға дейін ұлғаюына әкелді. Қор басшылығы осы қайта құрылымдауды 2018 жылдың есепті күніне түзетуді талап ететін есепті күннен кейінгі оқиға ретінде ескерген.

Қор облигациялардағы қарыздардың түрлендірілуін елеулі және ескі қаржы құралын тануды тоқтатуды және жаңасын тануды талап ететін деп бағалады. Бірінші кезекте Қор LGD және PD коэффициенттерін тиісінше 70% және 100% тең қолдану арқылы бастапқы қаржы құралының құнсыздану мөлшерін анықтады. Бұдан өрі Қор облигациялардың әділ құнын есептеді, ол 3,935,983 мың теңгені құрады. Әділ құнды айқындау кезінде Қор дисконтталған ақша ағындарының моделін пайдаланды және кредиттік тәуекелді ескере отырып, нарықтық деректер негізінде 15.45% мөлшерінде нарықтық мөлшерлемені айқындады. АДБ қаражатынан берілген қарыздардың осы түрлендірілуі нәтижесінде Қор 2018 жылғы пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте 18,040,172 мың теңге және 2018 жылы капитал құрамында 4,920,047 мың теңге және 2018 жылы капитал құрамында 5,904,111 мың теңге (8 және 9-ескертпелер).

**Есептен шығару саясаты.** Қаржы активтері Қор оларды өндіріп алу жөніндегі барлық практикалық мүмкіндіктерді тауысқан және осындай активтерді өндіріп алуға қатысты күтулердің негізсіздігі туралы қорытындыға келген кезде тұтастай немесе ішінара есептен шығарылады. Өтеуге қатысты негізделген күтулер жоқ ақша ағындарын айқындау пайымдауларды қолдануды талап етеді.

**Қаржы құралдарын нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы тану және байланысты тараптармен операциялар.** Қор өзінің әдеттегі қызметі барысында байланысты тараптармен операциялар жүргізеді. ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес қаржы құралдары бастапқыда әділ құн бойынша танылуы тиіс. Мұндай операциялар үшін белсенді нарық болмаған кезде нарықтық немесе нарықтық емес пайыздық мөлшерлемелер бойынша операциялардың жүзеге асырылғанын анықтау үшін пайымдаулар пайдаланылады. Байланысты емес тараптармен операциялардың ұқсас түрлеріне баға белгілеу және тиімді пайыздық мөлшерлемені талдау пайымдау үшін негіз болып табылады. Байланысты тараптармен жасалатын операцияларға қатысты шарттар 30-ескертпеде көрсетілген.

2014-2015 жылдары Қор «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-нан 20 жыл өтеу мерзімімен жылдық 0.15%-бен 200 миллиард теңге көлемінде қаражат алды. Қарыз қаражатының әділ құнын бағалау кезінде Қор басшылығы 20 жылға экстраполирленген 10 жылдық мемлекеттік облигациялар бойынша кірістілік қисығынан алынған жылдық базистік мөлшерлемені пайдаланды. Қор басшылығы осы қаражат бойынша мынадай тиімді мөлшерлемелерді анықтады: 100 миллиард теңгеге бірінші транш - 6.58%, 50 миллиард теңгеге екінші транш - 6.57%, 50 миллиард теңгеге үшінші транш - 6.71%. Қор осы операцияны ХҚЕС (IAS) 20 сәйкес мемлекеттік субсидия ретінде таныды және пайда немесе залал туралы есептің құрамындағы нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша қарыз қаражатын бастапқы тану кезінде кірісті таныды.

2014-2015 жылдары 200 миллиард теңге көлемінде алынған қаражат коммерциялық банктерде 20 жыл өтеу мерзімімен жылдық 2%-дан толық орналастырылды. Банктерге берілген заемдардың әділ құнын бағалау кезінде Қор басшылығы әрбір кредиттік рейтинг үшін Кредиттік Дефолттық Спрэд негізінде әрбір банктің ерекше кредиттік тәуекелдерін пайдаланды. Кредиттік Дефолттық Спрэд 20 жылға экстраполяцияланған 10 жылдық мемлекеттік облигациялар бойынша кірістілік қисығынан алынған жылдық базистік мөлшерлемеге түзетілді.

#### **4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар және кәсіби пайымдар (жалғасы)**

2021 жылғы желтоқсанда Қор «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-нан бұрын алған 16,654,334 мың теңге сомасындағы қаражатты екі коммерциялық банкке 2034 - 2035 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 2%-бен орналастырды.

Банктерге берілген қарыздардың әділ құнын бағалау кезінде Қор басшылығы әрбір кредиттік рейтинг үшін АҚШ қазынашылық қағаздары негізінде әрбір банктің ерекше кредиттік тәуекелдерін пайдаланды. Қазынашылық қағаздардың тәуекелсіз мөлшерлемелері тәуекел үшін сыйлықақыға, егеменді тәуекел үшін сыйлықақыға, валюталық тәуекел үшін сыйлықақыға және кредиттік тәуекел және/немесе кредиттік спрэд үшін сыйлықақыға түзетілді. Коммерциялық банктің кредиттік тәуекеліне байланысты мөлшерлемелер 12.28%-дан 13.27%-ға дейін өзгерді (8 және 21-ескертпелер).

Банктерге берілген қарыздардың құнына тиімді пайыздық мөлшерлемелерді қолдану пайда немесе залал туралы есептің құрамында бастапқы тану кезінде шығысты тануға әкелді.

2019 жылы Қор «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-нан 15 жыл өтеу мерзімімен жылдық 0.1%-бен 16 миллиард теңге көлемінде қарыз алды. Қор осы қарызды байланысты тараптың алдында бұрын шығарылған облигацияларды өтеу мақсатында алды. Басшылық валюталық тәуекелді, қарыздың өмір сүру мерзімін және Қордың кредиттік тәуекелін назарға ала отырып, осы қарыз бойынша нарықтық мөлшерлемені 10.65% деңгейінде есептеді. Бастапқы тану күнінде Қор 3,623,627 мың теңгеге тең сомада әділ құнды айқындады. Бұл ретте Қор басшылығы ХБЕС (IAS 20) және ТТК (SIC) 10 барлық талаптарын талдады және Қордың операциялық қызметімен белгілі бір өзара байланысы жоқ деген қорытындыға келді. Демек, қарыздың әділ құны мен алынған ақша қаражатының арасындағы айырма негізінен мемлекеттік субсидияны емес, жалғыз акционерден меншікті капиталға төленетін жарнаны білдіреді. Тиісінше, Қор акционерлермен операция ретінде 9,901,100 мың теңге сомасындағы меншікті капитал құрамындағы кейінге қалдырылған салықты ескере отырып, дисконт деп таныды. Осы пайымды қолдану кезінде басшылық қаржыландыру шеңберінде бұрын келтірілген шығындарды немесе залалдарды өтеу бойынша шарттар немесе өнеркәсіптің қандай да бір нақты секторында немесе өңірде қызметті жалғастыру үшін жағдайлар болмаған деп пайымдады.

**Шығарылған кепілдіктерді есепке алу.** Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары шеңберінде Қор шағын және орта бизнес субъектілеріне кредит сомасының 85% дейін жабатын кепілдіктер береді. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген кепілдіктер сомасы 280,534,620 мың теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсан: 151,794,522 мың теңге). Қаржы кепілдіктері бойынша күтілетін кредиттік залалдарды есептеу үшін Қор мерзімі өткен күндер санының негізінде миграция матрицаларын пайдалана отырып, дефолт ықтималдығын айқындайды. Матрица матрицаларын жасау кезінде Қор кепілдік алған қарыз алушылар жұмыс істейтін салаларды ескереді және осы салалар бойынша дефолт туындау тәуекелдерін макроэкономикалық көрсеткіштермен корреляциялауды жүргізеді. Қор осы талдауды жүргізу кезінде мынадай макроэкономикалық көрсеткіштерді пайдаланады:

- Brent маркалы мұнайдың бағасы,
- USD/KZT валюта айырбастау бағамы;
- Инфляция деңгейі;
- Жұмыссыздық деңгейі;
- ЖІӨ өсімі.

2020 жыл ішінде мониторинг барысында Қор COVID-19 пандемиясынан туындаған қарыз алушылардың қаржылық қиындықтарына байланысты қайта құрылымдаулардың көп санын тапты, бұл 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күтілетін кредиттік залалдар мөлшерінің ұлғаюына әкелді. 2021 жыл ішінде карантиннен кейін шағын және орта бизнес қызметін қалпына келтіруге байланысты қайта құрылымдау саны қысқарды. Қор күтілетін кредиттік залалдардың мөлшерін мерзімі өткен немесе қайта құрылымдаулар болмаған барабар қалпына келтіру кезеңінен өткен жағдайда ғана төмендетеді. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шағын және орта бизнеске берілген кепілдіктер бойынша күтілетін кредиттік залалдар мөлшері 25,316,033 мың теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсан: 24,443,118 мың теңге). Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв туралы ақпарат 15-ескертпеде берілген. Кредиттік сипаттағы міндеттемелердің кредиттік сапасын талдауды қоса алғанда, шартты міндеттемелер туралы ақпарат 27-ескертпеде берілген.



## **5 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелерге көшу.**

Төменде аталған қайта қаралған стандарттар 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап Қор үшін міндетті болды, бірақ Қорға елеулі әсер етпеді:

**COVID-19-ға байланысты жалға алу бойынша басқаға беруді есепке алу туралы ХҚЕС (IFRS) 16-ға түзету (2020 жылғы 28 мамырда шығарылды және 2020 жылғы 1 маусымнан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).** Түзету жалға алушыларға COVID-19-ға байланысты жалға алу бойынша басқаға беру жалға берудің түрленімі болып табылатындығын бағалаудан факультативтік босату нысанында жеңілдік береді. Жалға алушылар жалға алу бойынша басқаға беруді есепке алу нұсқасын, егер мұндай басқаға беру жалға берудің түрленімі болып табылмаса, таңдай алады. Бұл практикалық шешім COVID-19 пандемиясына байланысты тікелей берілген жалға алу бойынша басқаға беруге ғана қолданылады және тек барлық мынадай шарттар орындалған жағдайда қолданылады: жалдау төлемдеріндегі өзгеріс жалға алу үшін өтемі өзгертілгенге дейін тікелей жалға алу үшін өтем сомасынан аспайтындай етіп қайта қарауға әкеледі; жалдау төлемдерінің кез келген азаюы 2021 жылғы 30 маусымнан кешіктірмей төлеуге берілетін төлемдерге ғана әсер етеді; және жалға берудің басқа жағдайларында елеулі өзгерістердің болмауы. 2021 жылғы 31 наурызда пандемияның жалғасуына байланысты ХҚЕС жөніндегі Кеңес 2021 жылғы 30 маусымнан 2022 жылғы 30 маусымға дейінгі басқаға беру күндерін қамтитын қосымша түзетулерді жариялады (2021 жылғы 1 сәуірден немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

Түзетулерді қолдану пайдалану құқығы нысанындағы активке әсер етпеді.

**Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау (IBOR) - ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39, ХҚЕС (IFRS) 7, ХҚЕС (IFRS) 4 және ХҚЕС (IFRS) 16 түзетулер – 2-кезең (2020 жылғы 27 тамызда шығарылды және 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді).** 2-кезеңнің түзетулері реформаларды енгізу нәтижелерінен туындайтын, оның ішінде бір базалық пайыздық мөлшерлемені баламалы мөлшерлемеге ауыстыруға қатысты мәселелерді шешуге бағытталған. Түзетулер мынадай салаларға қатысты:

- Базалық пайыздық мөлшерлемені (бұдан әрі - «IBOR реформасы») реформалау нәтижесінде ақша қаражатының шарттық ағынын айқындау үшін негіздегі өзгерістерді есепке алу тәртібі: Амортизацияланған құн бойынша бағалау қолданылатын құралдарға қатысты түзетулерге сәйкес, практикалық сипаттағы оңайлату ретінде ұйымдар ХҚЕС (IFRS) 9-дың B5.4.5-тармағында қамтылған басшылықтың көмегімен тиімді пайыздық мөлшерлемені өзгерту арқылы реформасы нәтижесінде ақша қаражатының шарттық ағынын айқындау үшін негіздегі өзгерісті ескеруі тиіс. Демек, пайда немесе залал дереу танылуға жатпайды. Практикалық сипаттағы көрсетілген жеңілдету тек осындай өзгеріске ғана қолданылады және ол тікелей IBOR реформасының салдарынан қажет болатын шамада қолданылады, ал жаңа негіз алдыңғы негізге экономикалық тұрғыдан баламалы. ХҚЕС (IFRS) 9 қолданудан уақытша босатуды қолданатын сақтандырушылар да практикалық сипаттағы осындай жеңілдетуді қолдануға тиіс. ХҚЕС (IFRS) 16-ға да түзету енгізілді, оған сәйкес жалға алушылар IBOR реформасы нәтижесінде болашақ жалдау төлемдерін айқындау үшін негізді өзгертетін жалдау шарттарының түрлендірулерін есепке алу үшін практикалық сипаттағы ұқсас жеңілдетуді пайдалануға міндетті.
- Хеджирлеу қатынастарында шартта айқындалмаған тәуекел компоненттері үшін 1-кезеңнің түзетулері бойынша босату үшін аяқталу күні: 2-кезеңнің түзетулеріне сәйкес ұйымдар келешекте шартта айқындалмаған тәуекел компоненттеріне қатысты 1-кезеңнің босатылуын екі күннен ерте қолдануды тоқтатуы қажет: шартта айқындалмаған тәуекел компонентіне өзгерістер енгізілген күнге немесе хеджирлеу қатынастары тоқтатылған күнге. 1-кезеңнің түзетулерінде тәуекел компоненттеріне қатысты аяқталу күні айқындалмаған.
- IBOR реформасына қатысты ХҚЕС (IFRS) 7 бойынша ақпаратты қосымша ашу: Түзетулерде мынадай ақпаратты ашуға қойылатын талаптар белгіленді: (i) ұйым баламалы базалық мөлшерлемелерге көшу процесін қалай басқарады; оның осы өткелден туындайтын прогресі мен тәуекелдері; (ii) елеулі базалық пайыздық мөлшерлемелер бойынша бөліністе өтуі тиіс туынды және туынды емес қаржы құралдары туралы сандық ақпарат; және (iii) IBOR реформасы нәтижесінде тәуекелдерді басқару стратегиясындағы кез келген өзгерістердің сипаттамасы.

Осы түзетулерге сәйкес шартта көзделген ақша ағындарын айқындау негіздерінің өзгерістері тиімді пайыздық мөлшерлемені түзету арқылы көрсетілуі тиіс. Пайда немесе залал дереу танылуға жатпайды. Практикалық сипаттағы ұқсас жеңілдету жалдау бойынша міндеттемелер үшін пайдаланылады. Тиімді пайыздық мөлшерлемені мұндай қайта қарау, егер өзгеріс тікелей базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау салдарынан қажет болса ғана қолданылады, ал жаңа негіз алдыңғы негізге экономикалық тұрғыдан баламалы. Егер шартта көзделген қаржы активінің ақша ағындарын және міндеттемелерді айқындау негізінің өзгеруінің бір бөлігі немесе барлық өзгерісі жоғарыда белгіленген критерийлерге сәйкес келмесе, практикалық сипаттағы көрсетілген оңайлату алдымен құралдың тиімді пайыздық мөлшерлемесін жаңартуды қоса алғанда, базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау талап ететін өзгерістерге қолданылады. Барлық қосымша өзгерістер пайданы немесе залалды тануды түрлендіруге немесе тоқтатуға әкеп соғады. Егер жалға беруді түрлендіру

## **5 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелерге көшу (жалғасы)**

IBOR реформасы талап ететін түрлендірулерге қосымша жүзеге асырылса, ХҚЕС (IFRS) 16 стандартты талаптары IBOR реформасы талап ететін өзгерістерді қоса алғанда, жалға берудің барлық түрлендірілуіне қолданылады.

**IBOR реформасының әсері.** Өртүрлі банкаралық ұсыныс мөлшерлемелерін (IBOR) реформалау және ауыстыру реттеуші органдар үшін басымдық болды. IBOR мөлшерлемелерінің көпшілігін жариялау 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін тоқтатылады. АҚШ долларымен белгілі бір LIBOR мөлшерлемелерін жариялау 2023 жылғы 30 маусымға дейін тоқтатылады.

Қорда 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баламалы пайыздық базалық мөлшерлемелерге ауыстырылуы тиіс туынды құралдармен және туынды емес қаржы активтерімен шарттар жоқ.

## **6 Жаңа есепке алу ережелері**

2021 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын және Қор әлі мерзімінен бұрын қабылдамаған жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын бірқатар жаңа стандарттар мен түсіндірмелер жарияланды.

**ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» (2017 жылғы 18 мамырда шығарылды және 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).** ХҚЕС (IFRS) 17 компанияларға сақтандыру шарттарын есепке алудың қолданыстағы практикасын қолдануға рұқсат берген ХҚЕС (IFRS) 4 алмастырады, соның нәтижесінде инвесторларға ұқсас сақтандыру компанияларының өзге де қатынастарындағы қаржылық нәтижелерді салыстыру және салыстырып қарау қиын болды. ХҚЕС (IFRS) 17 сақтандырушыда бар қайта сақтандыру шарттарын қоса алғанда, сақтандыру шарттарының барлық түрлерін есепке алу қағидаттарына негізделген бірыңғай стандарт болып табылады. Осы стандартқа сәйкес сақтандыру шарттарының топтарын тану және бағалау: (i) бақыланатын нарықтық ақпаратқа сәйкес келетін шарттарды орындау бойынша ақша ағындары туралы барлық қолда бар ақпарат ескерілген тәуекел ескеріле отырып түзетілген болашақ ақша ағындарының (шарттарды орындау бойынша ақша ағындары) келтірілген құнына (егер құны міндеттеме болып табылса) немесе одан бөлінбеген пайда сомасы шегерілетін (егер құны актив болып табылса) (ii) Сақтандырушылар сақтандыру шарттарының тобынан олар сақтандыру өтемін беретін кезең ішінде және тәуекелден босатылуына қарай пайда көрсететін болады. Егер шарттар тобы залалды болып табылса немесе залалдыға айналса, ұйым залалды бірден көрсетеді.

**ХҚЕС (IFRS) 17 түзетулері және ХҚЕС (IFRS) 4 түзетулері (2020 жылғы 25 маусымда шығарылды және 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).** Түзетулер ХҚЕС (IFRS) 17 енгізуді жеңілдетуге және стандарт пен көшудің жекелеген талаптарын жеңілдетуге бағытталған бірқатар түсіндірмелерді қамтиды. Бұл түзетулер ХҚЕС (IFRS) 17 сегіз саласына жатады және стандарттың негіз қалаушы қағидаттарын өзгертуді көздемейді. ХҚЕС (IFRS) 17-ге мынадай түзетулер енгізілді:

- **Күшіне ену күні:** ХҚЕС (IFRS) 17 (түзетулермен) күшіне ену күні екі жылға кейінге қалдырылды. Стандарт 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қолданылуы тиіс. ХҚЕС (IFRS) 4 белгіленген ХҚЕС (IFRS) 9 қолданудан уақытша босатудың қолданылу мерзімі де 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге ауыстырылды.
- **Сақтандыру аквизициялық ақша ағындарын күтілетін өтеу:** Ұйымдар өздерінің аквизициялық шығындарының бір бөлігін ұзарту күтілетін тиісті шарттарға жатқызуы және осындай шығындарды ұйым шартты ұзартуды таныған кезге дейін активтер ретінде тануы тиіс. Ұйымдар әрбір есепті күнге активті өтеу ықтималдығын бағалауы және қаржылық есептілікке ескертпелерде нақты актив туралы ақпарат беруі тиіс.
- Шартта көзделген инвестициялық қызметтерге жататын қызметтер үшін маржа: жалпы модельге сәйкес пайда көлемін және сақтандыру өтемінің де күтілетін кезеңін, сондай-ақ ауыспалы төлемдермен шарттар бойынша және инвестициялық кіріс алу бойынша қызметтермен өзге де шарттар бойынша инвестициялық қызметтер көрсетуді ескере отырып, жабу бірліктерін бөлу қажет. Инвестициялық қызметке байланысты шығындарды ұйым сақтанушы үшін сақтандыру өтемінен түсетін пайданы арттыру үшін осындай қызметті жүзеге асыратын жағдайларда сақтандыру шартының шекарасына ақша ағыны ретінде енгізу қажет.
- **Сатып алынған қайта сақтандыру шарттары – залалдарды өтеу:** ұйым ауыртпалық тобы бойынша базалық сақтандыру шарттарын бастапқы тану кезінде немесе топқа ауыртпалық базалық сақтандыру шарттарын қосу бойынша залалды мойындаған кезде, ұйым сатып алынған қайта сақтандыру шарттарының тиісті тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаны түзету және осындай қайта сақтандыру шарттары бойынша пайданы тану керек. Қайта сақтандыру шарты бойынша өтелген залал сомасы базалық сақтандыру шарттары бойынша танылған залалды және ұйым сатып алынған қайта сақтандыру шарты бойынша өтеуді күтетін базалық сақтандыру шарттары бойынша талаптардың

## **6 Жаңа есепке алу ережелері (жалғасы)**

- пайызын көбейту жолымен айқындалады. Бұл талап сатып алынған қайта сақтандыру шарты базалық сақтандыру шарттары бойынша залал танылғанға дейін немесе осындай танумен бір мезгілде танылған жағдайда ғана қолданылатын болады.
- *Өзге түзетулер:* Өзге түзетулер кредиттік карталар туралы кейбір шарттар (немесе ұқсас шарттар) үшін және кейбір кредиттік шарттар үшін қолдану аясынан алып тастауларды қамтиды; топтарда емес, портфельдердегі қаржылық жағдай туралы есепте сақтандыру шарттары бойынша активтер мен міндеттемелерді ұсыну; сатып алынған қайта сақтандыру шарттарының және пайда немесе залал арқылы өділ құны бойынша туынды емес қаржы құралдарының көмегімен қаржылық тәуекелдерді төмендету кезінде тәуекелді төмендету нұсқасының қолданылуы; ХҚЕС (IFRS) 17 қолдану кезінде алдыңғы аралық қаржылық есептілікте көрсетілген бағалау мәндерін өзгерту үшін есеп саясатын таңдау; сақтандыру шартының талаптары бойынша нақты сақтанушыға жатқызылатын пайда салығы бойынша төлемдер мен түсімдерді шарттарды орындау бойынша ақша ағындарына енгізу; өтпелі кезең ішінде талаптардан ішінара босату және басқа да ұсақ түзетулер.

**ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 түзетулері - «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелердегі активтерді сату немесе жарнасы» (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылды және ХҚЕС жөніндегі Кеңес айқындайтын күнге басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді.)** Осы түзетулер ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28, инвестордың қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға активтерді сатуға немесе жарнаға қатысты талаптары арасындағы сәйкессіздікті жояды. Түзетулерді қолданудың негізгі салдары, егер мәміле бизнеске қатысты болған жағдайда, пайда немесе залал толық көлемде танылады. Егер активтер бизнес болып табылмаса, тіпті осы активтерге еншілес ұйым иелік етсе де, пайданың немесе залалдың бір бөлігі ғана танылады.

**Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктеу - ХҚЕС (IAS) 1 түзетулері (2020 жылғы 23 қаңтарда шығарылды және 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді.)** Қолдану саласы шектеулі осы түзетулер міндеттемелер есепті кезеңнің соңында бар құқықтарға байланысты қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып жіктелетінін нақтылайды. Егер ұйымның есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша оларды өтеуді кемінде 12 айға кейінге қалдыруға елеулі құқығы болса, міндеттемелер ұзақ мерзімді болып табылады. Стандарт нұсқауында енді мұндай құқық сөзсіз болуы тиіс деген талаптар жоқ. Ұйым басшылығының кейіннен өзінің өтеуді кейінге қалдыру құқығын пайдалануға қатысты күтулері міндеттемелерді жіктеуге әсер етпейді. Егер ұйым кезең соңында қолданылатын барлық шектеу шарттарын сақтаған жағдайда ғана өтеуді кейінге қалдыру құқығы бар. Егер талап есепті күнге немесе оған дейін бұзылса, тіпті есепті кезең аяқталғаннан кейін кредитордан осындай шартты орындау міндетінен босату алынған жағдайда да міндеттеме қысқа мерзімді болып жіктеледі. Егер кредиттік келісімнің шектеу шарты есепті күннен кейін ғана бұзылса, кредит ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі. Бұдан басқа, түзетулер ұйым оны өз капиталына айырбастау арқылы өтей алатын борышты жіктеуге қойылатын талаптарды нақтылайды. «Өтеу» ақша қаражаты, экономикалық пайдасы бар басқа ресурстар немесе ұйымның меншікті үлестік құралдары нысанындағы есеп айырысу арқылы міндеттеменің тоқтатылуы ретінде айқындалады. Меншікті капиталға айырбасталуы мүмкін айырбасталатын құралдар үшін, бірақ айырбастауға арналған опцион құрамдастырылған қаржы құралының жеке компоненті ретінде үлестік құрал ретінде жіктелетін құралдар үшін ғана ерекшелік көзделген.

**Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктеу - күшіне ену күнін ауыстыру - ХҚЕС (IAS) 1 түзетулері (2020 жылғы 15 шілдеде шығарылды және 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді.)** Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жіктеуге қатысты ХҚЕС (IAS) 1 түзетулері 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енудің бастапқы күнімен 2020 жылғы қаңтарда шығарылды. Дегенмен, COVID-19 пандемиясына байланысты күшіне ену күні компанияларға ұсыныстарға түзетулер енгізу нәтижесінде жіктеуге байланысты өзгерістерді енгізу үшін көбірек уақыт беру үшін бір жылға ауыстырылды.

## **6 Жаңа есепке алу ережелері (жалғасы)**

**«Мақсатты пайдалану басталғанға дейін алынған табыс», «Ауыртпалық шарттар - шартты орындауға жұмсалатын шығындар», «Тұжырымдамалық негіздерге сілтеме» - ХҚЕС (IAS) 16, ХҚЕС (IAS) 37 және ХҚЕС (IFRS) 3 қолданылуы шектеулі түзетулер және ХҚЕС-ті 2018-2020 жылдар үшін жыл сайынғы жетілдіру - ХҚЕС (IFRS) 1, ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IFRS) 16 және ХҚЕС (IAS) 41 түзетулері (2020 жылғы 14 мамырда шығарылды және 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).** ХҚЕС (IFRS) 16-ға түзету ұйымдарға негізгі құралдар объектісінің құнынан ұйым осы активті болжамды пайдалануға дайындаған сәтте өндірілген объектілерді сатудан алынған қандай да бір кірістерді шегеруге тыйым салады. Мұндай объектілерді сатудан түскен кірістер оларды өндіруге жұмсалатын шығындармен бірге енді пайда немесе залал құрамында танылады. Ұйым осындай объектілердің құнын бағалау үшін ХҚЕС (IAS) 2 қолданатын болады. Құн мұндай сыналатын активтің амортизациясын қамтымайды, өйткені ол болжамды пайдалануға әлі дайын емес. ХҚЕС (IFRS) 16-ға түзетуде сондай-ақ ұйым осы активтің техникалық және физикалық тиімділігін бағалаған кезде «активтің тиісті жұмыс істеуін тексеретіні» түсіндіріледі. Бұл активтің қаржылық тиімділігі мұндай бағалау үшін маңызды емес. Осылайша, актив басшылықтың ниетіне сәйкес пайдаланылуы және ол басшылық күткен операциялық тиімділік деңгейіне жеткенге дейін амортизациялануы мүмкін.

ХҚЕС (IAS) 37-ге түзетуде «шартты орындауға жұмсалған шығындар» ұғымына түсінік беріледі. Түзетуде шартты орындауға арналған тікелей шығындар осындай шартты орындауға арналған қосымша шығындарды; шарттарды орындауға тікелей қатысты өзге де шығындарды бөлуді қамтитыны түсіндіріледі. Осы түзетуде сондай-ақ ауыртпалық шартымен жеке резерв құрылғанға дейін ұйым шартты орындау үшін бөлінген активтер бойынша емес, оны орындау кезінде пайдаланылған активтер бойынша келтірілген құнсызданудан болған залалды мойындайтыны түсіндіріледі.

ХҚЕС (IFRS) 3 оған бизнесті біріктіру кезіндегі актив немесе міндеттеме екенін анықтауға мүмкіндік беретін 2018 жылғы қаржылық есептіліктің Тұжырымдамалық негіздеріне сілтеме енгізе отырып толықтырылды. Осы түзетуді қабылдағанға дейін ХҚЕС (IFRS) 3 2001 жылғы Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне нұсқауды қамтыды. Бұдан басқа, ХҚЕС (IFRS) 3-ке міндеттемелер мен шартты міндеттемелерге қатысты жаңа ерекшелік қосылды. Бұл ерекшелік ХҚЕС (IFRS) 3 қолданатын ұйымның міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің кейбір түрлеріне қатысты ХҚЕС (IAS) 37 немесе 2018 жылғы қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне емес, ХҚЕТК (IFRIC) 21 түсіндірмесіне сілтеме жасауы тиіс екендігін көздейді. Осы жаңа ерекшеліксіз ұйым бизнесті біріктіру кезінде ХҚЕС (IAS) 37-ге сәйкес мойындамайтын кейбір міндеттемелерді мойындауға тура келеді. Осылайша, сатып алғаннан кейін бірден ұйым осындай активтерді тануды тоқтатуға және экономикалық пайданы көрсетпейтін кірісті тануға тиіс еді. Сондай-ақ сатып алушының сатып алу күніне ХҚЕС (IAS) 37 сәйкес айқындалатын шартты активтерді тануға міндетті еместігі түсіндірілді.

ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзетуде қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату үшін «10%-дық тестілеуге» қандай төлемдерді енгізу керектігі туралы мәселе қаралады. Шығындар немесе төлемдер үшінші тараптардың немесе кредитордың пайдасына жүзеге асырылуы мүмкін. Осы түзетуге сәйкес шығындар немесе үшінші тараптардың пайдасына төленетін төлемдер «10%-дық тестілеуге» енгізілмейді.

ХҚЕС (IFRS) 16-ға қоса берілген 13 иллюстративті мысалға түзетулер енгізілді: жалға берушінің жалға алынған мүлікті жақсартуға қатысты төлемдерінің үлгісі алынып тасталды. Бұл түзету жалдау бойынша ынталандырушы төлемдерді есепке алу әдісіне қатысты қандай да бір әлеуетті түсінбеушілікті болдырмау үшін жасалған.

ХҚЕС (IFRS) 1, егер еншілес ұйым бас ұйымға қарағанда неғұрлым кеш күннен бастап ХҚЕС қолданса, босатуды қолдануға рұқсат береді. Еншілес ұйым, егер бас ұйым көрсетілген еншілес ұйымды сатып алған бизнесті біріктіру және оның нәтижелерін көрсету мақсаттары үшін ешқандай түзетулер жасалмаса, бас ұйымның ХҚЕС-на көшу күнін негізге ала отырып, бас ұйымның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілетін өзінің активтері мен міндеттемелерін баланстық құны бойынша бағалай алады. ХҚЕС (IFRS) 1-ге түзету енгізілді, ол ХҚЕС (IFRS) 1 көзделген ерекшелікті қолданған ұйымдарға, сондай-ақ бас ұйымның ХҚЕС-на көшу күні негізінде бас ұйым көрсеткен сомаларды пайдалана отырып, жинақталған бағамдық айырмаларды бағалауға мүмкіндік береді. ХҚЕС (IFRS) 1-ге бұл түзету ХҚЕС-ын алғаш қолданатын ұйымдардың шығындарын қысқарту үшін жоғарыда көрсетілген босатуды жинақталған бағамдық айырмаларға таратады. Бұл түзету ХҚЕС (IFRS) 1 көзделген босатуды пайдаланған қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға да қолданылатын болады.

Талап күшін жойды, оған сәйкес ұйымдар ХҚЕС (IAS) 41-ге сәйкес әділ құнды бағалау кезінде салық салу мақсаттары үшін ақша ағынын жоюға тиіс болды. Бұл түзету салық салудан кейін ақша ағындарын дисконттау туралы стандартта қамтылған талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етуі тиіс.

## **6 Жаңа есепке алу ережелері (жалғасы)**

**ХҚЕС (IAS) 8 «Бухгалтерлік бағалауды анықтау» түзету (2021 жылғы 12 ақпанда шығарылды және 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).** ХҚЕС (IAS) 8 түзету есеп саясатындағы өзгерістерді бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістерден қалай ажырату керектігін нақтылайды.

**Бір мәміледен туындайтын активтер мен міндеттемелерге қатысты кейінге қалдырылған салықтар - ХҚЕС (IAS) 12 түзетуі (2021 жылғы 7 мамырда шығарылды және 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).** ХҚЕС (IAS) 12 түзетуінде есепте жалға алу және пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер сияқты мәмілелер бойынша кейінге қалдырылған салықтарды қалай көрсету керектігі нақтыланады. Белгілі бір жағдайларда ұйымдар активтерді немесе міндеттемелерді алғаш рет таныған кезде кейінге қалдырылған салықты тану міндеттемесінен босатылады. Бұрын бұл ерекшеліктің жалға алу жөніндегі мәмілелерге және пайдаланудан шығару жөніндегі міндеттемелерге қолданылатындығына қатысты белгісіздік болған, ал мәмілелердің екі түрі бойынша да актив пен міндеттеме танылады. Түзетуде ерекшелік қолданылмайтыны, ал ұйымдар осындай мәмілелер бойынша кейінге қалдырылған салықты тануға міндетті екендігі нақтыланады. Осы түзетуге сәйкес ұйымдар бастапқы тану кезінде салық салынатын базаны ұлғайтатын және азайтатын сома бойынша бірдей уақытша айырмашылықтардың туындауына әкеп соғатын мәмілелер бойынша кейінге қалдырылған салықты тануға міндетті.

**ХҚЕС (IFRS) 16-ға COVID-19 байланысты жалға алу бойынша басқаға беруді есепке алу туралы түзету (2021 жылғы 31 наурызда шығарылды және 2021 жылғы 1 сәуірден немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).** 2020 жылғы мамырда ХҚЕС (IFRS) 16-ға жалға алушылар үшін практикалық сипаттағы факультативтік оңайлату туралы түзету шығарылды, оларға 2021 жылғы 30 маусымда немесе бұдан бұрын аударылуға тиіс жалдау бойынша төлемдердің төмендеуі нәтижесінде COVID-19 пандемиясына байланысты берілген жалға алу бойынша басқаға беруді жалға беру модификациясына жатқызу қажет не қажет емес екенін анықтау керек. 2021 жылғы 31 наурызда шығарылған түзету практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолдану кезеңін 2021 жылғы 30 маусымнан 2022 жылғы 30 маусымға дейін ұзартады.

Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, осы жаңа стандарттар мен түсіндірмелер Қордың қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп күтіледі.

Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, осы жаңа стандарттар мен түсіндірмелер Қордың қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп күтіледі.

## **7 Ақша қаражаты және олардың баламалары**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2021 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>2020 жылғы 31 желтоқсан</b>
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем сатып алу және кері сату шарттары (Кері РЕПО)	64,140,419	49,404,567
Талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар	10,452,112	22,604,007
ҚРҰБ-гі шоттар бойынша қалдықтар (міндетті резервтерден басқа)	2,361,621	15,143,190
Құнсыздануға арналған резервті шегергенде	(71,769)	(498)
<b>Ақша қаражатының және олардың баламаларының жиыны</b>	<b>76,882,383</b>	<b>87,151,266</b>

Талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін субсидиялау үшін алынған қаражаттан тұрады (14-ескертпе).

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Қаржылық Есептілікке Ескертпелер**

**7 Ақша қаражаты және олардың баламалары (жалғасы)**

Төмендегі кестеде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Standard and Poor's рейтингі негізінде кредиттік сапа бойынша ақша қаражаты мен олардың баламаларын талдау берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар	ҚРҰБ-гі шоттар бойынша қалдықтар	Кері РЕПО	Жиыны
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>				
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	-	2,361,621	8,018,822	10,380,443
- ВВВ-тен ВВВ + дейінгі рейтингімен	7,738,237	-	56,121,597	63,859,834
- ВВ-тен ВВ+ дейінгі рейтингімен	1,297,575	-	-	1,297,575
- В- тен В+ дейінгі рейтингімен	1,392,596	-	-	1,392,596
- рейтингі жоқ	23,704	-	-	23,704
<b>Бағалау резервіне дейінгі ақша қаражатының және олардың баламаларының жиыны</b>	<b>10,452,112</b>	<b>2,361,621</b>	<b>64,140,419</b>	<b>76,954,152</b>

Төмендегі кестеде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Standard and Poor's рейтингі негізінде кредиттік сапа бойынша ақша қаражаты мен олардың баламаларын талдау ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар	ҚРҰБ-гі шоттар бойынша қалдықтар	Кері РЕПО	Жиыны
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>				
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	-	15,143,190	6,132,441	21,275,631
- ВВВ-тен ВВВ + дейінгі рейтингімен	384,558	-	43,272,126	43,656,684
- ВВ-тен ВВ+ дейінгі рейтингімен	17,939,300	-	-	17,939,300
- В- тен В+ дейінгі рейтингімен	4,277,655	-	-	4,277,655
- рейтингі жоқ	2,494	-	-	2,494
<b>Бағалау резервіне дейінгі ақша қаражатының және олардың баламаларының жиыны</b>	<b>22,604,007</b>	<b>15,143,190</b>	<b>49,404,567</b>	<b>87,151,764</b>

Кері РЕПО мәмілелердің кредиттік сапасы мәміле бойынша кепілге берілген бағалы қағаздардың рейтингін негізге ала отырып айқындалады.

Кредиттік рейтинг Standard & Poor's агенттігінің рейтингіне (осы рейтинг болған жағдайда) немесе Moody's агенттігінің рейтингіне негізделген, ол Standard & Poor's рейтингтік шкаласы бойынша ең жақын баламалы мәнге дейін айырбасталады.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Қаржылық Есептілікке Ескертпелер**

**7 Ақша қаражаты және олардың баламалары (жалғасы)**

Төменде 2021 жыл ішінде ақша қаражаты мен олардың баламаларының құнсыздануына резервтің өзгеруін талдау берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар	ҚРҰБ-гі шоттар бойынша қалдықтар	Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем басқа банктердегі депозиттер	Жиыны
<b>2021 жылғы 1 қаңтарға құнсыздануға арналған резерв</b>	<b>(498)</b>	-	-	<b>(498)</b>
Жыл ішінде кредиттік залалдар үшін бағалау резервіне аударымдар	(71,271)	-	-	(71,271)
<b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы ақша қаражаты мен олардың баламаларының құнсыздануына арналған резерв</b>	<b>(71,769)</b>	-	-	<b>(71,769)</b>

Төменде 2020 жыл ішінде ақша қаражаты мен олардың баламаларының құнсыздануына резервтің өзгеруін талдау берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар	ҚРҰБ-гі шоттар бойынша қалдықтар	Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем басқа банктердегі депозиттер	Жиыны
<b>2020 жылғы 1 қаңтарға құнсыздануға арналған резерв</b>	<b>(9,981)</b>	-	-	<b>(9,981)</b>
Жыл ішінде кредиттік залалдар үшін бағалау резервін қалпына келтіру	8,764	-	-	8,764
100% провизиямен активтерді қайта жіктеуге байланысты провизияны ауыстыру	719	-	-	719
<b>2020 жылғы 31 желтоқсандағы ақша қаражаты мен олардың баламаларының құнсыздануына арналған резерв</b>	<b>(498)</b>	-	-	<b>(498)</b>

28-ескертпені ақша қаражатының әділ құнына және олардың баламаларына қатысты қараңыз. Ақша қаражатының пайыздық мөлшерлемелерін және олардың баламаларын талдау 26-ескертпеде ұсынылған. Байланысты тараптармен операциялар бойынша ақпарат 30-ескертпеде берілген.

Төменде ақша қаражатын және олардың баламаларын пайдалануды талап етпеген және ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке енгізілмеген инвестициялық және қаржылық операциялар туралы ақпарат берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2021 ж.	2020 ж.
<b>Ақшалай емес инвестициялық қызмет</b>		
Берілген қарыздарға айырбастау үшін амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды сатып алу	-	790,065
<b>Ақшалай емес инвестициялық қызмет</b>	-	<b>790,065</b>

**8 Қаржы мекемелеріндегі қаражат**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2021 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>2020 жылғы 31 желтоқсан</b>
Қаржы мекемелеріне берілген кредиттер	228,752,674	218,644,971
Исламдық қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде берілген кредиттер	16,125,258	12,477,188
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан астам банктердегі депозиттер	5,133,863	10,610,427
Кредиттердің құнсыздануына резервті шегергенде	(10,707,835)	(12,291,444)
<b>Қаржы мекемелеріндегі қаражат жиыны</b>	<b>239,303,960</b>	<b>229,441,142</b>

Қаржы мекемелеріне берілген кредиттер балансының ұлғаюы негізінен Қордың шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау жөніндегі бағдарламаларын іске асыру шеңберінде екінші деңгейдегі банктерде, лизингтік компанияларда және микроқаржы ұйымдарында жаңа орналастыруға байланысты.

2021 жылғы желтоқсанда Қор «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бұрын алған 16,654,334 мың теңге сомасындағы қаражатты екі коммерциялық банкте 2034 - 2035 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 2%-бен орналастырды. Қор осы қарыздардың өділ құнын бағалады және нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша қаржы құралдарын бастапқы тану кезінде залалды мойындады (4 және 21-ескертпелер).

2020 жылғы 31 наурызда Қор мен «Al-Hilal» Ислам Банкі» АҚ арасында 9,5% пайда мөлшерлемесімен 7,499,999 мың теңге сомасына тауарды бөліп төлеумен сату туралы Бас келісім жасалды. Тауарды сату туралы шарттың талаптарына сәйкес екінші тарап Қордан тауарды бөліп төлеумен сатып алды. Исламдық қаржыландырудың ерекшелігін ескере отырып, бұл операция мәні нысаннан басым болатын ХҚЕС тұжырымдамасына сәйкес қаржылық есептілікте ескерілген. Қор осы активтердің ұстап қалу мақсатында ескерілетінін көрсету үшін бизнес-тест және «SPPI-тест» жасады.

2020 жылғы 24 маусымда Қор мен «Қазақстан Иджара Компаниясы» АҚ арасында 10,5% пайда мөлшерлемесімен 3,000,000 мың теңге сомасына тауарды бөліп төлеумен сату туралы Бас келісім жасалды. 2020 жылғы 8 шілдедегі тауарды бөліп төлеумен сату туралы шартқа сәйкес 1,000,000 мың теңге мөлшеріндегі бірінші транш 2020 жылғы 24 маусымдағы Бас Келісімде бұрын көрсетілгендей 10,5% пайда мөлшерлемесіне ие. 2020 жылғы 12 қарашадағы қосымша келісімге сәйкес, екінші траншқа мөлшерлемені төмендету туралы шешім қабылданды, екінші транш сомасы 2,500,000 мың теңгені құрады, өзгерген пайда мөлшерлемесі 9.5%.

2020 жылғы 2 қазанда Қор мен «Al-Hilal» Ислам Банкі» АҚ арасында 8.5% пайда мөлшерлемесімен 2,500,000 мың теңге сомасына тауарды бөліп төлеумен сату туралы тағы бір Бас келісім жасалды.

2021 жыл ішінде Қор мен «Қазақстан Иджара Компаниясы» АҚ арасында жалпы сомасы 3,700,000 мың теңге болатын тауарды бөліп төлеумен сату туралы үш шарт жасалды.



**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Қаржылық Есептілікке Ескертпелер**

**8 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)**

Төменде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік сапа бойынша қаржы мекемелеріндегі қаражатты талдау келтірілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Қаржы мекемелеріне берілген кредиттер	Исламдық қаржыландыру бағдарламалар ы шеңберінде берілген кредиттер	Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан асатын банктердегі депозиттер	Жиыны
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>				
- BBB-тен BBB+ дейінгі рейтингімен	45,191,327	-	2,420,000	47,611,327
- BB-тен BB+ дейінгі рейтингімен	84,287,872	-	2,713,863	87,001,735
- B-тен B+ дейінгі рейтингімен	83,299,975	-	-	83,299,975
<i>Қордың ішкі бағасы:</i>				
- Жақсы деңгей	10,359,933	10,538,958	-	20,898,891
- Қанағаттанарлық деңгей	5,374,459	5,586,300	-	10,960,759
<b>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған жиыны</b>	<b>228,513,566</b>	<b>16,125,258</b>	<b>5,133,863</b>	<b>249,772,687</b>
<i>Жеке құнсызданғандар (жалпы сома)</i>				
<i>Мерзімі өткен</i>				
- 360 күннен астам төлем кешіктірілген	239,108	-	-	239,108
<b>Жеке құнсызданғандардың жиыны (жалпы сомасы)</b>	<b>239,108</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>239,108</b>
<b>Құнсыздануға арналған резервті шегергенде</b>	<b>(10,411,621)</b>	<b>(286,980)</b>	<b>(9,234)</b>	<b>(10,707,835)</b>
<b>Қаржы мекемелеріндегі қаражат жиыны</b>	<b>218,341,053</b>	<b>15,838,278</b>	<b>5,124,629</b>	<b>239,303,960</b>

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Қаржылық Есептілікке Ескертпелер**

**8 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)**

Төменде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік сапа бойынша қаржы мекемелеріндегі қаражатты талдау келтірілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Қаржы мекемелеріне берілген кредиттер	Исламдық қаржыландыру іағдарламалары шеңберінде берілген кредиттер	Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан асатын банктердегі депозиттер	Жиыны
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>				
- ВВВ-тен ВВВ + дейінгі рейтингімен	-	-	7,556,450	7,556,450
- ВВ-тен ВВ+ дейінгі рейтингімен	122,331,114	-	3,053,977	125,385,091
- В-тен В+ дейінгі рейтингімен	82,319,623	-	-	82,319,623
<i>Қордың ішкі бағасы:</i>				
- Жақсы деңгей	10,682,350	10,215,313	-	20,897,663
- Қанағаттанарлық деңгей	3,063,615	2,261,875	-	5,325,490
<b>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған жиыны</b>	<b>218,396,702</b>	<b>12,477,188</b>	<b>10,610,427</b>	<b>241,484,317</b>
<i>Жеке құнсызданғандар (жалпы сома)</i>				
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданған</i>				
- рейтингі жоқ	173,250	-	-	173,250
<i>Мерзімі өткен</i>				
- төлемді 30 күннен 360 күнге дейін кідіртумен	33,790	-	-	33,790
- 360 күннен астам төлем кешіктірілген	41,229	-	-	41,229
<b>Жеке құнсызданғандардың жиыны (жалпы сомасы)</b>	<b>248,269</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>248,269</b>
<b>Құнсыздануға арналған резервті шегергенде</b>	<b>(12,068,704)</b>	<b>(203,375)</b>	<b>(19,365)</b>	<b>(12,291,444)</b>
<b>Қаржы мекемелеріндегі қаражат жиыны</b>	<b>206,576,267</b>	<b>12,273,813</b>	<b>10,591,062</b>	<b>229,441,142</b>

Кредиттік рейтинг Standard and Poor's агенттігінің рейтингіне (осы рейтинг болған жағдайда) немесе Moody's агенттігінің рейтингіне негізделген, ол Standard and Poor's рейтингтік шкаласы бойынша ең жақын баламалы мәнге дейін айырбасталады.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Қаржылық Есептілікке Ескертпелер**

**8 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)**

Төмендегі кестеде 2021 жылдың басы мен аяғының арасындағы аралықта болған кредиттік залалдарға арналған бағалау резервіндегі және банктердегі депозиттердің жалпы баланстық құнындағы өзгерістер түсіндіріледі:

	Кредиттік залалдарға арналған бағалау резерві		Жалпы баланстық құн	
	1-кезең (12 ай үшін КҚЗ)	Жиыны	1-кезең (12 ай үшін КҚЗ)	Жиыны
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>				
<b>Банктердегі депозиттер</b>				
<b>2021 жылғы 1 қаңтарға</b>	(19,365)	(19,365)	10,610,428	10,610,428
<i>Кезеңдегі кредиттік залалдар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер ететін өзгерістер:</i>				
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған	(9,201)	(9,201)	119,368,904	119,368,904
Кезең ішінде тануды тоқтату	19,429	19,429	(125,328,643)	(125,328,643)
<b>Кезеңдегі кредиттік залалдар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер ететін өзгерістердің жиыны</b>	<b>(9,137)</b>	<b>(9,137)</b>	<b>4,650,689</b>	<b>4,650,689</b>
<i>Кезеңдегі кредиттік залалдар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер етпейтін өзгерістер:</i>				
Валюталарды қайта есептеу және өзге де өзгерістер	(97)	(97)	483,175	483,175
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>(9,234)</b>	<b>(9,234)</b>	<b>5,133,864</b>	<b>5,133,864</b>

Төмендегі кестеде 2020 жылдың басы мен аяғының арасындағы аралықта болған кредиттік залалдарға арналған бағалау резервіндегі және банктердегі депозиттердің жалпы баланстық құнындағы өзгерістер түсіндіріледі:

	Кредиттік залалдарға арналған бағалау резерві		Жалпы баланстық құн	
	1-кезең (12 ай үшін КҚЗ)	Жиыны	1-кезең (12 ай үшін КҚЗ)	Жиыны
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>				
<b>Банктердегі депозиттер</b>				
<b>2020 жылғы 1 қаңтарға</b>	(41,619)	(41,619)	11,877,984	11,877,984
<i>Кезеңдегі кредиттік залалдар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер ететін өзгерістер:</i>				
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған	(19,454)	(19,454)	167,834,984	167,834,984
Кезең ішінде тануды тоқтату	41,590	41,590	(169,036,157)	(169,036,157)
<b>Кезеңдегі кредиттік залалдар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер ететін өзгерістердің жиыны</b>	<b>(19,483)</b>	<b>(19,483)</b>	<b>10,676,811</b>	<b>10,676,811</b>
<i>Кезеңдегі кредиттік залалдар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер етпейтін өзгерістер:</i>				
Валюталарды қайта есептеу және өзге де өзгерістер	118	118	(66,384)	(66,384)
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>(19,365)</b>	<b>(19,365)</b>	<b>10,610,427</b>	<b>10,610,427</b>

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Қаржылық Есептілікке Ескертпелер**

**8 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)**

Төмендегі кестеде осы факторлардан туындаған 2021 жылдың басы мен аяғының арасындағы аралықта болған кредиттік залалдарға арналған бағалау резервіндегі және қаржы мекемелеріне берілген кредиттердің жалпы баланстық құнындағы өзгерістер түсіндіріледі.

	Кредиттік залалдарға арналған бағалау резерві				Жалпы баланстық құн			
	1-кезең (12 ай үшін ККЗ)	2-кезең (кредиттік төуекелдің елеулі ұлғаюынан барлық мерзім үшін ККЗ)	3-кезең (кредиттік- құнсыздан- ған активтер бойынша барлық мерзім үшін ККЗ)	Жиыны	1-кезең (12 ай үшін ККЗ)	2-кезең (кредиттік төуекелдің елеулі ұлғаюынан барлық мерзім үшін ККЗ)	3-кезең (кредиттік- құнсыздан- ған активтер бойынша барлық мерзім үшін ККЗ)	Жиыны
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>								
<b>Қаржы мекемелеріне берілген кредиттер</b>								
<b>2021 жылғы 1 қаңтарға</b>	<b>(2,843,477)</b>	<b>(8,986,970)</b>	<b>(238,257)</b>	<b>(12,068,704)</b>	<b>181,546,964</b>	<b>36,849,738</b>	<b>248,269</b>	<b>218,644,971</b>
<i>Кезеңдегі кредиттік залалдар үшін бағалау резервіне аударымдарға өсер ететін өзгерістер:</i>								
<i>Аудару:</i>								
**Қаржылық Есептілікке Ескертпелер**

**25 Сегменттік талдау (жалғасы)**

**(б) Есепті сегменттердің пайдасы немесе залалы, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат**

Төмендегі кестеде 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі есепті сегменттер бойынша сегменттік ақпарат келтірілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>Ескерт.</b>	<b>Жобалық операциялар</b>	<b>Инвестициялық операциялар</b>	<b>Жиыны</b>
Ақша қаражаты және олардың баламалары	7	8,438,524	68,443,859	<b>76,882,383</b>
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	8	234,179,331	5,124,629	<b>239,303,960</b>
Клиенттерге кредиттер мен аванстар		252,248	-	<b>252,248</b>
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек		77,899	-	<b>77,899</b>
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	9	-	47,001,624	<b>47,001,624</b>
<b>Есепті сегменттің активтері жиыны</b>		<b>242,948,002</b>	<b>120,570,112</b>	<b>363,518,114</b>
Қарыз қаражаты	12	169,302,529	-	<b>169,302,529</b>
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	13	-	1,244,178	<b>1,244,178</b>
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	14	7,792,965	-	<b>7,792,965</b>
Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	15	56,861,826	-	<b>56,861,826</b>
<b>Есепті сегменттер міндеттемелерінің жиын</b>		<b>233,957,320</b>	<b>1,244,178</b>	<b>235,201,498</b>
<b>Күрделі шығындар</b>		<b>-</b>	<b>-</b>	<b>175,363</b>

Күрделі шығындар негізгі құралдарды сатып алуды білдіреді.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Қаржылық Есептілікке Ескертпелер**

**25 Сегменттік талдау (жалғасы)**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>Жобалық операциялар</b>	<b>Инвестициялық операциялар</b>	<b>Жиыны</b>
Қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша пайыздық кірістер	16,092,089	480,234	<b>16,572,323</b>
Клиенттерге кредиттер және аванстар бойынша пайыздық кірістер	100,397	-	<b>100,397</b>
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар бойынша пайыздық кірістер	-	3,303,418	<b>3,303,418</b>
Ақша қаражаты және оның баламалары бойынша пайыздық кірістер	-	5,559,130	<b>5,559,130</b>
Қарыз қаражаты бойынша пайыздық шығыстар	(7,217,605)	-	<b>(7,217,605)</b>
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздық шығыстар	-	(58,539)	<b>(58,539)</b>
<b>Таза пайыздық кірістер</b>	<b>8,974,881</b>	<b>9,284,243</b>	<b>18,259,124</b>
Құнсыздануға арналған резервті қалпына келтіру	1,407,845	10,228	1,418,073
<b>Құнсыздануға резерв құрылғаннан кейінгі таза пайыздық кірістер</b>	<b>10,382,726</b>	<b>9,294,471</b>	<b>19,677,197</b>
Комиссиялық кірістер	17,479,187	-	<b>17,479,187</b>
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардан болған шығыстарды шегергендегі кірістер	-	75,345	<b>75,345</b>
Активтерді нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын таза залал	(10,856,707)	-	<b>(10,856,707)</b>
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер	6,544,684	-	<b>6,544,684</b>
Борыштық бағалы қағаздардың құнсыздануы (Резервке аударымдар)/Өзге активтердің құнсыздануына резервті қалпына келтіру	-	(12,412)	<b>(12,412)</b>
(Резервке аударымдар )/Кредиттік сипаттағы міндеттөмелер бойынша резервті қалпына келтіру	(15,707)	(71,271)	<b>(86,978)</b>
Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістерді шегергендегі шығыстар	3,377,843	-	<b>3,377,843</b>
Қордың бағдарламаларын іске асыру бойынша шығыстар	(9,102)	88,587	<b>79,485</b>
Жалпы және өкімшілік шығыстар	(862,405)	-	<b>(862,405)</b>
Жалпы және өкімшілік шығыстар	(2,223,643)	(165,294)	<b>(2,388,937)</b>
<b>Сегмент нәтижелері</b>	<b>23,816,876</b>	<b>9,209,426</b>	<b>33,026,302</b>

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Қаржылық Есептілікке Ескертпелер**

**25 Сегменттік талдау (жалғасы)**

Төмендегі кестеде 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі есепті сегменттер бойынша сегменттік ақпарат келтірілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескер.	Жобалық операциялар	Инвестициялық операциялар	Жиыны
Ақша қаражаты және олардың баламалары	7	37,249,670	49,901,596	<b>87,151,266</b>
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	8	218,850,080	10,591,062	<b>229,441,142</b>
Клиенттерге кредиттер мен аванстар		556,967	-	<b>556,967</b>
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек		162,139	-	<b>162,139</b>
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	9	-	21,829,298	<b>21,829,298</b>
<b>Есепті сегменттің активтері жиыны</b>		<b>256,818,856</b>	<b>82,321,956</b>	<b>339,140,812</b>
Қарыз қаражаты	12	175,824,905	-	<b>175,824,905</b>
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	13	-	209,139	<b>209,139</b>
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	14	24,201,336	-	<b>24,201,336</b>
Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	15	37,209,704	-	<b>37,209,704</b>
<b>Есепті сегменттер міндеттемелерінің жиын</b>		<b>237,235,945</b>	<b>209,139</b>	<b>237,445,084</b>
<b>Күрделі шығындар</b>				<b>202,596</b>

Күрделі шығындар негізгі құралдарды сатып алуды білдіреді.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Қаржылық Есептілікке Ескертпелер**

**25 Сегменттік талдау (жалғасы)**

	Жобалық операциялар	Инвестициялық операциялар	Жиыны
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>			
Қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша пайыздық кірістер	19,173,918	1,469,058	20,642,976
Клиенттерге кредиттер және аванстар бойынша пайыздық кірістер	329,800	-	329,800
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар бойынша пайыздық кірістер	-	719,193	719,193
Ақша қаражаты және оның баламалары бойынша пайыздық кірістер	-	4,291,500	4,291,500
Қарыз қаражаты бойынша пайыздық шығыстар	(10,783,400)	-	(10,783,400)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздық шығыстар	-	(9,008)	(9,008)
<b>Таза пайыздық кірістер</b>	<b>8,720,318</b>	<b>6,470,743</b>	<b>15,191,061</b>
Құнсыздануға арналған резерв құру	(1,212,400)	22,136	(1,190,264)
<b>Құнсыздануға резерв құрылғаннан кейінгі таза пайыздық кірістер</b>	<b>7,507,918</b>	<b>6,492,879</b>	<b>14,000,797</b>
Комиссиялық кірістер	5,704,966		5,704,966
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардан болған шығыстарды шегергендегі кірістер	-	149,723	149,723
Активтерді нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын таза залал	(82,300)	-	(82,300)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер	2,955,450	-	2,955,450
Борыштық бағалы қағаздардың құнсыздануы (Резервке аударымдар )/Өзге активтердің құнсыздануына резервті қалпына келтіру (Резервке аударымдар )/Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті қалпына келтіру	(51,557)	8,764	(42,793)
(11,344,898)	-	(11,344,898)	
Штол валютасын қайта бағалаудан түскен кірістерді шегергендегі шығыстар	427,904	(68,069)	359,835
Қордың бағдарламаларын іске асыру бойынша шығыстар	(714,960)	-	(714,960)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	(2,109,605)	(102,266)	(2,211,871)
<b>Сегмент нәтижелері</b>	<b>2,292,918</b>	<b>6,470,487</b>	<b>8,763,405</b>

**(с) Есепті сегменттердің түсімін, пайдасын немесе залалын, активтері мен міндеттемелерін салыстырып тексеру**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2021 ж.	2020 ж.
<b>Есепті сегменттің активтері жиыны</b>	<b>363,518,114</b>	<b>339,140,812</b>
Негізгі құралдар	2,121,829	2,361,265
Материалдық емес активтер	267,623	234,391
Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу	3,357,383	7,430,331
Кейінге қалдырылған салық активі	3,132,896	2,978,187
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	153,173	250,217
Өзге активтер	4,975,966	5,700,313
<b>Активтер жиыны</b>	<b>377,526,984</b>	<b>358,095,516</b>

## 25 Сегменттік талдау (жалғасы)

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2021 ж.	2020 ж.
Есепті сегменттер міндеттемелерінің жиыны	235,201,498	237,445,084
Өзге міндеттемелер	976,702	977,970
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>236,178,200</b>	<b>238,423,054</b>

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2021 ж.	2020 ж.
<b>Сегмент нәтижелері</b>	<b>33,026,302</b>	<b>8,763,405</b>
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(2,566,637)	(2,373,929)
Таза өзге операциялық кірістер/(шығыстар)	119,942	(201,396)
Салық салуға дейінгі пайда	30,579,607	6,188,080
Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар	(5,548,645)	(1,425,201)
<b>Жыл ішіндегі пайда</b>	<b>25,030,962</b>	<b>4,762,879</b>

Қор өзінің барлық табысын Қазақстанда алады. Қордың шет елдерде елеулі сыртқы клиенттері жоқ. Қорда операциялық сегменттер арасында елеулі кірістер мен шығыстар жоқ. Қорда 2021 немесе 2020 жылы алынған табыстардың жалпы сомасының кемінде он пайызын ұсынатын клиенттер жоқ.

## 26 Қаржы тәуекелдерін басқару

Тәуекелдерді басқару Қор қызметінің негізінде болады және Қордың операциялық қызметінің елеулі элементі болып табылады. Қор тәуекелдерді анықтаудың, мониторингілеудің, бағалаудың және бақылаудың тұрақты процесі барысында, сондай-ақ тәуекел лимиттерін және бақылаудың өзге де ішкі жүйелерін белгілеу жолымен тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару процесі Қордың тұрақты пайдалылығын қолдау үшін өте маңызды болып табылады және Қордың әрбір қызметкері оның міндеттеріне байланысты тәуекелдерді басқару үшін жауапты болады. Баға тоусксіні, сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелін және валюталық тәуекелді, сондай-ақ кредиттік тәуекел мен өтімділік тәуекелін қамтитын нарықтық тәуекел Қор өз қызметін жүзеге асыру процесінде кездесетін негізгі тәуекелдер болып табылады.

**Қордың тәуекелдерді басқару жөніндегі қағидалары мен рәсімдері.** Қордың тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Қор ұшырайтын тәуекелдерді айқындауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен рәсімдер нарықтық жағдайдың, ұсынылатын өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің және пайда болатын үздік практиканың өзгерістерін көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралады.

Тәуекелдерді басқару стратегиясы Қордың жалғыз акционерінің тәуекелдерді басқару стратегиясына сәйкес әзірленген Қордың тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатында көрсетілген.

**Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттың мақсаттары мыналарды қамтиды:**

- Қорды басқару элементі ретінде тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесін және интеграцияланған процесін құру және тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде Қордың қызметін үнемі жетілдіру;
- Қордың өз қызметінің ауқымына сәйкес келетін қолайлы тәуекелдерді қабылдауын қамтамасыз ету; ұстап қалу қабілетін айқындауға және қабылданған тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету;
- Тәуекелдерді уақтылы анықтау; және
- Залалдарды азайту және өлеуетті залалдарды жабуға арналған ағымдағы шығыстарды азайту.

## **26 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)**

### **Тәуекелдерді басқару құрылымы:**

Қордың тәуекелдерді басқару құрылымы Қордың келесі органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің: Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Тәуекел-менеджмент департаментінің, Ішкі аудит қызметінің, алқалы органдардың және басқа да құрылымдық бірліктердің қатысуымен бірнеше деңгейдегі тәуекелдерді басқару болып табылады.

**Директорлар кеңесі.** Тәуекелдерді басқарудың бірінші деңгейін Қордың Директорлар кеңесі білдіреді. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жөніндегі бақылау жүйесінің тиісінше жұмыс істеуіне, негізгі тәуекелдерді және тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін басқаруға толық жауапкершілікте болады. Директорлар кеңесі Қор қызметінің міндеттерін айқындайды және қолайлы тәуекел қабілеті мен параметрлерін ұстап тұратын тәуекелдерді басқаруға қатысты құжаттарды бекітеді.

**Басқарма.** Тәуекелдерді басқарудың екінші деңгейін Қор Басқармасы білдіреді. Қор басқармасы корпоративтік саясат талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін және тәуекелдерді бақылау құрылымын құру үшін жауапты болады. Басқарма Қордың тәуекелдерді басқару және тәуекелдерді басқару философиясын көрсететін «тәуекелдерді сезіну» мәдениетін құру үшін жауапты болады. Басқарма тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін енгізуге де жауапты болады, онда барлық жұмыскерлердің тәуекелдерді басқаруға нақты белгіленген жауапкершілігі болады және өз міндеттерін тиісінше орындауға жауапты болады. Басқарма тәуекелдерді басқару саласындағы өз функцияларының бір бөлігін тиісті комитеттерді құру арқылы жүзеге асыруға уәкілетті.

**Кредиттік комитет.** Кредиттік комитет Қордың ішкі кредиттік саясатты іске асыруға жауапты тұрақты жұмыс істейтін органы болып табылады. Кредиттік комитеттің өкілеттігі Қор Басқармасы белгілейтін шекті шамалар шеңберімен шектеледі. Кредиттік комитеттің негізгі міндеті жоғары сапалы кредиттер портфелін қалыптастыру болып табылады.

**Активтер мен пассивтерді басқару комитеті (АПБК).** АПБК Қордың Басқармаға есеп беретін және қызметін Басқарма айқындаған өкілеттіктер шегінде жүзеге асыратын тұрақты жұмыс істейтін алқалы органы болып табылады. АПБК негізгі мақсаттары мынадай: Қордың активтері мен пассивтерін басқару саласында уақтылы және тиісті шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету; Қормен ынтымақтастық үшін серіктестерді тарту, қаржылық тұрақтылықтың жеткілікті деңгейін қолдау; Қордың пайдалылығын арттыру және инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдерді барынша азайту.

**Тәуекел-менеджмент департаменті.** Тәуекелдерді басқару процесінің үшінші деңгейін Тәуекел-менеджмент департаменті білдіреді. Тәуекел-менеджмент департаментінің мақсаттары тәуекелдерді жалпы басқаруды және қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестікті бақылауды жүзеге асыруды, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдер бойынша есептілікті анықтаудың, бағалаудың, басқарудың және ұсынудың жалпы қағидаттары мен әдістерінің іске асырылуын бақылауды қамтиды.

**Ішкі аудит қызметі.** Қордың ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару барысында тәуекелдерді басқару рәсімдеріне және тәуекелдерді бағалау әдістеріне аудит жүргізеді және тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды әзірлейді. Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша есептерді Қордың Директорлар кеңесіне ұсынады және бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

**Құрылымдық бірліктер.** Тәуекелдерді басқару құрылымындағы маңызды элементтердің бірі әрбір жұмыскер ұсынған Қордың құрылымдық бірліктері болып табылады. Құрылымдық бірліктер (тәуекелдердің иелері) тәуекелдерді басқару процесінде негізгі рөл атқарады. Қор жұмыскерлері күн сайын тәуекелдермен жұмыс істейді, тәуекелдерді басқарады және тәуекелдердің олардың қызмет саласына әлеуетті әсерін бақылайды. Құрылымдық бірліктер тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-қимыл жоспарын іске асыруға, олардың қызметі саласындағы ірі тәуекелдер мен оларды уақтылы анықтау мен хабардар етуге және жұмыс жоспарына енгізілуі тиіс тәуекелдерді басқару жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге жауапты болады.

**Нарықтық тәуекел** - бұл шетелдік валюталардың айырбас бағамдарын, сыйақы мөлшерлемелерін, кредиттік спредтерді және акциялар бағаларын қоса алғанда, нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан Қордың кірісінің немесе оның портфельдері құнының өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістердің және нарықтық бағалардың өзгеру деңгейінің әсеріне ұшыраған пайыздық, валюталық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекелді басқарудың міндеті нарықтық тәуекелге ұшырау қабылданған тәуекел үшін алынатын кірістілікті оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, қолайлы параметрлердің шегінен шықпауын басқару және бақылау болып табылады.

## **26 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)**

Нарықтық тәуекелді басқаруға жалпы жауапкершілік Басқарма Төрағасы басқаратын Басқармаға жүктеледі. Басқарма Тәуекел-менеджмент департаментінің ұсынымдарын негізге ала отырып, нарықтық тәуекел лимиттерін бекітеді.

Қор жекелеген қаржы құралдары бойынша портфельдің шамасына қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді, сыйақы мөлшерлемелерін, валюталық позицияны өзгерту мерзімдерін, ысыраптар лимиттерін белгілеу және нәтижелерін Басқарма қарайтын және бекітетін олардың сақталуына тұрақты мониторинг жүргізу жолымен нарықтық тәуекелді басқарады.

Қор сондай-ақ жекелеген айрықша нарықтық сценарийлердің жекелеген сауда портфельдеріне және Қордың жалпы позициясына ықтимал қаржылық әсерін модельдеу үшін түрлі «стресс-тестілерді», «бэк-тестингтерді» пайдаланады. Стресс-тесттер төтенше жағдайларда туындауы мүмкін залалдардың өлеуетті мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді. Қор пайдаланатын стресс-тесттер тәуекелдің әрбір санаты стрестік өзгерістерге ұшырайтын тәуекел факторларының стресс-тесттерін, сондай-ақ ықтимал стрестік оқиғаларды қолдануды қамтитын арнайы стресс-тестілерді қамтиды.

**Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі** - бұл сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан Қордың кірісінің немесе оның қаржы құралдары портфельдерінің құнының өзгеру тәуекелі.

Қор басым нарықтық сыйақы мөлшерлемелерінің оның қаржылық жағдайына және ақша ағындарына әсеріне ұшырайды. Мұндай ауытқулар пайыздық маржа деңгейін ұлғайтуы мүмкін, алайда оны төмендетуі не сыйақы мөлшерлемелері күтпеген жерден өзгерген жағдайда шығындардың туындауына өкеп соғуы мүмкін.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі белгілі бір өтеу мерзімі бар қолда бар немесе болжанатын активтер осындай өтеу мерзімі бар қолда бар немесе болжанатын міндеттемелердің шамасы бойынша көп немесе аз болған жағдайларда туындайды.

Пайыздық тәуекелді басқару шығындарды толық жабу қағидаттарына негізделеді - алынған пайыздық кіріс қаражатты тарту және орналастыру жөніндегі шығыстарды жабуға және таза кіріс пен бәсекеге қабілеттілікті алуды қамтамасыз етуі тиіс.

Пайыздық тәуекел бойынша есеп активтерді, міндеттемелерді, баланстан тыс талаптарды және экономикалық біртекті және маңызды баптарға топтастырылған пайыздық сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне сезімтал міндеттемелерді оларды өтеу күніне (тіркелген мөлшерлемелер жағдайында) немесе кезекті қайта бағалауға дейін қалған уақытқа (құбылмалы мөлшерлемелер жағдайында) қарай уақытша аралық бойынша бөлуді білдіреді. Есепке алынатын активтердің, міндеттемелердің, баланстан тыс талаптар мен міндеттемелердің уақытша аралықтары мен баптарын Қор Басқармасы өзгертуі мүмкін.

## 26 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі негізінен сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру мониторингі арқылы басқарылады. Негізгі қаржы құралдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты қысқаша ақпарат мынадай түрде берілуі мүмкін:

(мың қазақстандық теңгемен)	Талап етілгенге дейін және 1 айдан кем	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан жоғары	Баланстық құн
<b>2021 жылғы 31 желтоқсан</b>						
Қаржы активтерінің жиыны	91,592,837	20,332,351	9,357,874	7,746,435	234,585,654	363,615,151
Қаржылық міндеттемелер жиыны	(63,642,083)	(2,569,247)	(83,741)	(254,159)	(169,109,956)	(235,659,186)
<b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша таза алшақтық</b>	<b>27,950,754</b>	<b>17,763,104</b>	<b>9,274,133</b>	<b>7,492,276</b>	<b>65,475,698</b>	<b>127,955,965</b>
<b>2020 жылғы 31 желтоқсан</b>						
Қаржы активтерінің жиыны	94,158,205	13,282,851	8,664,218	7,674,929	216,053,020	339,833,223
Қаржылық міндеттемелер жиыны	(56,577,773)	(6,151,577)	(546,173)	(352,246)	(174,351,443)	(237,979,212)
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға пайыздық мөлшерлемелер бойынша таза алшақтық</b>	<b>37,580,432</b>	<b>7,131,274</b>	<b>8,118,045</b>	<b>7,322,683</b>	<b>41,701,577</b>	<b>101,854,011</b>

**Орташа сыйақы мөлшерлемелері.** Келесі кесте 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелерін көрсетеді. Осы сыйақы мөлшерлемелері тиісті активтер мен міндеттемелерді өтеуге шамамен кірістілікті көрсетеді.

жылына%	2021 ж. Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі	2020 ж. Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі
<b>Пайыздық активтер</b>		
Ақша қаражаты және олардың баламалары	7.75%	4.02%
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық борыштық бағалы қағаздар	5.16%	6.67%
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық борыштық бағалы қағаздар	8.42%	8.00%
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық борыштық бағалы қағаздар	7.21%	7.95%
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	7.77%	8.45%
Клиенттерге кредиттер мен аванстар	16.25%	13.58%
Өзге қаржы активтері	-	-
<b>Пайыздық міндеттемелер</b>		
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-нан қарыз қаражаты	6.81%	6.80%
Басқа ұйымдардан қарыз қаражаты	0.01-5.5%	0.01-5.5%
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	11.88%	11.75%
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	-	-
Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	-	-
Өзге де қаржылық міндеттемелер	9%	9%



**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Қаржылық Есептілікке Ескертпелер**

**26 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)**

**Валюталық тәуекел** - бұл валюталардың айырбастау бағамдарының өзгеруі салдарынан әділ құнның немесе қаржы құралы бойынша ақша қаражатының болашақ ағындарының өзгеру тәуекелі.

Валюталық тәуекел валютада көрсетілген қолда бар немесе болжанатын активтер сол валютада көрсетілген қолда бар немесе болжанатын міндеттемелердің шамасы бойынша көп немесе аз болған жағдайларда туындайды. Қор Басқармасы валюталық тәуекелді бағалауды ескере отырып, шетел валютасында көрсетілген қаржы құралдары бөлінісінде Қордың активтері мен пассивтерінің құрылымы бойынша шешімдер қабылдайды және валюталық тәуекелдің және ашық валюталық позиция мөлшеріне лимиттің жол берілетін мөлшерін белгілейді.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша валюталар бөлінісіндегі қаржы активтері мен міндеттемелерінің құрылымы мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

<i>(мың қазақстандық теңгемөн)</i>	<b>Теңге</b>	<b>АҚШ доллары</b>	<b>Өзгелер</b>	<b>Жиыны</b>
<b>ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ</b>				
Ақша қаражаты және олардың баламалары	76,881,842	75	466	76,882,383
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	47,001,624	-	-	47,001,624
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	239,236,581	67,379	-	239,303,960
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек	77,899	-	-	77,899
Клиенттерге кредиттер мен аванстар	252,248	-	-	252,248
Өзге қаржы активтері	97,037	-	-	97,037
<b>Қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>363,547,231</b>	<b>67,454</b>	<b>466</b>	<b>363,615,151</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>				
Қарыз қаражаты	168,941,624	360,905	-	169,302,529
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	1,244,178	-	-	1,244,178
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	7,792,965	-	-	7,792,965
Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	56,861,826	-	-	56,861,826
Өзге де қаржылық міндеттемелер	457,690	-	-	457,690
<b>Қаржылық міндеттемелер жиыны</b>	<b>235,298,283</b>	<b>360,905</b>	<b>-</b>	<b>235,659,188</b>
<b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция</b>	<b>128,248,948</b>	<b>(293,451)</b>	<b>466</b>	<b>127,955,963</b>

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Қаржылық Есептілікке Ескертпелер**

**26 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)**

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша валюталар бөлінісіндегі қаржы активтері мен міндеттемелерінің құрылымы мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Теңге	АҚШ доллары	Өзгелер	Жиыны
<b>ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ</b>				
Ақша қаражаты және олардың баламалары	87,150,122	652	492	87,151,266
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	21,829,298	-	-	21,829,298
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	226,004,505	3,436,637	-	229,441,142
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек	162,139	-	-	162,139
Клиенттерге кредиттер мен аванстар	556,967	-	-	556,967
Өзге қаржы активтері	692,411	-	-	692,411
<b>Қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>336,395,442</b>	<b>3,437,289</b>	<b>492</b>	<b>339,833,223</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>				
Қарыз қаражаты	175,473,103	351,802	-	175,824,905
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	209,139	-	-	209,139
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	24,201,336	-	-	24,201,336
Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	37,209,704	-	-	37,209,704
Өзге де қаржылық міндеттемелер	534,128	-	-	534,128
<b>Қаржылық міндеттемелер жиыны</b>	<b>237,627,410</b>	<b>351,802</b>	<b>-</b>	<b>237,979,212</b>
<b>2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция</b>	<b>98,768,032</b>	<b>3,085,487</b>	<b>492</b>	<b>101,854,011</b>

Жоғарыда ұсынылған туынды қаржы құралдары монетарлық қаржы активтері немесе монетарлық қаржы міндеттемелері болып табылады, бірақ Қордың жалпы тәуекелін ұсыну мақсатында жеке ұсынылған.

Қордың әрбір бағанада ұсынылған туынды құралдар бойынша позициясы әрбір контрагент бойынша позициялар (және төлемдер) истингінс дейін сатып алу (оң сома) немесе сату (теріс сома) туралы келісімге қол жеткізілген тиісті валютаның есепті кезеңінің соңындағы әділ құнын көрсетеді. 26-ескертпеде валюталар бойынша бөліністегі сома жайылған. Таза жалпы сома валюталық туынды қаржы құралдарының әділ құнын білдіреді. Жоғарыда келтірілген талдау тек монетарлық активтер мен міндеттемелерді қамтиды. Қор үлестік құралдар мен монетарлық емес активтерге инвестициялар елеулі валюталық тәуекелдің туындауына әкеп соқпайды деп есептейді.

Төмендегі кестеде Қордың функционалдық валютасы үшін есепті кезеңнің аяғында пайдаланылатын айырбас бағамдарының ықтимал өзгерістері нәтижесінде қаржылық нәтиже мен меншікті капиталдың өзгеруі көрсетілген, бұл ретте барлық қалған ауыспалы сипаттамалар өзгеріссіз қалады:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2021 жылғы 31 желтоқсанға		2020 жылғы 31 желтоқсанға	
	Пайдаға немесе залалға ықпал ету	Капиталға ықпал ету	Пайдаға немесе залалға ықпал ету	Капиталға ықпал ету
АҚШ долларының 3.98% -ға нығаюы (2020 ж.: 18.47%-ға нығаю)	(9,343)	(9,343)	455,912	455,912
АҚШ долларының 3.98%-ға әлсіреуі (2020 ж.: 18.47%-ға әлсіреуі)	9,343	9,343	(455,912)	(455,912)

2021 жылы АҚШ долларының нығаюы мен әлсіреуін есептеу Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жасалды, оған сәйкес 2021 жыл ішінде теңгеге қатысты шетел валюталарының айырбастау бағамдарының төмендеуіне байланысты 2020 жылмен салыстырғанда өзгерістің аз пайызын пайдалану туралы шешім қабылданды. Тұтастай алғанда, 2021 жылы Қор шетел валюталарындағы теңгерімдердің төмендеуіне байланысты шетел валюталарының айырбастау бағамдарының өзгеру тәуекеліне аз ұшырайды.

## **26 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)**

**Кредиттік тәуекел** - бұл қарыз алушының немесе Қордың контрагентінің міндеттемелерін орындамауы нәтижесінде туындайтын қаржылық ысыраптар тәуекелі. Қор кредиттік тәуекелді басқару саясаты мен рәсімдерін әзірледі (баланстық және баланстан тыс позициялар бойынша), Директорлар кеңесі мен Ірі кредиттер жөніндегі басқарма шешімдер қабылдау өкілеттіктерін анықтады, функцияларына белгіленген лимиттер шеңберінде кредиттер беру бойынша шешімдер қабылдау, кредиттерді қайта құрылымдау, Қордың кредиттік тәуекелінің белсенді мониторингі кіретін Кредиттік Комитет құрылды. Қордың кредиттік саясатын Қордың Директорлар кеңесі қарайды және бекітеді.

Қордың кредиттік саясаты кредиттік тәуекелдерді басқару тұрғысынан кредиттік қызметтің негізгі параметрлерін белгілейді және Қор ұшырайтын кредиттік тәуекелдерді айқындауға, талдауға және басқаруға бағытталған.

Кредиттік тәуекелдерді басқару қағидалары мынадай салаларды қамтиды:

- Кредиттік өтінімдерді қарау және мақұлдау рәсімдері;
- Қарыз алушылардың (шағын және орта бизнес кәсіпорындарының) кредит қабілеттілігін бағалау әдіснамасы;
- Кредиттік құжаттамаға қойылатын талаптар;
- Контрагент банктердің, эмитенттердің және сақтандыру компанияларының кредиттік қабілеттілігін бағалау әдіснамасы;
- Ұсынылатын қамтамасыз етуді бағалау әдіснамасы;
- Жиынтық кредиттік тәуекел бойынша лимиттерді Қор капиталынан 25%-дан аспайтын мөлшерде белгілеу;
- Кредиттік тәуекел көтеретін қарыздар мен өзге де өнімдерге тұрақты мониторинг жүргізу рәсімдері.

Қордың кредиттік тәуекелінің ең жоғары деңгейі, әдетте, баланстағы қаржы активтерінің баланстық құнында көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелердің өзара есеп айырысу мүмкіндігінің елеулі кредиттік тәуекелді төмендету үшін елеулі мәні жоқ. Қор басшылығы кредиторлық берешекті өтеу мерзімдері бойынша бағалау жүргізеді және мерзімі өткен қарыздарды қадағалайды.

Баланстан тыс қаржы құралдары үшін кредиттік тәуекел басқа қатысушының шарт талаптарын орындамауы нәтижесінде залалға ұшырау ықтималдығы ретінде айқындалған. Қор шартты міндеттемелерге қатысты мәмілелерді бекіту, тәуекелді шектейтін лимиттерді пайдалану және мониторинг рәсімдеріне негізделген баланстық қаржы құралдарына қатысты кредиттік саясатты пайдаланады.

**Кредиттік тәуекелді басқару.** Кредиттік тәуекел Қордың бизнесі үшін бірден-бір елеулі тәуекел болып табылады. Демек, басшылық кредиттік тәуекелді басқаруға ерекше назар аударады.

Лимиттер. Қор бір қарыз алушыға немесе байланысты қарыз алушылар тобына лимиттер белгілей отырып, кредиттік тәуекелді бақылайды. Контрагенттер мен өнімдер бойынша кредиттік тәуекел лимиттерін басшылық үнемі бекітіп отырады. Мұндай тәуекелдердің мониторингі тұрақты түрде жүзеге асырылады, бұл ретте лимиттер жылына кемінде бір рет қайта қаралады.

Тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін кредиттік тәуекелді бағалау күрделі процесті білдіреді және үлгілерді пайдалануды талап етеді, себебі тәуекел нарықтық жағдайларға, күтілетін ақша ағындарына байланысты және уақыт өткен сайын өзгереді. Активтер портфелі бойынша кредиттік тәуекелді бағалау дефолттың басталу ықтималдығына, тиісті шығындылық коэффициенттеріне және контрагенттер арасындағы дефолттардың корреляциясына қатысты қосымша бағалауды талап етеді.

## 26 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Сыртқы рейтингтерді контрагенттерге S&P, Moody 's және Fitch сияқты тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттіктер береді. Бұл рейтингтер ашық қолжетімді. Мұндай рейтингтер және дефолт ықтималдығының тиісті диапазондары мынадай қаржы құралдары үшін қолданылады: борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар (мемлекеттік, корпоративтік және муниципалдық облигациялар, еурооблигациялар және сатып алынған вексельдер) және қаржы мекемелеріне берілген заемдар

Төмендегі кестеде көрсетілгендей, төменде қаржы мекемелері бойынша дефолттың басталу ықтималдығының ауқымы көрсетілген:

Бірыңғай шкала бойынша кредиттік тәуекел деңгейі	Сыртқы халықаралық рейтингтік агенттіктердің тиісті рейтингтері (S&P)	Дефолт ықтималдығының тиісті аралығы
Үздік деңгей	AAA – BB+	0.00% - 0.52%;
Жақсы деңгей	BB+ – B+	0.53% - 3.81%;
Қанағаттанарлық деңгей	B, B-	3.82% - 13.68%;
Арнайы мониторингті талап етеді	CCC+ – CCC-	13.69% - 99.9%;
Дефолт	C, D-I, D-II	100%

Бірыңғай шкала бойынша кредиттік тәуекелдің әрбір деңгейіне төлем қабілеттілігінің белгілі бір дәрежесі беріледі.

- *Үздік деңгей* - күтілетін кредиттік тәуекелі төмен жоғары кредиттік сапа.
- *Жақсы деңгей* - орташа кредиттік тәуекелі бар жеткілікті кредиттік сапа.
- *Қанағаттанарлық деңгей* - қанағаттанарлық кредиттік тәуекелі бар орташа кредиттік сапа.
- *Арнайы мониторингті талап етеді* - неғұрлым мұқият мониторингті және қалпына келтіруді басқаруды талап ететін кредиттеу тетіктері.
- *Дефолт* - дефолт басталған кредиттеу тетіктері.

**Күтілетін кредиттік залалдарды (ККЗ) бағалау.** Күтілетін кредиттік залалдар - бұл ықтималдықты ескере отырып мөлшерленген болашақ алынбаған ақша қаражатының келтірілген құнын бағалау (яғни белгілі бір уақыт кезеңінде дефолт басталуының тиісті тәуекелдерін пайдалана отырып, кредиттік залалдардың орташа алынған шамасы таразы ретінде). Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау объективті болып табылады және ықтимал нәтижелер ауқымын есептеу арқылы айқындалады. Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау Қор пайдаланатын төрт компонент негізінде орындалады: дефолт ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшырайтын кредиттік талап шамасы, дефолт жағдайындағы залал және дисконттау мөлшерлемесі.

Дефолт сәтіндегі берешек - борыштың негізгі сомасын және пайыздарды өтеуді және кредиттік міндеттемелер бойынша қаражатты күтілетін пайдалануды қоса алғанда, есепті кезең аяқталғаннан кейін тәуекел сомасындағы күтілетін өзгерістерді ескере отырып, дефолттың болашақ күніне тәуекелді бағалау. *Дефолт ықтималдығы (PD)* - белгілі бір уақыт кезеңі ішінде дефолт болу ықтималдығын бағалау. *Дефолт жағдайындағы залал (LGD)* - дефолт кезінде туындайтын залалды бағалау. Ол шартта көзделген төлемге ақша ағындары мен кредитор алуды, оның ішінде қамтамасыз етуді іске асырудан күтетін ағындар арасындағы айырмашылыққа негізделеді. Әдетте бұл көрсеткіш дефолт (EAD) сәтіндегі берешектің пайызымен көрсетіледі. Күтілетін шығындар есепті кезеңнің аяғында келтірілген құнға дейін дисконтталады. Дисконттау мөлшерлемесі қаржы құралы бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені (ТПМ) немесе оның шамамен алғандағы шамасын білдіреді.

Күтілетін кредиттік залалдар құралдың барлық қолданылу мерзімі үшін модельделеді. Құралдың барлық қолданылу мерзімі, егер ол орын алған болса, күтпеген мерзімнен бұрын өтеуді ескере отырып, борыштық құралдарды өтеу мерзіміне дейін шарттық қолданылуының қалған мерзіміне тең. Қарыздар мен қаржылық кепілдік шарттарын беру жөніндегі міндеттемелер үшін бұл шартта белгіленген кезең, ол ішінде Қордың шартта көзделген қарыз беру міндеті бар.

## **26 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)**

«Бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар» басқару моделінде қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолттың барлық ықтимал оқиғаларының басталуы нәтижесінде туындайтын залалдар бағаланады. «12 айлық күтілетін кредиттік залалдар» моделі есепті кезеңнің аяғынан бастап 12 ай ішінде немесе егер ол бір жылдан аз болса, қаржы құралы бойынша дефолт оқиғаларының басталуы нәтижесінде туындайтын бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдардың бір бөлігін білдіреді.

Басшылықтың қаржылық есептілікті дайындау үшін күтілетін кредиттік залалдарды бағалауы, әдетте, реттеу мақсатында пайдаланылатын бүкіл цикл үшін бағалауларға емес, белгілі бір уақыт сәтіндегі бағалауларға негізделген. Бағалауда *болжамды ақпарат* пайдаланылады. Осылайша, ККЗ кредиттік тәуекелге әсер ететін ықтималдықты ескере отырып сараланған негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгерістерін көрсетеді.

Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған қаржы активтері (РОСІ) үшін ККЗ модельдеу, (а) жалпы баланстық құны мен дисконттау мөлшерлемесі шартта көзделген ақша ағындарының негізінде емес, активті бастапқы тану сәтінде алынуы мүмкін ақша ағындарының негізінде айқындалатынын және (б) ККЗ-ға әрқашан тең болатынын қоспағанда, осындай түрде орындалады Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған активтер - бұл бұрынғы бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған құнсызданған қарыздар сияқты бастапқы тану сәтінде құнсызданған қаржы активтері.

Дефолт ықтималдығын бағалау үшін Қор дефолтты тәуекелге ұшырау төменде аталған критерийлердің біреуіне немесе бірнешеуіне сәйкес келетін жағдай ретінде айқындайды:

- Мерзімі 90 күннен астам;
- Контрагенттің дефолт жариялау ықтималдығының жоғары болуы және/немесе контрагентті банкрот деп тану;
- Контрагенттің берешегін қайта құрылымдау;
- Тиісті қадағалау органының контрагент лицензиясын кері қайтарып алуы және/немесе тоқтата тұруы;
- Берешекті есептен шығару немесе осы берешекке қомақты резервтер жасау;
- Контрагенттің міндеттемелер бойынша ковенанттарды бұзуы;
- Бір контрагенттің басқа құралдары бойынша дефолтты тану;
- Қаржылық қиындықтарға байланысты қаржы активі бойынша белсенді нарықтың жоғалуы;
- Қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты концессия туралы келісім жасасу;
- Контрагенттің дефолт оқиғасының айғағы болуы мүмкін едәуір дисконтпен қаржы активтерін сатып алу немесе құру.

Құрал, егер ол дефолт өлшемдерінің қайсысын болса да қанағаттандырмаса, бұдан былай дефолттық (төлемдердің мерзімін өткізіп алу жойылған) болып есептелмейді.

Бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің (SICR) едәуір ұлғаюының болуын немесе болмауын бағалау жеке де, портфельдік негізде де орындалады. Қаржы мекемелеріндегі қаражат, амортизацияланған құн бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы өділ құн бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздар үшін кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы төменде көрсетілген критерийлердің мониторингі арқылы жеке негізде бағаланады. Департаментке қатысты Қор менеджментінің тәуекелі олардың тиісті сипаты тұрғысынан кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаю фактісін айқындау үшін пайдаланылатын критерийлерді мерзімді мониторингілеуді және тексеруді жүзеге асырады. Егер қаржы активтері 30 күннен астам мерзімге кешіктірілсе, бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы орын алады деген болжам жоққа шығарылмайды.

Қор инвестициялық қаржы активтеріне кредиттік тәуекелді төмен бағалауға байланысты ерекшелікті қолдануға шешім қабылдады. Осылайша, тіпті инвестициялық рейтингі бар активтер де кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы мәніне бағаланбайды, жоққа шығарылады.

Қор қаржы құралы бойынша мынадай сандық, сапалық немесе шектеу өлшемдерінің біреуі немесе бірнешеуі орындалған кезде кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы орын алды деп есептейді.

## **26 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)**

Кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын (SICR) бағалау үшін Қор мынадай өлшемдерді қолданады:

- 30 күннен астам мерзімге төлемдер бойынша кешіктірудің болуы;
- Контрагенттің сыртқы кредиттік рейтингінің төмендеуі;
- Қолжетімді көздерден қарыз алушының жағдайының нашарлауы туралы немесе қарыз алушы жұмыс істейтін индустриядағы проблемалар туралы ақпарат;
- Қарыз алушының немесе эмитенттің басқа қаржы құралдары туралы ақпарат.

Осы қаржылық есептілікте танылатын күтілетін кредиттік залалдардың деңгейі бастапқы тану сәтінен бастап қарыз алушының кредиттік тәуекелінің едәуір ұлғаюының болуына байланысты болады. Бұл тәсіл күтілетін кредиттік залалдарды бағалаудың үш кезеңдік моделіне негізделген. 1-кезең - бастапқы тану сәтінде құнсызданбаған және осы сәттен бастап ол бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы болмаған қаржы құралы үшін кредиттік залалдар үшін бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар негізінде құрылады. 2-кезең - егер бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы анықталса, қаржы құралы 2-кезеңге ауыстырылады, алайда өлі құнсызданған болып есептелмейді, бірақ кредиттік залалдарға арналған бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар негізінде құрылады. 3-кезең - егер қаржы құралы құнсызданған болып табылса, ол 3-кезеңге ауыстырылады және залалдарға арналған бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар негізінде құрылады. Активті 3-кезеңге ауыстыру нәтижесінде ұйым жалпы баланстық құн негізінде пайыздық кірісті тануды тоқтатады және пайыздық кірісті есептеу кезінде күтілетін кредиттік залалдарды шегергендегі активтің тиімді пайыздық мөлшерлемесін баланстық құнға қолданады.

Кредиттік тәуекелді едәуір ұлғайту өлшемдері енді орындалмайтындығына дәлел болған кезде құрал 1-кезеңге кері ауыстырылады. Егер тәуекел сапалық белгінің негізінде 2-кезеңге ауыстырылса, Қор оның сақталуына немесе өзгеруіне көз жеткізу үшін осы белгінің мониторингін жүзеге асырады.

Сатып алынған немесе құрылған құнсызданған қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдар әрдайым бүкіл мерзім ішінде бағаланады. Осылайша, Қор бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдардағы кумулятивтік өзгерістерді ғана таниды.

Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау үшін Қор үш тәсілді қолданады: (i) жеке негізде бағалау; (ii) портфельдік негізде бағалау: кредиттік портфельдің біртекті сегменттері үшін күтілетін кредиттік залалдарды есептеу кредиттік тәуекелдің бірдей параметрлері қолданылады (мысалы, дефолт ықтималдығы, дефолт жағдайындағы залал); (iii) сыртқы рейтингтер негізінде бағалау. Қор ШОБ-қа берілген қарыздар мен аванстар және қаржылық кепілдіктер сияқты қаржы құралдарының мынадай түрлері үшін портфельдік негізде бағалау жүргізеді. Бұл тәсіл қарыз алушылар туралы нақты ақпарат негізінде портфельді біртекті сегменттерге біріктіруді, мысалы, мерзімінде берешекті өтемеуді қамтиды.

Қор бағалауды қаржы мекемелері, борыштық бағалы қағаздар және бірқатар ірі корпоративтік клиенттер үшін сыртқы рейтингтер негізінде орындайды.

Жеке негізде күтілетін кредиттік залалдарды бағалау әрбір нәтиженің ықтималдығына қатысты ықтимал әртүрлі нәтижелер үшін есептік кредиттік залалдарды мөлшерлеу жолымен жүргізіледі. Қор бағалау периметріне енгізілген әрбір қаржы активі үшін кемінде екі ықтимал нәтижені айқындайды, олардың бірі осындай сценарийдің төмен ықтималдығына қарамастан кредиттік залалға әкеп соғады. Жеке бағалау көбінесе тәжірибелі қызметкерлердің сараптамалық пайымдауларына негізделеді. Сараптамалық пайымдар бағалау мен нақты залалдар арасындағы айырмашылықты азайту мақсатында үнемі тестіленеді.

Бағалау портфельдік негізде орындалған кезде Қор төускелдерге ұшырау кезеңдерін айқындайды және ұжымдық негізде шығындарға арналған бағалау резервін есептейді. Қор өзінің кредиттік портфелін топ шеңберінде кредиттік портфельдердің біртекті немесе ұқсас тәуекелдері болатындай етіп кредиттік тәуекелдің жалпы сипаттамалары негізінде айқындалған сегменттер бойынша талдайды. Қаржылық активтердің негізгі жалпы сипаттамалары клиенттің түрін, бастапқы тану күнін, өтеуге дейінгі мерзімді, қамтамасыз ету сапасын және қаржылық активтің сомасы мен қамтамасыз ету құнының (LTV) арақатынасын қамтиды. Әртүрлі сегменттер кредиттік тәуекел параметрлеріндегі айырмашылықтарды, мысалы, дефолт ықтималдығы мен дефолт жағдайындағы залалды көрсетеді. Тәуекелдерді басқару бөлімі мониторингі және топқа бөлінудің тиісті сипатын тексеруді тұрақты негізде жүзеге асырады.

## **26 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)**

Тұтастай алғанда, күтілетін кредиттік залалдар кредиттік тәуекелдің мынадай параметрлерін жүргізуге тең: дефолт сәтіндегі берешек, дефолт жағдайындағы дефолт ықтималдығы және құралдың тиімді пайыздық мөлшерлемесін пайдалана отырып, келтірілген құнға дейін дисконтталған жоғарыда айқындалған залалдар. Күтілетін кредиттік залалдар әрбір жеке қаржылық активтің немесе жиынтық сегменттің қолданылу мерзімі ішінде әрбір болашақ ай/жыл үшін кредиттік тәуекел параметрлерін (дефолт сәтіндегі берешек, дефолт ықтималдығы және дефолт жағдайындағы залал) болжау жолымен айқындалады. Бұл үш компонент «аман қалу» ықтималдығын ескере отырып, көбейтіледі және түзетіледі. қаржы активі өткен айдың ішінде өтелген бе, өлде дефолт басталды ма). Бұл іс жүзінде әрбір болашақ кезең үшін күтілетін кредиттік залалдарды есептеуді қамтамасыз етеді, содан кейін есепті күнге кері дисконтталады және қосылады. Күтілетін кредиттік залалдарды есептеу үшін пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесі бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алғандағы шамасын білдіреді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - «ҚРҰБ») екінші деңгейдегі банктердің активтерінің сапасын бағалауды (бұдан әрі - АСБ) жүргізді. Тексеру периметріне 14 банк кірді: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Ресей Жинақ Банкі» Еншілес Банкі АҚ, «Kaspi Bank» АҚ, «Fortebank» АҚ, «ЦентрКредит Банкі» АҚ, «АТФБанк» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ, «First Heartland Jysan Bank» АҚ, «Bank RBK» Банкі» АҚ, "Альфа-Банк" Еншілес Банкі» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Нұрбанк» АҚ, «Хоум Кредит энд Финанс Банк» АҚ Еншілес банкі және «Банк ВТБ (Казахстан)» Еншілес ұйымы АҚ. Тексерудің негізгі мақсаттары:

- Банк жүйесінің жай-күйі туралы толық және объективті бейнені қалыптастыру;
- Қаржы секторының үлкен орнықтылығын және ашықтығын қамтамасыз ету;
- Инвесторлар мен салымшылардың сенімін нығайту;
- Бухгалтерлік есеп пен пруденциалдық реттеудің озық практикасына сәйкес банктердегі процестердің сапасын арттыру.

2020 жылғы ақпанда ҚРҰБ екінші деңгейлі банктердің сапасын бағалау бойынша алдын ала нәтиже шығарды. Осы талдауға сәйкес, 2019 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша шоғырландырылған деңгейде (барлық қатысушы банктердің нәтижелерін біріктіру) капитал тапшылығы байқалмайды. Оның үстіне, ҚРҰБ атап өткендей, АСБ нәтижелері капиталға әсерін тигізеді немесе банктердің қаржылық есептілігіне әсер етеді. Қор басшылығы 2020 жылғы 31 желтоқсанда және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдары есептілікті шығару күніне белгілі барлық ақпарат негізінде резервтердің барабар деңгейін құрды деп санайды. Қор барлық банктерге, лизингтік компанияларға және микро-қаржы компанияларына егжей-тегжейлі талдау жүргізеді және АСБ нәтижелері күтілетін кредиттік залалдарды бағалау шеңберінде талданды.

**Кредиттік тәуекел параметрлерін есептеудің негізгі қағидааттары.** Дефолт сәтіндегі берешек өнімнің түріне байланысты өзгертін күтілетін төлем кестесі негізінде айқындалады. Біржолғы өтелетін амортизацияланатын өнімдер мен қарыздар үшін дефолт сәтіндегі берешек 12 айлық кезең үшін немесе бүкіл мерзім үшін қарыз алушының шарт бойынша өтеуге арналған сомалары негізінде айқындалады. Бұл сондай-ақ қарыз алушы тарапынан күтілетін артық төлемді ескере отырып түзетілетін болады. Есепке сондай-ақ мерзімінен бұрын өтеу немесе қайта қаржыландыру туралы жорамалдар енгізіледі. Жаңартылатын өнімдер үшін дефолт сәтіндегі берешек «кредиттік конверсия коэффициентін» қосу жолымен болжанады, ол дефолт сәтіне қарай қалған лимитті пайдалануды, пайдаланылған қаражаттың ағымдағы қалдығына күтілетін пайдалануды ескереді. Бұл жорамалдар өнімнің түріне, лимитті ағымдағы пайдалануға және нақты контрагенттің басқа да мінез-құлық сипаттамаларына байланысты өзгереді.

Күтілетін кредиттік залалдарды есептеу үшін дефолт ықтималдығының екі түрі пайдаланылады: 12 ай ішінде дефолт ықтималдығы және бүкіл мерзім ішінде дефолт ықтималдығы. Дефолттың 12 айлық ықтималдығын бағалау өткен кезеңдегі дефолттар туралы соңғы деректерге негізделеді және қажет болған жағдайда болжамды ақпаратты ескере отырып түзетіледі. Дефолттың барлық мерзім ішіндегі ықтималдығы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолттың басталу ықтималдығын бағалауды білдіреді және құралдың бүкіл қолданылу мерзімі үшін дефолттың 12 айлық ықтималдығының сомасы болып табылады. Барлық мерзім ішінде дефолт ықтималдығын есептеу үшін Қор қаржы құралының сегменті мен түріне байланысты әртүрлі статистикалық әдістерді пайдаланады, мысалы, көші-қон матрицасының негізінде дефолттың 12 айлық ықтималдығын экстраполяциялау, өткен кезеңдер үшін дефолттар туралы деректер негізінде бүкіл мерзім ішінде дефолт ықтималдығының қисықтарын жасау, тәуекелдер қарқындылығы әдісі немесе басқалары.

## **26 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)**

Дефолт жағдайындағы залал дефолт кредиті бойынша залалдың мөлшеріне қатысты Қордың күтуін білдіреді. Дефолт жағдайындағы залал контрагенттің түріне, талаптың типі мен басымдығына және кепілдің немесе өзге де кредиттік қамтамасыз етудің болуына байланысты болады. Дефолт жағдайындағы 12 ай және бүкіл мерзім ішіндегі залалдар дефолт басталғаннан кейін күтілетін өтемге өсер ететін факторлар негізінде айқындалады. Дефолт жағдайында залалды бағалауға көзқарас ықтимал үш әдіске бөлінуі мүмкін:

- қамтамасыз етудің нақты сипаттамалары негізінде дефолт жағдайындағы залалды бағалау;
- халықаралық агенттіктердің деректерінде дефолт болған жағдайда залалды есептеу;
- әртүрлі факторлар мен сценарийлерге байланысты дефолт жағдайындағы залалды жеке анықтау.

Қор қамтамасыз етудің болжамды құны, өткен кезеңдердегі сату бағасына жеңілдіктер және жылжымайтын мүлік объектілерімен және өтімді бағалы қағаздармен қамтамасыз етілген қарыздарға қатысты өзге де факторлар сияқты қамтамасыз етудің нақты сипаттамалары негізінде дефолт жағдайындағы залалды есептейді. Дефолт жағдайындағы залал қамтамасыз етумен және қамтамасыз етусіз және халықаралық агенттіктердің деректері негізінде корпоративтік кредиттер портфелінің қалдығына қатысты кредиттерді өндіріп алу туралы соңғы қолжетімді статистикалық деректерді пайдалана отырып, ұжымдық негізде есептеледі.

